

Р Е В

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ
РЕВОЛЮЦИЯҢ

Стратегияның күдіреті

О Л Ю

ГЭРИ КИСИ

Ц И Я Ң

Қымбатты бауырласымыз,

Осы сабақтар сізге жарылқау болып, күш берсін деп мінәжат етеміз. Қолыңыздағы материалдарды достарыңызбен, отбасыңызбен, қауым мүшелерімен бөлісуіңізді сұраймыз. Сонымен қатар, FLNFree.com вебсайтында тағы да көп қосымша материалдар мен өз тіліңіздегі тегін сабақтар бар. Оларды жүктеп алуыңызға болады.

Құдай сізді қатты сүйеді! Жаратқан Иенің сіздің өміріңізге арналған керемет жоспары бар! Құдай Патшалығы қалай жұмыс істейтінін білгенде, өміріміз құлпырып, гүлдене түсті. Дәл солай сіздің өміріңіз де өзгеретініне күмәніміз жоқ!

Сүйіспеншілікпен,

Гари және Дренда Киси



P.S. Міндетті түрде FLNFree.com сайтын көріңіз. Онда сіздің тіліңізде жүктеп алуға болатын көп материалдар бар.

Р Е В

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ

Стратегияның күдіреті

О Л Ю

ГЭРИ КИСИ

Ц И Я Ң

Your Financial Revolution, The Power of Strategy, Kazakh

Copyright © 2022 by Gary Keesee

Originally published in English

Copyright © 2019 by Gary Keesee

ISBN: 978-1-945930-14-0

Gary Keesee Ministries,
P.O. Box 779, New Albany,
OH 43054, USA
GaryKeesee.com

This book is a FREE GIFT from Gary Keesee Ministries and is
NOT FOR SALE

Сенің қаржылық революцияң, Стратегияның құдіреті, қазақ тілінде

© 2022, Гэри Киси

Алғаш ағылшын тілінде басып шығарылған

© 2019, Гэри Киси

ISBN: 978-1-945930-14-0

Гэри Киси Қызметі,
П/Ж 779, Нью Албани,
Огайо 43054, США

GaryKeesee.com

Бұл кітап — Гэри Киси Қызметінен сыйлық. **САТУҒА АРНАЛМАҒАН.**

«Сенің қаржылық революцияң» сериясының үшінші кітабында Гэри Киси табысының негізін және Құдай Патшалығының ЕҢ МАҢЫЗДЫ құпиясын ашады. Ол – стратегияның құдіреті! Ауын қайда салатынын білсе, кез-келген адам балық ұстай алады. Құдайдың сізге қажет жауаптары бар, ал сіз бұл жауаптарды қалай естуге болатынын және оларды өміріңізде қалай қолдану керектігін білуіңіз керек. Бұл кітап дәл осы туралы.

АРНАУ

Бұл кітапты жұбайым Дрендаға арнағым келеді. Оның қолдауы, Құдайға деген құштарлығы, әрі өзіме және отбасымызға деген махаббаты маған ұзақ жылдар бойы жігер беріп келеді. Екеуіміз бірге арманның шынымен де орындалатынына көз жеткіздік!

- Гэри Киси

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 ТАРАУ. Біздің не істегенімізді қалайсың?	19
2 ТАРАУ. Патшалық	33
3 ТАРАУ. Қайран қалғандар	43
4 ТАРАУ. Ең негізгісі: мұнсыз үйден шықпаңыз	59
5 ТАРАУ. Киелі кітаптың дәлелі	77
6 ТАРАУ. Барлығы бөтен тілде мінәжат етеді ме?	87
7 ТАРАУ. Қазына сандығы	101
8 ТАРАУ. Алға бастыратын қиын жағдай	119
9 ТАРАУ. Бәсең, сабырлы дауыс	129
10 ТАРАУ. Аяндар мен түстер	143
11 ТАРАУ. Киелі Рух менің бастығым сияқты	157
12 ТАРАУ. Киелі Рухпен шомылдырылу үшін қалай мінәжат ету керек	173
СІЛТЕМЕЛЕР	175

КІРІСПЕ

Қолыңыздағы «Сенің қаржылық революцияң: стратегияның құдіреті» – «Қаржылық Революция» сериясының үшінші кітабы. Бас-аяғы серияда бес кітап болады, олардың барлығы 2005 жылы Албанияда өткізген конференцияның кеңейтілген нұсқасы. Дәл осы конференцияда менің өмірім күрт өзгерді. Сіз бұл әңгімені естіген болсаңыз, кіріспеден өтіп, бірінші тараудан бастап оқуыңызға болады. Естімесеңіз, онда көк тұман туралы әңгімені айтып берейін. «Көк тұман дейді ме? Бұл не?» деп ойлап отырған шығарсыз. Сұрағыңызды түсінемін. Оны көргенде мен де оның не екенін білген жоқпын. Бірақ Құдайдың құдіреті сонша, ол тұман тек Жаратқан Иенің Өзінен болуы мүмкін. Оқиға былай болды.

Үйленуім қарызбен басталып, келесі тоғыз жыл қарызбен өтті. Қарыз ғана емес, ақша қиындығына байланысты күйзеліс пен қорқыныштан көп қиналды. Өмірімізді осылай қаржыға уайымдап өткіземіз деп ойламап едік. Дегенмен, дәл осылай болып шықты. Алдымен қарапайым бензин несие картасын аштық. Ол бір Visa картасы, содан кейін он Visa картасына айналды. Visa карталарына төлей алмаған кезде, төлемдерімізді біріктіру үшін қаржы компаниясынан 28%-33% мөлшерлемемен несие алдық. Бірақ сонда да, карталарды тағы да қолдануға тура келді, ал қарызымыз тоқтамай өсе берді. Уақыт өте, қарызға бола бұғатқа салынған оншақты кредит карточкасы, қаржылық компаниядан алған екі қарыз, екі көліктің несиесі, салық төлемегеннен өкіметтің мүлкіме салған тыйымы және тағы басқа кішігірім қарызымыз болды. Тіс дәрігерінен, химиялық тазалаушылардан, ата-анамыздан, банктерден алған қарызды

санағанда, ондаған мың доллар шықты. Ол кездегі бар табысымыз – сақтандыру полистерін сатудан келген комиссия. Ақша мәселесінің отбасымызға түсірген салмағы сонша, мен стресстен өлердей болдым. Дүрбелең ұстамасына шалдығып, антидепрессант ішетін болдым. Бірақ ол еш ем болмады.

Қолымыздағының бәрі – ескі-құсқы, істен шыққан заттар, оның өзін тозған күйінде сатып алған едік. Көлігіміз – 200 000 мильден астам жүрген, әрең қозғалатын арба. Айына 300 доллар төлеп 1856 жылғы ескі үйді жалдап отырдық. Ескі терезелердің көбі сынған. Жөндеуге ақшамыз болмағандықтан, жарықшақтардың үстінен скотч жабыстырып қойғанбыз. Бірақ бұл да жеткіліксіз болды. Сырттағы жүзім ағаштарының бұтақтары терезеледің саңылауларынан үйдің ішіне кіріп өсіп тұрды. Әйелім Дренда оларды үй декорының бір бөлігі құсатып әдемілеп қоятын. Ұлдарымның жатын бөлмесіндегі кілем жол бойында қоқыс үйіндісінің арасынан табылды. Матрастарын қарттар үйінен алдық. Жиһазымыздың барлығы гараж сатылымынан немесе біреудің қоқыс үйіндісінен табылды.

Күнде ояна сала отбасыңды қалай асыраймын деп уайымдасаң, өмірдің берекесі қашады екен. Мен сол уайыммен күнде шошып оянатынмын. Қуаныш пен үміт дегенді ұмыттық. Күнкөрісімізді ойлаудан басқа ештеңеге шама болған жоқ. Дренда екеуміз тоғыз жыл бойы осылай өмір сүрдік! Тоғыз ұзақ жыл! Бір ай болсын, жарайды, әрі кетсе, бір жыл. Оны түсінуге болады. Бірақ тоғыз жыл? Тоғыз жыл осындай стресстен кейін халіңіз әбден нашарлап кетеді. Шыдамдылықтан түк қалмайды.

Осы тоғыз жыл бойы біз жақсы қауымға барып жүрдік. Онда кедейлік – Құдайдың еркі емес екенін естідік. Әрдайым ондығымызды беріп, шама келгенше, басқаларға көмек болуға тырыстық. Бірақ қаржылық жағдайымыз жақсарған жоқ. Құдайдың адалдығы және Оның уәде еткен молшылығы көрінбеді. Мен Көне Өсиетті жақсы білдім, сонымен қатар бір жылдан астам Киелі кітап мектебінде оқыдым. Жағдайымыздың дұрыс емес екенін білдім, бірақ ақырында бәрі өзгереді деп өз-өзімді жұбатып жүрдім. Тоғыз

ұзақ жыл бойы еш өзгеріс болмады. Қарыз жинаушылар күн сайын дерлік қоңырау соғып жатты. Дренда екеуміз әбден қажып, мұның бәрінен шаршап кеттік.

Онымен қоймай, дәрігерімнен қант диабеті болуы мүмкін деп естідім. Дәрігер аурудың барлық белгілері бар екенін айтты. Денсаулығым нашарлай берді. Ақша жоқ, барлық несие картасы жойылды, үйде тамақ жоқ. Үрей мен қорқыныштың үдеп кеткені сонша, үйден шығуға қорқатынмын. Өмірдің өзі азапқа айналды. Жұбайым күйеуімнен айырылып қалам ба деп, балалармен ата-анасының үйіне оралуды ойлай бастады. Дәл осы тұста, өмірімнің ең қиын кезеңінде өзгеріс келді.

Маған адвокат қоңырау шалып, төлеу керектігін еске салып отыратын. Оған қарызды төлеуге уәде берген едім, бірақ қолымда тағы да ақша жоқ. Сондықтан бір күні таңертең ол қоңырау шалғанда, шыдамы таусылған екен. «Үш күннен кейін ақшаңыз болмаса, мен клиентімнің атынан сізге қарсы сотқа шағым түсіремін». Дәл сол кезде бос уәденің енді өтпейтінін түсіндім. Төлейтін ақшам жоқ. Тіпті туыстарымыз да бізге бұдан былай қарызға ақша бермейді. Шарасыздықтан шағын жатын бөлмемізге баспалдақпен көтеріліп, төсектің үстіне жата кетіп, Құдайға жалбарындым. Бір таңқаларлығы, Ол бірден жауап берді. Біріншіден, Ол маған көп рет естіген және оқыған үзіндіні есіме түсірді, Філіпіліктерге 4:19:

«Ал Иса Мәсіхпен жүрген сендердің барлық қажеттеріңді де менің Құдайым Өзінің керемет байлығы бойынша қамтамасыз ететін болады».

«Әрине, мен бұл Жазбаны білемін» — дедім мен Жаратқан Иеге. «Бірақ бұл сөздің орындалғанын өмірімде көріп отырған жоқпын. Менің барлық қажетім әлі де қамтамасыз етілмеген». Құдай былай деп жауап берді: «Сенің қазіргі қиын жағдайыңа Менің еш қатысым жоқ. Менің Патшалығымның қалай жұмыс істейтінін білмейсің, сондықтан осы қиындықтың бәріне тап болдың». Тағы

бірнеше маңызды нәрсені естідім. Осылайша менің түсінгенімше, қарыз – Оның еркі емес. Құдайдан естігеніме қатты қуансам да, Оның Патшалығы туралы ештеңе білмегенімді мойындаймын. Киелі кітаптан біраз білімім болды, бірақ мен өмір бойы қателескен сияқтымын. Құдайдың осы айтқанын ести сала, Дренданы шақырып, одан кешірім сұрадым. Отбасына жауапты ер адам ретінде өзімізді осылай тығырыққа тірегенім – менің кінәм. Сосын екеуіміз де Құдайға сиынып, Оның Патшалығының қалай жұмыс істейтінін үйретуін сұрадық. Сонымен қатар, қарызға арқа сүйегенімізге тәубе етіп, ендігәрі қарызға тәуелді болмауға келістік. Бірақ, шын мәнінде, мен Киелі кітапты жақсы білсем де, Патшалық сол кезде мен үшін жұмбақ болды. Жаңа өсиетте «патшалық» сөзін Исаның дұғасында ғана есіме түсірдім.

«Патшалығың осында орнасын!

Сенің еркің көкте орындалғандай,

Жер бетінде де орындала берсін!» (Матай 6:10).

Сол кезде Құдайдың бізге шынымен не айтқысы келгенін түсінбедік. Бірақ біз Иемізді іздей бастағанда, Ол даналық берді. Біріншіден, бізге «патшалық» деген не және Құдай бұл терминді не үшін қолданғанын анықтау керек болды. Ол бізге не айтқысы келді? Біраз зерттеулерден кейін мен «патшалық» дегеніміз жай ғана бір топ адам емес екенін білдім. Бұл әлдебір үкімет не патшаның билігіне бағынып өмір сүретін адамдар. Шын мәнінде, «патшалық» сөзі патшаның әкімдігін білдіреді. Патшаның билігі немесе оның құзыры мен заңдары әрбір азаматқа оның үкіметі арқылы таралады. Осылайша мен бір маңызды нәрсені түсіндім: Құдай Патшалығы дегеніміз — үкімет.

Ал үкіметтердің заңдары бар!

Көптеген мәсіхшілердей, мен Құдайдың не істей алатынын дұрыс түсінбеген едім. Ол Құдай болғандықтан, қалаған кезде қалаған ісін істей береді деп ойладым. Кітаптың бұл тұсында бұл айтқаным қате

дерсіз, бірақ жалғастыруға рұқсат етіңіз. Мен Құдай қалаған кезінде қалағанының бәрін жасай береді деп сенгендіктен, жауапсыз қалған дұғаны Ол қабылдамаған өтініш деп түсіндім. Дұғаға қатысты бұл белгісіздік Ол жауап береді деп үміттенуден басқа шара қалдырмады. Осылайша, менің мінәжатымның басым бөлігі Құдайдың назарын аудару үшін жалбарыну және мейірімділік сұрап зарлау болды. Менің мұқтаждығым Оған жеткілікті маңызды көрінеді деп үміттенуге тура келді. Сондықтан, Оның Патшалығы – заңдары бар үкімет екенін және біз ол заңдарды үйреніп, қолдануымызға болатынын Құдай үйрете бастағанда, мен қатты қуандым. Мәсіхке келгенімде, Оның ұлы Патшалығының мұрагері және азаматы болғанымды білдім.

«Сонымен сендер енді не бөтен, не келімсек сияқты емес, Құдайдың халқы болып келген яһуди сенушілерімен бірдей, сол халықтың азаматысыңдар, тіпті “Құдайдың отбасысының мүшелерісіңдер”!» (Ефестіктерге 2:19).

Осы Жазбаны оқып, Оның Патшалығында менің заңды құқығым бар деп ойлағаным есімде! Бұл шынымен де сонша қарапайым болуы мүмкін бе? Америка Құрама Штаттарының азаматы ретінде менің белгілі бір құқықтарым бар. Ол құқықтарымды қолдану үшін, жалынып, сұраудың қажеті жоқ. Азамат екенімді дәлелдеу үшін ешбір ерекше сезімнің қажеті жоқ. Мен осында тұдым. Мен Құдай Патшалығында жаңадан туғанымда, сол Патшалықтың азаматы болдым. Енді мен Патшалықтың заңдарында жазылған әрбір заң мен артықшылыққа заңды түрде қол жеткізе аламын. Құдай маған осыны көрсете бастағанда, менің әлемім күрт өзгерді. Көрдіңіз бе, Дренда екеуіміз көптеген мәсіхшілер сияқты Патшалық пен Патшалықтың заңдарын түсінбедік.

Шындығында, біреу қиын жағдайға тап болған кезде мәсіхшілердің көбісі «Құдайдың еркі осы, Құдай бізден артық біледі, Құдай оны басқарып отыр» дейді. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: Құдайдың қиын жағдайды шешуге құдіреті бар, бірақ Ол араласқысы

келмейді, немесе араласпауға шешім қабылдаған. Құдайдың мінезін білмесе немесе Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін түсінбесе, осындай жалған түсініктің жетегінде кету өте оңай.

Осы ойға тоқталып өтейік. Егер банкте сіздің миллиард долларыңыз болса, «Менің миллиард долларым бар» деп айта алар едіңіз. Бірақ бұлай айтқанда, шынында дәл қазір қалтаңызда миллиард доллар жоқ. Сіздің ақшаңыз банк шотында, оны қолыңызға алу үшін сіз мекемеге барып, заңды процесті орындауыңыз керек. Құдай Патшалығы да сондай. Құдай отбасының мүшесі мен Патшалықтың азаматы ретінде, біз Құдайда бар күллі нәрсенің мұрагеріміз. Бірақ өзімізге тиесілі нәрсені алу үшін, заңды процестерді істеп шығуымыз керек.

Адамдардың көпшілігі Құдай Патшалығын және ондағы заңдар мен процестерді дұрыс түсінбейді. Сондықтан, өмірлеріндегі жағдай Құдайдың Сөзіне сәйкес болмаса, өздерін емес, Құдайды кінәлайды.

Менің бір түсінгенім мынау. Сіз Эмпайр Стейт Билдингтен секіргіңіз келеді дейік. Парашютсіз, еш сақтандыру жабдығынсыз. Бірақ қолыңызды құстың қанатындай қатты қақсаңыз, қауіпсіз жерге жететініңізге сенесіз. Әрине, бұл ақымақ трюктің нәтижесін білесіз. Оны қайдан білесіз? Себебі, тартылыс заңын түсінесіз. Тартылыс заңы бәріне бірдей ортақ, онда ешқандай жақтылық жоқ. Ол әр уақытта бірдей жұмыс істейді. Осы біліп, сіз әлгі істің нәтижесін дәл білесіз. Тура осылай, жарық қосқышын басқанда, электр тоғының заңдарын түсінгендіктен, шам жанады деп күтесіз. Мен ұшаққа отырғанда, оның ұшуын күтемін, өйткені аэродинамика заңын түсінемін. Осы заңдарға негізделіп, ұшақтар мен шамдар әр уақытта жұмыс істейді. Ол заңдарды үйреніп, қажетті нәтиже алу үшін қайта-қайта қолдануға болады. Құдай Патшалығы дәл осындай дәлдікпен жұмыс істейді.

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз

– 1 Жохан 5:14-15

Бізге сенімділік беретін аят осы. Егер біз Құдайдың еркіне сай әлдене сұрасақ, Оның бізді еститінін білеміз. Ал егер Оның бізді еститінін білсек, біз Одан не сұрасақ, соны аламыз. Көрдіңіз бе, заң шығарған – Құдайдың Өзі, сондықтан мен нәтижеге сенімді бола аламын. Ол Өз заңын міндетті түрде жүзеге асырмақ. Жазбада «Ол тілегімізге құлақ салады» деп жазылған. Оның мағынасы – сөзімізді құлақпен еститіндей тыңдау емес. Судья әділдік орнату үшін істі қалай қарастырса, Құдай біздің сұрауымызды да солай қарастырады. Судья өз сезіміне сүйеніп үкім шығармайды. Оның жұмысы – патшалық азаматтарының мүддесін қорғау үшін заңның орындалуын қадағалау. Осылайша, сот ісі басталмай тұрып, оның қалай аяқталатынын білуге болады.

Дренда екеуіміз Патшалықтың заңдарын қолдана бастаған кезде, өмірімізде таңғаларлық оқиғалар басталды. Шамамен екі жарым жыл ішінде біз қарызды толығымен төлеп шықтық. Бұрын бір кісілік арзан тамақты үш балаға бөліп берсек, енді жаңа көліктер үшін өз ақшамызбен төлеп, 55 акр (22 гектар шамасында) жерге өз үйімізді салып шығуға шамамыз жететін болды. Бірнеше компания құрдық, олар көп жыл өткеннен кейін әлі де жылына жүздеген мың доллар таза пайда өндіреді. Содан кейін Құдай Патшалығы туралы білгендерімізді басқалармен бөлісу үшін қауым аштық. Көптеген адамдар біздің білгенімізді білгісі келеді екен және Құдай Патшалығы ұсынатын жақсы өмірге қол жеткізгісі келеді екен. Патшалық туралы осы жақсы жаңалықтың арқасында қауымымыз бірнеше мың адамға дейін өсті.

Мені тыңдауға дайын әркімге Патшалық туралы күн сайын тәлім беріп жатсам да, ол туралы бұрын-соңды естімеген адамдарға да осы білімді жеткізгім келді. Тыңдаушыларым Патшалық туралы естіп, оның заңдарын түсініп, оларды өмірлерінде қолдану үшін, бір рет кездесу жеткіліксіз. Методистік қауымда өскен соң, сол кездегі тәжірибеме сүйеніп мен осы шешімге келдім. Жас кезімде қауымда апта бойы кешкісін жиналып, Ізгі хабар тарату жайлы тәлім тыңдайтынбыз. Сондықтан, бір апталық қаржылық тәлім жиналыстарын өткізуді

жөн көрдім. Бес кешкі жиналыс өткіземін деп ойладым. Мен бұрын Патшалық туралы осылайша жүйелі түрде дәріс берген емеспін. Оны қалай жеткіземін деп көп ойландым. Сонда да, бірінен соң бірі бес сабақты естіген адамның өмірі қалай өзгеретіні маған өте қызық болды. Осындай кездесуді өткізу жайлы дұға еттім, және Құдайдан мүмкіндік беруін сұрадым. Менің талабым оны бұрын естімеген адамдарға үйрету еді.

Бір күні түстен кейін мен Албанияда миссионер болып жүрген досымды кездестірдім. Әңгімеміз қауым мен қызметтің төңірегінде өрбіді. Сонан соң, Құдай маған көрсеткен нәрсе жайлы сөйлестік. Ларри сол жылы күзде Албанияда жыл сайынғы қызметкерлер конференциясын өткізуді жоспарлап қойған екен. Мені спикерлердің бірі болуға шақырды. Мен оған бес жиналыс өткізгім келетінін айтқан жоқпын, бірақ ол үш жиналыс өткізуді ұсынғанда, қатты қуандым. Ол кездегі Албания өте кедей ел болғандықтан, мен де, барғысы келетін басқа бағушылар да жолдарын өздері төлеу керек екенін айтты. Келісіп, 2005 жылдың күзінде Албанияға келуді жоспарладым.

Ақыры, жол жүретін күн келді. Мәсіхші болудың не екенін енді ғана білгелі жатқан бір топ адамға Патшалық жайлы тәлім бере алатыныма қатты қуандым. Албанияға келгенімде, Ларри мені әуежайда күтіп алып, спикерлерінің бірі келе алмағанын және мен үш емес, бес кеш бойы тәлім беретінімді айтты. Бұл Киелі Рухтың ісі екенін бірден білдім! Үш жиналыста айтатын сөзім дайын болды. Дұға етіп, мен оны тез арада қосымша тағы екі кешке ұзарттым. Елдегі ауыр кедейлік пен жемқорлықтан қиналып отырған халықтың сөзімді естігенде қалай жауап беретініне аздап қобалжыдым.

Бірінші жиналыста тыңдармандарым сөзіме аздап күдіктенгенін байқадым. Алайда, Құдайдың ақиқаты мен оны растайтын өзімнің куәліктерімді естігенде, жұрттың көңілі көтеріліп, жүректерін қуаныш баурап алды. Төртінші жиналыста олар естігендерін ұнатқаны сонша, дауыстап күліп, кейбіреулері қуаныштан айқайлап жатты. Бір қызығы, Жаратқан Ие бесінші жиналыста құрбандық жинау керек екенін айтты. Бұл маған біртүрлі көрінді, өйткені мен бұл адамдардың

кездесуге келуі үшін өзім ақша төледім. Келгендердің ақшасы жоқтың қасы екенін білдім. Бірақ ойлана келе, естігендерін жүзеге асыру үшін бұл жақсы мүмкіндік деп түсіндім. Ларриге құрбандық жинауды қалай ұсынамын деп аздап алаңдадым, бірақ ол тез келісе қалды. Әрине, жиналған құрбандықты өзім алмаймын, ол Албания қауымдары үшін көмек болып қалады.

Соңғы жиналыста мен алдында айтқан кейбір заңдарды түсіндіріп, сенімді қалай босатып шығаруға болатынын үйреттім. Қызметтің соңында құрбандықты жинай бастағанда, тәртіптің бәрі бұзылып кетті. Құдайдың майлауы залды толтырып жіберді. Халық айқайлап, билей бастады. Алдымызда құрбандық қоржындарын ұстаған төрт адам орындарында әрең тұрды. Халық құрбандық әкелген кезде, Құдайдың құдіретін сезгендері сонша, жылап, дірілдеп жатты. Мен мұндай жиналысты көрген емеспін!

Жиналыс біткенде, Ларри екеуіміз жаңағы құдіретті майлау мен адамдардың көңіліне таңданып бола алмадық. Құрбандықта екі толық қапшық ақша жиналғаны бірінші рет екен. Ларридің пәтеріне келгеннен кейін, жиналған соманы санай бастадық. Әдетте, құрбандық жинағанда, қапшықтың төрттен бірі толатын екен. Ларри қонақ бөлмедегі үстелге қапшықтарды аударғанда, кенеттен бөлмені ашық көк түсті тұман басып, мен бұрын-соңды сезбеген майлау пайда болды. Ештеңе істей алмай, жай ғана өз орнымызға отыра қалдық. Алдымыздағы үстелдегі үйілген ақшаға қарасам, ортасында ер адамның неке сақинасын байқадым. Ақшасы жоқ болса да, қолындағы барын берген адам екенін білдім. Осы кезде Жаратқан Ие маған тіл қатты.

«Менің қаржылық бата туралы келісімімді халықтарға үйретуге сені шақырамын. Қайда жіберсем де, оның ақысын Өзім төлеймін».

Осы сөзді естігенде, шамалы есеңгіреп қалдым. Үш күн ұйықтай алмадым. Құдайдың құдіретін келесі бірнеше апта бойы сезіндім. Басқа елден келген біреуді кездестіргенде, сол майлауды тағы сездім. Құрбандық Албан қауымдарда қалса да, үйге келгеннен кейін Ларри

маған қоңырау шалып, Құдай сақинаны маған жіберуді бұйырғанын айтты. Мен аң-таң қалдым. Ол сақинаны алғым келетіні туралы Ларриге ештеңе айтпасам да, ол Құдайдан естіп, оны маған жіберді. Бұл сақинаны Жаратқан Иенің маған айтқан сөздерінен естелік ретінде қалдырғым келді. Қазір ол сурет сияқты қабырғада ілулі тұр.

Огайоға үйге келгенімде, Ларридің досынан хабар алдым. Ол – Ютадағы үнді резервациясында шағын қауымның бағушысы екен. Албанияда болған оқиғаны естіп, өзінің қауымына да уағыз айтуға шақырды. Ондағы халықтың өте кедей екенін айтты. Қауымда небәрі 60 адам бар деді. Мен үшін ол кедергі емес. Баратын болдым.

Албанияда берген бес сабақты осы қауымда қайталадым. Осы жолы көк тұманды көрмесем де, жиналыста күшті майлау айқын сезілді.

Бұл жолы жиналған қаржы менің жеке қызметіме арналған еді, сондықтан мен ақша дорбасын алып, Огайоға қайттым. Кеңсеме келген соң, қаржыны санап, банк шотына салу үшін сөмкені хатшыма беріп, түскі асқа кеттім. Түскі ас үстінде ұялы телефоным шырылдады, қарасам – хатшым. Жауап бергенімде, ештеңе естілмеді. Қоңырауды аяқтайын деп жатқанымда, біреудің жылаған дауысы естілгендей болды. «Трейси?» деп хатшымды шақырдым. «Бағушы, Ютада бұл ақшаға не болды?» деп сұрады ол, дірілдеген даусымен. «Ол не дегенің?». Хатшым жауап берді: «Мен сөмкені ашып, ақшаны санау үшін үстеліме аудардым. Кенеттен Құдайдың майлауы мықты болғаны сонша, мен тұра алмай, жерге құлап қалдым. Шуды естіген екінші хатшы кабинетке жүгіріп келді. Бірақ Құдайдың құдіреті оған да солай тиді! Ақшаға не болды, бағушы?». Мен Ютада не болғанын және құрбандықты жинаған кездегі күшті майлауды айттым. Одан басқа ештеңе болған жоқ. Бұрын-соңды мұндай нәрсені естіген емеспін. Бұл не, бұның соңы не болатыны маған өте қызық. Өзім түсінбесем де, жиналыстан шыққан майлау сол ақшаға сіңгені көрініп тұрды!

Осылайша «Қаржы революциясы» деп аталатын

конференцияларды бүкіл елде, үлкенді-кішілі қауымдарда, біреу тыңдайтын кез-келген жерде өткізе бастадық. Көк тұманды кей жағдайда ғана көргенімізбен, майлау әрқашан өте күшті болды. Албаниядағы және Ютадағы қауымдарда жиналған қаржыға ұқсас, майлау осы конференцияларда жиналған құрбандықтың өзінде өте күшті сезілді. Жиналыстан кейін құрбандық есептеліп болғанда, жиналған ақшаның бір тиынын ұстаса да, Киелі Рухтың құдіретінен дірілдей бастауға болатын. Тағы бір байқағанымыз, ақша мен чектердің барлығы бірдей емес-тін. Әрқайсысы әртүрлі майлау деңгейінде болатын. Кейіннен бұл адамның сеніміне байланысты екенін білдім. Яғни, құрбандық тартқанда кімнің қанша сенімі болса, ақшаның өзінде де майлау сонша еді. Қандай керемет!

Бес кітаптан тұратын «Сенің қаржылық революцияң» сериясы Албаниядағы бірінші кездесу барысындағы алғашқы бес сабақты қамтиды. Кітаптар, әрине, бірінші конференцияға қарағанда біршама кеңейтілген. Сіз Патшалықты зерттей бастағанда, ол жаңа түсінік өмірге деген көзқарасыңызды өзгертеді деп сенемін. Дренда екеуімізде солай болды. Қолыңыздағы кітап – топтаманың үшінші кітабы. Бұны Албанияда үйреткен кезімде, ол «Киелі Рух арқылы берілген байлық» деп аталды. Мен бұл мәлімдеме бүгін де шындық деп есептеймін. Киелі Рухтың жетелеуімен қолданылған стратегиялар өміріңіздің гүлденіп кетуіне себеп болмақ. Осы кітап арқылы Киелі Рух сол стратегияларды жүзеге асыру үшін жерде қалай жұмыс жасайтынын үйренесіз деп үміттенемін.

1 ТАРАУ

БІЗДІҢ НЕ ІСТЕГЕНІМІЗДІ ҚАЛАЙСЫҢ?

Албаниядан үйге қайтып келгенде, аласапыран жағдайда болдым. Құдайдың өмірімізде жасағаны, онымен қоса Оның ашқанын халықтарға таратуды тапсырғаны – үш ұйқтасам да, түсіме кірмейтін нәрсе. Басқа халықтар дейді ме? Үйленгенде Дрендаға алыс жол жүргім, басқа жерде Ізгі хабар тарату үшін ел аралағым келмейді деп айтып едім. Әрине, Құдайдың жоспары басқаша болды. Халықтарға баруым керек. Оны қалай істеймін? АҚШ бойынша жұмыс істейтін өз ісім бар, бағушылық ететін қауымым бар, асырайтын отбасым бар, басқа да шаруаларым бастан асып жатыр. Ел аралап, уағыз айтатын мүмкіндік қайдан табылатынын түсінбеймін. Дегенмен, Құдайдың жоспары болды, ол жоспарға сәйкес ешқайда сапар шегудің қажеті жоқ. Ол менің ойыма кіріп шықпайтын да еді, шынын айтсам, ол туралы ойлағым да келмеді. Ол әдіс – теледидар.

Дренда екеуіміз теледидарға шығу жайлы ештеңе білмедік. Ол кезде қауым жиналыстарының видеобейнесі де жазылмайтын. Біртіндеп, Құдай келесі адымдарымызды көрсетіп отырды. Телеарнаға бағдарлама шығару тартымды болды. Бірінші білгенім, телеарна ұйымдастыру үшін ақша керек екен. Көп ақша керек. Бәрін бірге қосып санағанда, теледидарға шығудың бірінші жылы 300 000 доллар болатын болды. Мойындаймын, теледидар бағдарламаларының сонша қымбат болатынын ойламап едім. Бір

қиындығы, қауым бюджеті шегіне жетіп тұр. Қызметімізге арнап Now Center атты жаңа ғимарат салдық. Теледидарға төлеу үшін артық қаржы жоқ. Құдайға да солай айттым, теледидар үшін қауымның ақшасы жоқ дедім. Оның менімен келіскені есімде. Ол “Дәл осы себептен, Дренда екеуің төлейтін боласыңдар!” деді.

Төбемізден жай түскендей болдық. Қауымның алты-жеті миллион долларлық құрылысы жүріп жатыр. Now Center жобасының өзі таудай сенімді талап етті. Барлық ресурстарымыз сол жобаға жұмсалды. Онымен қоса, Дренда екеуіміз жобаға 250 000 доллар салып едік, ол ақшамыз әлі қайтқан жоқ. Оның үстінен тағы 300 000 доллар қосу мүмкін еместей көрінді. Бір жыл ішінде тым көп шығын.

Өмірмідегі осы кезең – Құдайдың бергені екенін білдім. Ол мені қайда жіберсе де, ол үшін Өзі төлейді деп сөз берген. Сол уәдесі ойымнан кетпейді. Дегенмен, қағаздағы сандарға қарасам, Дренда екеуіміздің бәрінің үстінен 300 000 доллар қалай төлейтініміз белгісіз.

**ҚҰДАЙ ӨЗ СӨЗІНЕ
АДАЛ ЕКЕНІН БІЛДІМ.
СЕНІММЕН КЕЛЕСІ
ҚАДАМДЫ ЖАСАУЫМ
КЕРЕК. ОЛ НЕ ІСТЕУ
КЕРЕГІН МАҒАН
КӨРСЕТЕДІ.**

Құдай Өз Сөзіне адал екенін білдім. Сеніммен келесі қадамды жасауым керек. Ол не істеу керегін маған көрсетеді. Осы шешім жайында еш күмәнім болған жоқ, еш ұайымдаған жоқпын деп айтқым келеді. Бірақ іс жүзінде тіпті олай болған жоқ. Қауым түскен әр тиынды ғимарат құрылысына салды. Менің

жеке қаржымның барлығы 250 000 долларды төлеу үшін жұмсалып отырды. Сол жылы өзімнің компаниям да көп қаржы талап етті. Теледидар жобасын бастау үшін 300 000 доллардың табылатын түрі жоқ!

Дрендамен бірге екі аптаға Гавайи аралына демалып қайтуды жоспарлап қойған едік. Демалыстан оралғанда, теледидар жобасын бастау үшін келісімшартқа қол қоюым керек. Әрине, Гавайиді өте жақсы көремін, бірақ қайтып келгенде осынау маңызды шешім

қабылдау керек болғанда, демалыста толықтай еркін сезіну қиын. Оны ойымнан шығара алмадым. Теледидарға шығудың қаржы жағын есепке алмағанда, камераға сөйлеу де қиын. Камера қосылса, екі сөздің басын қоса алмай қалатын сияқтымын. Жиналыстарда бірнеше мың тыңдарманға сөз сөйлей алсам да, камераның алдында маған ол әлдеқайда қиын. Осы құжынаған оймен шешім қабылдар алдында үреймен көп арпалыстым.

Құдайдан естігенімді нақты білсем де, ақша жоқтығынан қашып құтыла алмадым. Компаниямның қаржысы осы жылға әрең жетіп тұрды. Теледидар бағдарламасы қалай жүзеге асатынын білмеймін. Иә, қорқыныш болды, иә күмән болды. Оны білемін. Мұнда жасыратыным жоқ, шынымды айтып отырмын. Тек Құдайдың Сөзіне арқа сүйеп, жағдайдан жоғары көз тігіп, мықты сенімнің белгісі – сақинаға қарауым керек. Ол Өзім төлеймін деді ғой! Осы тұста жиналған құрбандықтардың бірінен алтын тиын табылды. Шыны керек, осы тиынды ұстағаннан бұрын өмірімде алтын тиын көрген емеспін. Тиынды ұстап тұрғанда, Құдай маған сөйледі. “Петірге салық төлейтін тиынды қалай көрсетсем, саған теледидар үшін төлейтін ақшаны солай көрсетемін”.

Гавайиге демалысқа барғанда, сол алтын тиынды ала кеттім. Жағалауда қыдырып, мінәжат еттім. Құдай теледидар мәселесін Өзі шешетінін естен шығармайын деп тиынды қолыма ұстап жүрдім. Әдетте менің мінәжат серуендерім былай өтетін. Рухтың құзырында біраз мінәжат еткеннен кейін, алаңдамай келісімшартқа қол қоюға батылдық пайда болатын. Бірақ кері қайтқанда 20-50 фут жүргеннен соң күмән қайтып келетін. Жоқтан ақша қайдан табылатынын ойлап, дұдамалға түсетінмін. Жағдайға қарасақ, қаржымыз жоқ, теледидарға қалай шығуды білмейміз, керек құрал-жабдығымыз да жоқ. Тізім жалғаса береді. Дегенмен, рухымда Құдайдың маған Албанияда айтқанына қайта орала бердім. Ол мені қайда жіберсе де, керегімді қамтамасыз етеді. Қазір мамыр айы, ал мұны іске асырамын десем, жылдың соңына дейін қолымда 300 000 доллар болуы керек. Бұл мәселе маған берілмес биік шыңдай.

Қорқынышқа қарсы тұру оңай емес. Бір жағынан Құдайдың уәдесі бар, басқа жағынан сенімді әлсірететін үрей бар. «Сен қаржылық тұтастық жайлы үйретесің, өзіңнің ақшаң жетпей қалса, жұрт не ойлайды?». Сонда мен жағалауға қайтып келіп, тағы да мінәжат ететінмін. Жүрегім жай тапқанша Құдайдың Сөзін қайталай беретінмін. Осылайша бір шешімге келе алмай, өз ойыммен арпалысып бір апта жүрдім. Сонан соң сенімділік пайда болды. Үрей сейілді, дүрбелеңге берілмейтін болдым. Дренда екеуіміз әлі де ақшаның қайдан келетінін білген жоқпыз, бірақ Құдайдың даусын естігенімізді анық білдік. Сондықтан демалыстан қайтып келгенде, келісімшартқа қол қойдым. Сөйтіп, теледидарға шығатын болдық.

Қаржы мәселесіне қатысты, бір таң қаларлық оқиға болды. Гавайиге барардан бірнеше ай бұрын Атлантада тұратын бір бейтаныс адамнан хабар алдым. Ол кісінің қолына менің кітабым түскен екен. Ол кезде мен кітабымды өзім басып шығаратынмын, сондықтан өз қаламнан басқа ол еш жерде сатылмайтын. Жұмыскерлерімнің бірі Атлантаға демалып қайтқан көрінеді. Сонда әуежайда танысқан бір адаммен жұмыс жайлы сөйлескен екен. Өзімен бірге менің кітабым болған соң, ол жаңа танысына кітапты сыйлаған.

Кітабым әлгі кісіні қатты қызықтырған екен, сол себепті ол менімен жеке сөйлескісі келді. Онымен ұзақ сөйлестік. Ол шетелде Ізгі хабар тарататын уағыздаушы екен. Ол кездесетін мүмкіндік бар ма деп сұрады. Бір айдан кейін Атланта әуежайында болатынымды айттым. Гавайидегі демалыстан кейін болатын іс-сапар еді. Кездесейік деп шештік. Ақыры кездескенде, өте жақсы әңгімелестік. Оның алыс жол жүргенде, басқа елдерде басынан өткізген кереметтер мен қауіптерді қызыға тыңдадым. Қаржы мәселесіне келгенде, ойымыз бір жерден шықты. Ол кісі менің кітабымды шынымен де ұнатқан. Қарызды төлеп шыққан әңгімем оған ерекше әсер қалдырды.

Сөйлескенімізде ол Шарлот қаласында теледидар бағдарламасына қатысып қайтқанын айтты. Менің қаржы жайлы оқиғам теледидар үшін өте жақсы көрсетілім болатынын да айтты. Кітабымды бағдарлама ұйымдастырушыларына беріп жіберуге және

мені олармен таныстыруға ұсыныс жасады. Мұның бәрі тіпті күтпеген нәрсе болды.

Танысымның айтқан теледидар бағдарламасы туралы мен естіген емеспін. Бірақ, бірнеше аптадан соң бағдарлама продюсерінен хабар алдым. Ол менің қатысуымды сұрады. Талаптың бірі бағдарлама кезінде сатуға болатын бір зат әкелу еді. “Қаржы революциясы” сабақтары жазылған бес CD дискілерім бар, соны ала баратын болдым. Олар дискілердің бағасына келіскеннен кейін, мен тауарды қамтамасыз етемін. Әрине, тікелей эфирде сату үшін топтамамды көтерме бағасымен ұсындым. Бағасы даналап сатқаннан төмен болса да, қызметім пайдасыз қалмайтын еді. Қуанышымызға орай, шоу өте сәтті болды. Дискілер топтамасы мың-мыңдап сатылды. Осының өзі менің теледидар жобам үшін бірнеше мың доллар әкелді. Келісімшартқа қол қойғанда, мен ақша табудың бұл әдісі жайлы ештеңе білген жоқпын.

Сонан соң тағы бір күтпеген жайт болды. Екі жыл бұрын қауымымызға бір адам келіп қосылған еді. Оның ол кездегі қаржылық жағдайы өте нашар болатын. Қауымға келгенде, ол үйінің шоттарын төлей алмай, баспанасыз қалған. Сол адам маған жолығып, теледидар бағдарламасы үшін төлеуге ұсыныс жасады. Қауымда Патшалық жайлы естігенін ол іс жүзінде қолданып, екі жылдың ішінде кедейлікті жеңіп тастаған. Ол теледидар қызметіне арнап 120 000 доллар табыс етті!

Дискілер сатылымы, қауымдағы досымның сыйлығы және басқа да адамдардың көмегі арқасында Дренда екеуіміз теледидар жобасының бірінші жылына төлеу үшін өз қалтамыздан бір тиын шығарған жоқпыз! Құдай Өз Сөзіне адал. Ол төлеймін дейді және төлеп шықты. Жақсы, мәселенің бір жартысы шешілді. Алайда, тағы бір мәселе бұдан оңай емес еді. Алдында айтқанымдай, теледидарға түсу жайлы мен ештеңе білмейтінмін.

Сол жылдың күзінде Дренда әйелдер конференциясына барып келді. Кездесуді ірі қауым ұйымдастырды, адам көп болды.

Конференцияда Дренда маңызды қонақтармен жекеше бөлмеде кездесуге шақырылды. Дренда үшін бұл зор мәртебе. Ол жүздесуді жұбайым асыға күтті. Бір отырыстан кейін, түскі ас кезінде, Дренданың жанына бейтаныс бір әйел отырды. Кішкене сөйлескеннен кейін, әйел күтпеген жерден «Сіз теледидарға әлі шықпап па едіңіз?» деді. Дренда қатты таңқалып, «Жоқ, бірақ жақын арада бір жоба бастайын деп жатырмыз» деп жауап берді. Сонда әйел «Сізге бір танысымның нөмерін берейін. Ол теледидар жобасымен көмектесе алады» деді. Дренда ол адамның нөмері мен электрондық адресін қағазға жазып алды.

Конференциядан кейін екі апта өтті. Қағаз сөмкенің бір бұрышына түсіп кетіп, әйелім ол қағаз туралы ұмытып кетті. Бір жолы кешке қағаз көзіне түсті. Дренда әлгі кісіге электрондық хат жіберді. Ол жобаға қатысуға ынта білдіріп, менің “Қаржылық революция” диск топтамамды сұрады. Дискілерді жібердік. Бір-екі аптадан соң оның көмекшісі бізге қоңырау шалып, ол кісінің көмектесуге дайын екенін айтты. Жақын арада жыл сайынғы National Religious Broadcasters конференциясы өтеді екен, сонда кездесетін болдық.

Дренда екеуіміз көлікке отырып, конференцияға кеттік. Сәл қобалжығанмыз бар. Кездесуге арнап мен жаңа қара түсті костюм сатып алдым. Кездесудің қалай өтетінін білген жоқпын. Ол бізді өзі тоқтаған отельге шақырып, сондағы залда кездесуді ұсынды. Залға кірер алдында ес жию үшін отель вестибюлін бір-екі рет айналып шыққанымыз есімде. Кіргенімізде, бізді күтіп отырған бір топ адамды көріп таңқалдық. Орындықтар жарты шеңбер құрып қойылған, біз ең алдына, отырғандарға қарсы жайғастық. Жиналғандардың ешқайсысын танымаймыз. Барлығы кәсіби мамандардай, өте жақсы киінген.

Сәлемдесіп, өзімізді таныстырудан бастадық. Бұдан соң олар біздің теледидарға шығу жоспарымыз жайлы сұрай бастады. «Сонымен, неге теледидарға шыққыңыз келеді?» деп сұрағандары әлі есімде. О баста білмесем де, жиналғандар – теледидар өнеркәсібінің әр түрлі салаларында жоғары деңгейлі басшылар екен. Біз хабарласқан адамымыз да болды, әрине, бірақ одан басқа продюсерлер,

маркетинг мамандары және өзгелер қиын сұрақтар қойды. Жалпы алғанда, кездесу жақсы өтті деп ойлады. Біз әлдебір ерекше әсер қалдыруға тырысқан жоқпыз. Өмірмізде Құдай не істегенін шындап айтып бердік. Олар біздің жоспарымыз бен талпынысымызды ұнатқан сияқты. Бірнеше аптадан кейін тағы хабарласып, істің егжей-тегжейін талқылайық де келістік.

Бір-екі аптада қайта сөйлестік. Осы жолы теледидар бағдарламамыз үшін нақты жоспар құрып, алға жылжыдық. Дренда екеуіміз шоуды үйімізде түсірсек те болады деген қорытындыға келдік. Әуеліде хабарласқан кісіміз үйімізге келіп, оның түсірілімге жарайтын-жарамайтынын көріп кетуін сұрады. Сөйтіп, келесі кездесу үйімізде өтетін болды.

Әлгі кісі үйімізге келгенде, бәріміз отырып сөйлестік. Осы кезге дейін бұл адамның теледидарға қалай жұмысқа тұрғанын білген жоқпын. Бар білгенім – Дренда қатысқан конференцияда бір әйел оның нөмерін берді. Отырып сөйлескенімізде, ол қай бағдарламалар мен шоуларды түсіргенін, қазір қай жобалармен айналасып жүргенін айтып берді. Барлығы да өте танымал, бәріміз білетін атаулар! «Құдайым-ай, бұл адамды сонау Лос-Анджелестен ешкім білмейтін, кішігірім бір қаладағы менің үйіме қалай әкелдің?» деп таңқалып отырдым. Ол өте орынды бағаға шоуды толықтай өзі түсіріп, өңдеп, теледидарға шығаруға келісті. Бастапқыда шоуды үйімізде, қонақ бөлмесінде түсіретін болдық.

Жазылымның бірінші күні де келіп жетті. Қобалжығанымды мойындаймын. Алдында жазғанымдай, теледидарға түсуде еш тәжірибем жоқ. ТВ бағдарламасы қалай құрастырылатынын білмеймін. Тек камераның алдында сөйлеп көрген емеспін. Мұның бәрі мен үшін жаңа дүние. Патшалық жайлы білгенімді басқалармен бөлісуге қуана асықтым, бірақ телевизия дегенің маған үлкен бір қиындық болды. Оны жеңіп шығуым керек еді.

Ең бірінші түсірілім күні жүректі ауыртатын өте қайғылы оқиға болды. Бұл жайт бәрімізге қатты тиді. Апта бойы көрсетілетін

**«КЕЙБІРЕУЛЕРІҢ АЗАП
ШЕККЕНДЕ, ҚҰДАЙҒА
СИЫНСЫН».**

– ЖАҚЫП 5:13

жазылымдарды түсіру үшін жіберілген продюсер жұмысын бітіріп, түн ортасында қайтты. Үлкен өкінішке орай, оның кіші ұлы көлік апатына түсіп, мерт болды. Көршісінің көлікпен артымен жүріп

бара жатқанын байқамай, дөңгелектің астына түскен. Продюсермен бірге болған көмекші жағдайды бізге түсіндіріп берді. Түсірілім біткенге дейін біз ол жайлы ешкімге айтпаған жөн деп шештік. Қалай болса да, ол оқиғадан өттік. Сол күні үш шығарылым түсіріп, теледидарға шықтық! Керемет!

Телебағдарламамызды бастағанда, эфирге қалай әрі қарай төлейтінімізді білмедік. Бірақ, Құдай бізді тастамады. Алғашқыда жобаны бастауға керек 300 000 доллармен шектелмей, бағдарламаны жалғастыру үшін де қаржыны қамтамасыз етпек. Көп нәрсені үйренуге тура келді. Білесіз бе, басқалар біздің теледидар қызметімізге қаржы «егеді» деп ойлаған емеспіз. Өте аңқау едік.

Бағдарламамыз эфирге шыққаннан кейін көп ұзамай хатшым Трейси кеңседен қоңырау шалды. Мен жауап бергенде, көңілі толқып кеткенін білдім. Даусы дірілдеп тұрды. «Бағушы, шоуды көрген бір кісі бізге 500 долларға жек жіберді» деді ол. «Мен чекті қолыма алғанда, үнді резервациясынан келген ақшадағыдай майлауды сездім». Мен: «Бұл әзіл ме? Біреу шынымен бізге ақша жіберді ме?» деп мен тұтығып қалдым. Бағдарламаға қолдау көрсету үшін көрермендер бізге ақша жіберетіні менің ойыма кіріп шыққан жоқ. Дегенмен, Құдайға алғысым шексіз, адамдар ең басынан бастап қазірге дейін ақшалай көмек жіберіп жатыр! Әлемнің түкпір-түкпірінен, әр уақыт белдеуінен сағат сайын қолдау келеді! Әрине, қызметтің ауқымы өскен сайын, шығын да өсе береді. Қазіргі таңда жылдық шығын бірнеше миллионнан асты, бірақ Құдай әрдайым сөзіне берік. Ол шотты әрдайым төлеп тұрады.

Бұл кітап Құдайдың Рухын тыңдап, Оған өміріңізді бағындыру туралы. Біздің теледидар туралы әңгімеміз Киелі Рух адамның бұрын

армандап көрмеген нәрсесіне қалай жетелейтінін көрсететін жақсы мысал. Құдайдың өмірімізде жасағанының барлығы – тек Патшалық туралы білгеніміздің арқасында емес, сонымен қатар, Құдайдың соңынан еріп, Оның берген бағыт-бағдарын ұстанып, Оның даналығы мен жауаптарын естудің арқасында. Мен Киелі Рухты ести алмасам, теледидар жобасы мүмкін болмаушы еді. Бәріміз кейде қиын жағдайға тап боламыз. Үміттен айырыламыз. Бірақ, жауап Құдайда.

*“Кейбіреулерің азап шеккенде, Құдайға сиынсын”
(Жақып 5:13).*

Неге сиыну керек? Құдайдан мәселенің жауабын, шешімін есту үшін, дұрыс бағыт алу үшін. Дренда екеуіміз көп рет түсінгендей, қиындық туғанда, Құдай біздің ең батыл арманымыздан да асып түсетін керемет жасай алады. Ол сізге бірегей және кейде ақылға сыймайтын шешімдер мен стратегияларды береді. Осылайша, шешімі жоқтай көрінетін мәселелерді де жеңіп шығатын боласыз. Көп жағдайда, Құдайдың даусын естуге деген қабілетіңіз жетістік пен сәтсіздіктің, өмір мен өлімнің арасын шешетін болады. Бұл кітапта мен Киелі Рухтың даусын қалай естуге болатыны туралы көп сөз жүргіземін, ал қазір қиын жағдайда Ол қалай көмектесетініне тағы бір мысал келтірейін.

Now Center ғимараты 6,5 миллион долларлық жоба еді. Оның құрылысын бастағанда біз 2,5 миллион жинап, банктан кішкене қарыз алдық. Құрылыстың өзі 18 айға созылды, ол уақытта да қаржы жиналды. 550 мүшелік қауым үшін бұл өте ірі жоба еді. 2007 жылы күзде бірінші кірпіш қаланды. Бәрі жақсы жүріп келе жатты. Сосын әлем 2008 жылғы экономикалық дағдарысқа ұшырады. Бірақ біз онда да тоқтамадық. Барлығы қатты қымбаттап кетті! Құрылысымызға керек болатын бағасы әуелгі ұсыныстан 300 000 долларға артық болып шықты. Бұл бір-ақ мысал. Сол жылы тауарлардың бағасы көтеріліп кеткеннен, бүкіл жобаның құны алғашқы жоспардан бірнеше есе асып кетті.

2008 жылдың соңына қарай, дағдарыс күшейе түскенде, қаламыздағы, тіпті ел бойынша банктердің барлығы берілетін қарыз көлемін қысқартып тастады, ал күні бұрын алынған қарыздың дереу төленіп шығуын талап етті. Бір күні құрылысқа жауапты адамымыз банкте алдын-ала қабылданған төлем жайында сөйлесуге бізге жолыққы. Ол қосалқы мердігерлерге және басқа төленбеген шоттарға жұмсалып кеткен ақшамен төлеуі керек болды. Яғни, қазір керек ақша жұмсалып кеткен. Бір миллион долларлық чек алдын-ала бекітілген банктік қаржыландыру есебінен жабылуы керек еді, өйткені біз сол кезде қаражаттың қолма-қол бөлігін тауысқан едік. Бірақ банк тарапынан ешқандай чек болған жоқ. Банк өз ұсынысын кері қайтарып алып, несие көлемін қысқартып тастағанын көргенде аң-таң болдық. Бұл тек қана біздің банк емес, барлық басқа қаладағы әрбір банк та осы амалға жүгінді. Жергілікті газетіміздің сол аптадағы басты тақырыбы біздің банк болды. Олар бір аптада 550 қызметкерді жұмыстан шығарып, қаржылық дағдарыстан аман қалу үшін күресті.

Сонымен, біздің бас құрылысшымыз қосалқы мердігерлерге ақы төлеуі керек. Бұрын пайдаланған материалдардың ақысын төлеуі керек. Әлгі бір миллион долларлық чек болашақтың қажеті үшін емес еді. Ол бұл миллионды жұмсап қойған! Яғни, біз құрылысшыға төлей алмасақ, ол көптеген компаниялар мен отбасыларға төлей алмайды. Олар ақшасыз қалады. Біз сияқты, бас құрылысшы да банк өз міндеттемелерін орындап шығады деп сенді. Ал қазір ше? Не істейтін болдық? Менде миллион доллар жоқ. Қауымдағы адамдардан ақша сұрағым келмейді. Оған қоса, теледидар бағдарламамыз басқа да көптеген желілерге шыққандықтан, теледидар жобасы да қымбаттай бастады. Енді біздің эфир уақытымыз айына 50 000 доллар тұратын. Жақып 5:13-те айтылғандай, сиынудан басқа амал қалмады!

Сол арада жеке кәсібім арқылы біз Гавайиге тағы бір сапар ұтып алдық. Жол жүрерге бірнеше күн қалғанда, банк несиемізді жойып тастағанын білдім. Мауиге ұшар алдында әуежайдан өтіп бара жатып, әлі де аздап есеңгіреген күйде болғанымды мойындаймын. Әртүрлі ойлар құжынады. Еңсем түсіп, уайымнан шаршап, бәрінен

бас тартайын деп жатқанда, Құдайдың даусын естідім. Ол: «Таяғыңды көтер!» деді. Мен тоқтап, бұл сөздің мағынасы не деп ойланып қалдым. Кенеттен түсіне кеттім.

Мысырдан шығу кітабындағы әңгіме есіңізде ме? Исраилдіктердің артынан Перғауынның әскері қуып келе жатқанда, олар Қызыл теңізге келіп тірелді. Шегінерге жол жоқ. Осы кезде Құдай Мұсаға дәл осы сөзді айтты. Ол Мұсаға таяғын қолына ұстап, теңіздің үстіне созуды бұйырды. Мұса таяғын көтергенде, теңіз қақ бөлініп, Исраилге қашып құтылуға жол ашты. Мұсаның қолындағы таяқ Құдайдың оған берген уәделерін, сондай-ақ Құдайдың тапсырмасын орындау үшін берілген биліктің белгісі болды.

Сол кезде Құдайдың маған не айтып тұрғанын білдім. Мен қауымның жетекшісі, бағушысы болдым. Маған бұл жағдайды шешуге өкілеттік берілген. Мен билігімді алып, орнымнан тұрып, шешім табуым керек болды. Біз Гавайиге келгенде, мен басқаның бәрін қойып, тек мінәжат еттім. Түнде ұйықтай алмадым. Рухым жай таппады. Керек жауабымды табу үшін күресіп жатқанымды білдім. Ақырында, Дрендаға бір ой келді. Әйелім бұл ойдың Құдайдан келгеніне күмәнданған жоқ. Әйелім үшін Құдайға шүкір! Құдай Дренда арқылы сансыз рет маған қажетті шешімдер мен жауаптарды берді. Әйелім маған қаншалықты қымбат екенін және оны қаншалықты сүйетінімді айтып жеткізе алмаймын. Ол ешқашан қиындыққа берілмейді!

Оның жоспары қарапайым, бірақ терең болды. Жоспардың іс болатынына еш дәлеліміз болмады, сонда да оны жүзеге асыратын болдық. Идеямыз – презентация жасап, біздің банктен емес, құрылысшының банкінен несие беруін сұраймыз. Презентация банкке біздің кім екенімізді және несие неліктен екі жақ үшін де жақсы мүмкіндік болатынын түсіндірді. Әрине, ақшаның шынымен де қолға түсуі ықтимал деуге болмайды. Айтқанымдай, қаладағы әрбір банк барлық несие беруді тоқтатты. Бірақ, біздің ойымызша, егер біздің құрылысшы компания қаражат алмаса, ол өзін-өзі банкрот деп жариялайды. Ол жағдайда, компанияның банктегі барлық несиелері

дефолт қаупіне ұшырайды. Бұл банк үшін өте тиімсіз, әрі қымбат. Сол себепті банк оған жол бермеуге тырысады деп ойладық. Тағы да айтамын, бұл біздің банк емес, олардың бізбен ешқандай қарым-қатынасы да, тарихы да болған жоқ.

Сөйтіп, біз аймағымыздың демографиясы мен ауданның қаншалықты жылдам дамып бара жатқанын егжей-тегжейлі көрсететін флип-чарт жасадық. Банкке өткен жылдардың қаржылық есептерін және болашақта күтетін табысымызды көрсеттік. Сондай-ақ біз ғимаратымыздың қауым қызметтерінен тыс қалай табыс әкелетінін, теледидардан түсетін табысымыздың қаншалықты жылдам өсіп жатқанын және оларды қызықтыра алатын басқа да нәрселерді көрсеттік. Осы қиын-қыстау кезеңде біздің ұсынысымыз қауіпті болса да, банкке өте тиімді болады деп сендіргіміз келді. Сондай-ақ құрылысшы компанияға ақы төленбесе, ол ықтимал шығындар қаупіне ұшырауы мүмкін екенін айтқымыз келді, ал біз «оларға көмектескіміз келеді». Банктің коммерциялық несие бөлімін басқаратын вице-президентпен кездесуді өтіндік. Сиынып, оның кабинетінде жүрдік. Тапқан амалымыз – Киелі Рухтың бізге берген жоспары екеніне сеніп, келіссөз бастадық.

Таңқаларлық жағдай, презентациямыздан кейін басшы көмекшісіне қауым үшін 500 000 доллар көлемінде чек жазып беруді бұйырды. Бұл әдеттен тыс шара екенін, негізінде іс олай жасалмайтынын айтты. Еш келісімшарт болған жоқ. Еш қағаз толтырған жоқпыз. Тек қана 500 000 доллар көлеміндегі чек. Вице-президент тағы да 500 000 доллар алу үшін келісімшарт жасау керек, бірақ оған алаңдаудың қажеті жоқ деді. Шешім қабылдаған вице-президенттің өзі болған

**ҚҰДАЙ ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ
КЕРЕМЕТ ҚҰДІРЕТІНЕ
ҚОЛ ЖЕТКІЗГІҢІЗ КЕЛСЕ,
КИЕЛІ РУХТЫҢ ДАУСЫН
ЕСТУДІ ҮЙРЕНУІҢІЗ
КЕРЕК.**

соң, ол қаражат та тез арада берілуі керек. Дәл солай болды. Біз құрылыс компаниясына бір миллион доллар төледік те, ғимаратты бітірдік.

Дренда екеуіміз 500 000 доллар чекті қолымызға алып, үйге кетіп бара жатқанда қалай сезінгенімізді

сипаттау мүмкін емес. Қуанышымыз қойнымызға сыймады! Көңіліміз керемет болды! Сол сәттің сезімін айтып жеткізетін сөз болмаса да, Киелі Рухтың жасағанына қатты таңқалғанымыз рас. Ең әуелі құрылысшымызға хабарластық. Жақсы жаңалықты естігенде оның даусындағы қуаныш әлі күнге дейін есімнен кетпейді. «Не істедік дейсіз?» деп ол да аң-таң. «Банктен сол мезетте чек алып қайттыңыз ба?». Екеуіміз де ол Құдайдың ісі екенін білдік.

Ол қалай мүмкін болды? Киелі Рухтың арқасында! Достым, сізге керек жауап, шешім, бағыт-бағдар Құдайда бар. Құдай Патшалығының керемет құдіретіне қол жеткізгіңіз келсе, Киелі Рухтың даусын естуді үйренуіңіз керек. Бұл кітаптың басты тақырыбы осы.

Өмір бойы Киелі Рухтың жетелеуімен жүру – Джеймс Бондтың кез-келген фильмінен де күшті! Тура фильмдегідей, қанша жерден қиын жағдай болса да, соңында кімнің жеңетінін білесіз.

2 ТАРАУ

ПАТШАЛЫҚ

Адам күлетіндей көптеген қисынсыз сот істері туралы естіген шығарсыз. Көбінесе, оларды ешбір сот қарастырмайды да. Бір мысал келтірейін.

Колорадо түрмесіндегі тұтқын Ұлттық Футбол Лигасына қарсы 88 миллиард (иә, миллиард) доллар сот ісін аспақ болған. Бұл іс Даллас Ковбойс пен Грин Бэй Пакерс футбол топтары арасындағы плей-офф ойыны кезінде реферидің шығарған шешіміне байланысты. Рефери ойыншы Дез Брайанттың (Ковбойлар тобынан) доп ұстағаны ойын ережесіне қарсы екенін анықтады. Сотқа берген тұтқын бұл шешіммен келіспейді. Оның арызында Лига өкілдерінің немқұрайлы әрекет еткені және олардың міндеттерін бұзғандығы айтылған. Тұтқын неліктен 88 миллиард доллар талап етіп отыр десеңіз, мистер Брайанттың жейдесінің нөмірі 88 екен.¹

Ақылға қонымсыз, солай ма? Менің ойымша, бұл сот ісі ешқайда жылжымайтынын бәрі түсінеді. Бірақ сот ісінің ашылатынын немесе ашылмайтынын қайдан білеміз? Law.com сайтына сәйкес, істің соттан шығарылуының екі негізгі себебі бар. Біріншіден, оның юрисдикция тұрғысынан бір қатесі бар болуы мүмкін, екіншіден, істің заңға сәйкес негізі болмауы мүмкін. Бұл кітап Киелі Рух туралы, мен неге құқықтық мәселелерді қозғап жатырмын? Өйткені, егер Киелі Рухтың өміріңіздегі қозғалысын көргіңіз келсе, заңның не дейтінін анық білуіңіз керек. Құдай Патшалығы осындай. Ол Патшалық

заңдарының аясында әрекет ететін патшалық. Осы сериядағы бірінші екі кітап «Сенің қаржылық революцияң: келісімнің құдіреті» және «Сенің қаржылық революцияң: тыныштықтың құдіреті» деп аталады. Онда мен Құдай Патшалығының юрисдикция мен заңға қатысты жұмысының негіздерін баяндадым. Бірақ Киелі Рухқа қатысты не айтып тұрғанымды түсіну үшін кері қайтып, кем дегенде осы принциптерді еске түсіргеніміз жақсы болар еді. Сізге бірнеше сұрағым бар.

Сонда Иса оларға: «Өз ел-жұрты мен үй ішінен өзге жерде пайғамбар қадірсіз болмас», — деді. Содан да Иса сол жерде бірқатар науқас адамдарға қолын тигізіп сауықтырғаны болмаса, басқа кереметтер жасай алмады, әрі жұрттың сенбеушілігіне таңғалды.

– Марқа 6:4-6

Иса осы үзіндіде адамдарды неге емдей алмағанын айта аласыз ба? Ең жиі естілетін стандарт діни жауап — науқастарды емдеуге Құдайдың еркі болмады. Ең дұрысын Құдай біледі, Ол оларды сауықтырғысы келсе, емдеуші еді, солай емес пе? Ол Құдай ғой. Ол жерде емделуді қажет ететін, бірақ емделмеген адамдар болды деп ойлайсыз ба? Менің ойымша, бұл мәтінде де анық көрінеді. Исаның адамдарды емдей алмағанының себебін білу – өте маңызды сұрақ, оған жауап беру керек. Оқиғаның қорытындысын оқысақ, Исаның айтуынша, адамдардың сенімі болмаған соң, олар өздеріне қажетті емді қабылдай алмады. Адамдардың жарылқауды қабылдай алмағаны жөніндегі Исаның бақылауы мен қорытындысын түсіну үшін, келесі нәрселерді ұғуымыз керек. Сенімнің не екенін және Құдайдың Патшалығы жерде әрекет ету үшін неге сенім талап етілетінін түсінуіміз керек.

Қорытынды жасайық. Исаның айтуынша, мәселе күштің жетіспеуінде, немесе Құдайдың еркінде емес еді. Бұл юрисдикция

мәселесі, яғни заңға қатысты мәселе болды. Асылында, науқастарды емдеу үшін көктің әрекет етуге заңды негізі болған жоқ. «Мынау не деп тұр?» деп кітапты бөлменің арғы шетіне лақтырмай тоқтай тұрыңыз. Ойымды түсіндіруге маған бір минут беріңіз.

Құдай Адам ата мен Хауа ананы жаратқанда, оларға жерде үстемдік жүргізуге толық және абсолютті билік берді. Келесі үзінді менің сөзімді растайды.

Оны періштелерден сәл төмен қойдың, құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың, бәрін де оған бағындырып бердің. Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ.

– Еврейлерге 2:7-8

Киелі Кітап адамға құрмет пен салтанат тәждей сыйланды дейтініне назар аударыңыз. Яғни, «тәж» Адам атаның шүбәсіз билігіне меңзейді. Әрине, Адамның айналасында көзге көрінетін жарқырау немесе нұр болуы мүмкін деп болжауымызға да болады, бұл жай ғана ой. Адам Құдай Патшалығының даңқы (майлануы және Патшалықтың ұлылығы) мен құрметіне (билік дәрежесіне) ие болды. Осы екі нәрсенің арқасында ол Құдай Патшалығының атынан жер бетіне билік жүргізді. Адам жаратылғанда жер бетінде болған шайтан адамды жек көріп, оның билігіне құмар болды. Адамның толық үстемдігі болғандықтан, шайтан Адам атадан билік тәжін тартып ала алмайтын білді. Адам тәжден (биліктен) өз еркімен бас тарту үшін жау қандай да бір айла ойлап табуға мәжбүр болды.

Осылайша шайтан Хауа ананы алдады, ал Адам оның соңынан еріп, Құдайға қарсы шықты. Нәтижесінде олар Құдай Патшалығындағы мәртебелерін жоғалтты. Дұшпанға еріп, олар енді шайтан патшалығының билігінде болды. Осы тұста сіз: «Құдай Неліктен шайтанға жұмаққа кіруге рұқсат берді?» деп сұрауыңыз

мүмкін. Онсыз болмайтын еді. Білемін, бұл жауап сізді таң қалдыруы мүмкін, бірақ оның шындық екеніне көз жеткізесіз. Жаратылыс 2:8-9-ға қысқаша көз жүгіртейік.

Құдай Ие шығыс жақта, Едем деген жерге пейіш бағын орнатып, Өзі жаратқан адамды сонда орналастырды. Құдай Ие көз тартарлық, жеуге жақсы жеміс беретін әр түрлі ағаштарды жерден өсіріп шығарды. Бақтың ортасында «мәңгілік өмірді сыйлайтын ағаш» және «жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш» та өсіп тұрды.

– Жаратылыс 2:8-9

Осы үзіндіні оқи отырып, Құдай жақсылық пен жамандықты танытатын ағашты бақтың дәл ортасына, өмір ағашының жанына неге орналастырды дегеніміз жақсы сұрақ. Негізінде, Құдайдың шайтанның аумағына басып кіруін заңды ету үшін Құдай адамға өзіне немесе шайтанға қызмет ету таңдауын беруі керек еді. Құдай заңды түрде шайтанның қол астындағы жерге кіріп, онда адамды орналастыра алмады. Мұны заңды ету үшін, адам кімге бағынғысы келетінін өзі таңдауы керек. Адам Құдайды, өмір ағашын таңдаған кезде, шайтанға үстемдік жүргізетін болады. Сондықтан, жақсылық пен жамандық ағашы өмір ағашының дәл қасына қойылуы керек еді.

Осында бір маңызды нәрсені айта кеткеніміз жөн. Адамның тәуелсіз еркі болмаса, оның жерге келуі мүмкін емес еді. Білемін, мәсіхшілік қауымдардың көбісінің айтуынша, Құдай Өзін кім жақсы көретініне көз жеткізу үшін бізді ерікті қылып жаратты. Бұл мәлімдемеде аздап шындық та бар шығар. Бірақ, ең бастысы, таңдау мүмкіндігі болмаса, бұл заңсыз болар еді. Егер адамға тәуелсіз ерік-жігер берілмесе, оны жерге орналастыру мүмкін емес еді. Осы талқылауда айтатыным әлі көп, бірақ бұл тақырып менің алдыңғы екі кітабымда қарастырылды.

Осылайша Адам шайтанның өтірігіне еріп, Құдай Патшалығынан

айырылады. Жаратылыс 3:17-19-да Құдай адамға қарсы тұрады:

Сенің кесіріңнен жердің топырағын қарғыс атты! Бұдан былай тамағыңды өмір бақи бейнет шегіп топырақтан өсіріп жейтін боласың. Жердің топырағы саған тікенектер мен ошағандарды қаулатып, сен далада өсетін дәнді дақылдармен қоректенетін боласың. Өзің жаратылған жердің қойнына қайтып кіргенше, жейтін наныңды маңдай теріңді төгіп жүріп табатын боласың. Сен топырақтан жаратылдың, қайтадан топыраққа айналасың!

— Жаратылыс 3:17-19

Құдай Адамның кесірінен жерді қарғыс атты дейді. Адамның жер бетінде абсолютті билігі болғандықтан, ол шайтанның билігіне есік ашып, Құдайды қуып жіберді. Заң тұрғысынан енді Құдайдың жерде құзіреті жоқ, ал Адам жейтін тамағын енді азапты еңбек пен маңдай терінің арқасында табады. Шайтан Хауаны азғыру кезінде оған айтуды ұмытып кеткен бір ұсақ-түйек бар. Құдай шайтанды соттап, оны көктен қуып жіберді және оның мәңгілік мекені тозақ болатынын жариялады. Мұны түсіну маңызды. Көптеген адамдар «Сүйіспеншілікке толы Құдай адамдарды тозаққа қалай тастады?» деп сұрайды. Оны Құдай емес, Адам істеді. Келесі үзіндіде көретініміздей, тозақ адам үшін жаратылған жоқ.

Бұдан кейін Патша Өзінің сол жағындағыларға да былай деп үкім шығарады: Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!

— Матай 25:41

Адам мен Хауа шайтанның қол астына кіргенде, олар шайтанның үкіміне бағынатын болды. Адам арқылы бүкіл адамзат шайтанның

билігіне өтті. Мал шаруашылығын ойлап көріңіз. Егер сиырыңыздың бірі төлдесе, ол бұзау сіздің меншігіңіз болғандықтан, оған сіздің таңбаңыз басылады. Бүкіл табын сізге тиесілі, оның төлі де сіздікі. Осылайша Адам атаның барлық ұрпақтары автоматты түрде шайтанның билігінде болды. Стандартты діни түсінік, немесе түсінбеушілік десек те болады, былай дейді: адамның тағдыры, оның жұмаққа немесе тозаққа түсіуі адамның жақсы немесе жаман болуына байланысты. Бұл мүлде қате. Адамзаттың үкімі әуел баста шығарылған. Барлығы тозаққа барады. Өздерінің қателіктері үшін емес, Адамның істегенінің кесірінен. Енді Құдайдың Өзі жаратқан перзенттеріне деген сүйіспеншілігінің арқасында, Ол Иса Мәсіх арқылы адамзатқа осы қорқынышты үкімнен құтылып, Құдай Патшалығының құзырына қайта оралуға мүмкіндік беретін құтқару жоспарын жасады.

*Құдай бізді қара түнектің билігінен құтқарып, сүйікті рухани
Ұлы Иса Мәсіхтің Патшалығына енгізді (Қолостықтарға 1:13).*

Айта кету керек, Құдай шайтанның билігі мен үкімінен заңды түрде құтылуға жол ашты. Бірақ бұл мүмкіндікті пайдалану үшін әрбір ер, әйел және бала Исаның атын шақыру арқылы оны пайдалануды өзі таңдауы керек. Мәсіхшілер, мені бір сәт тыңдаңыздар. Мейірімді көрші апаға біреу Құтқарушы Иса туралы айтпаса, ол тозаққа түседі. Тозақта жақсы адамдар көп болады. Шайтанның өтірігіне бола, адамдар жақсылық жасасақ, тозақтан құтыламыз деп ойлайды. Исаның есімі — құтқарылу және шайтанның үкімінен құтылу үшін адамзатқа берілген жалғыз есім. Сондай-ақ, келесі ақиқатты түсіндіргім келеді. Адам ата күнәға батқан кезде рухани өліп, Құдайдан алыстап кетті. Дегенмен, ол әлі де жерді иемденуін сақтайды. Олай болса, адамдар патшалығында әрекет ету үшін, шайтан жындардың жетегінде жүретін адамдарды, ал Құдай Киелі Рухқа толы адамдарды пайдаланады. Сонымен, біз жұмаққа немесе тозаққа бару – заңды мәселе екенін және біздің

қаншалықты жақсы екенімізге емес, Исаның айқышта шайтанды жеңгеніне негізделетінін білдік. Иса адамзатқа шайтанның билігінен заңды шығу жолын ашқанымен, тағы да қайталаймын, әрбір адам Исаның есімін сеніммен шақыруы керек.

Талқылауымызды бірнеше абзац бұрын бастап едік, енді алдыңғы сұраққа оралайық: «Неге Иса Марқа жазған Ізгі хабардың алтыншы тарауында адамдарды емдей алмады?». Мен бұл юрисдикция мәселесі екенін айттым және ол шынымен де солай. Адам ата адамдардың патшалығының рухани билігін шайтанға тапсырғандықтан, Құдай бұл жерге қалаған кезінде жай ғана кіріп келе алмайды. Әйтпесе бұл заңсыз болады. Енді менің осы айтқанымнан жер кімнің меншігі екенін шатастырып алмаңыз. Киелі кітапқа сәйкес, жер мен жердегінің барлығы – Құдайдыкі. Алайда адамдар патшалығына қатысты Құдайдың заңды билігі жоқ. Біз мұны Лұқа 4:5-7-ден оқи аламыз.

Бұдан кейін әзәзіл шайтан Оны ертіп алып биік бір жерге шығарып, әп-сәтте әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетіп: — Осы мемлекеттердің бүкіл билігін, олардың сән-салтанатын Саған беремін. Бұл билік маған тапсырылған, оны көңілім қалағанға сыйлаймын. Сонымен маған ғибадат етсең бәрі де Сенікі болады, — деді.

Бұл жерден Адамның дүниедегі патшалықтардың заңды билігін шайтанға бергенін көреміз. Осыған байланысты Құдай адамзатқа қатысты жер бетінде қалағанын жасай алмайды. Бірақ егер Құдай Өзіне сенетін және көктің билігіне толықтай сенетін адамды таба алса, Құдай сол адам арқылы әрекет ете алады. Бұл бастапқыда шайтанның жерді иемденген Адам ата арқылы жер патшалығын басып алғанына ұқсас. Құдай Адаммен қарым-қатынасын жоғалтқанда, Өзінің құтқару жоспарын жүзеге асыру үшін жерге басқа кіреберіс іздеуге мәжбүр болды. Ол Ыбырам есімді адамның арқасында мүмкін болды.

Жаратқан Ие Ыбырамға сөзін арнап былай деп бұйырған еді: «Сен еліңді, туған-туысқандарыңды Және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш! Мен сенен үлкен халықты өрбітіп таратамын, Сені жарылқаймын әрі атыңды шығарамын. Сен арқылы ақ батам басқаларға да жететін болады. Саған ақ батасын бергендерді Мен жарылқаймын, Ал кім сені жамандап қарғаса, соны Мен қарғаймын. Сен арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанады».

– Жаратылыс 12:1-3

Құдай Ыбырамды (немесе Ыбырайымды) жер патшалығына қайта кіріп, құтқару жоспарын адамзатқа жеткізу үшін қолданды. Құдай Ыбырайыммен және оның ұрпақтарымен келісім жасады. Осы заңды келісім арқылы Құдай Иса Мәсіхті дүниеге келтіруге мүмкіндік алды. Бірақ ол тек Ыбырайымның ұрпағы арқылы ғана жүзеге асуы керек. Міне, осы себептен Иса Ыбырайымның ұрпағы болуы керек еді және осы себептен Исраилге көрші халықтармен некеге тұруға рұқсат етілмеді. Осы себептен Жаңа өсиет шежіремен басталады. Бұл Исаның шын мәнінде Ыбырайымның заңды ұрпағы екенін дәлелдейді. Осылайша Исаның жерге келіп, күнәнің құнын өтеуі – әбден заңды.

Адамзат жерді рухани басқарудан айырылса да, оны әлі де заңды түрде басқарып отыр. Сондықтан, әлденені істеу үшін Құдай да, шайтан да адамдар арқылы әрекет етуі керек. Қарапайым тілмен айтқанда, ерлер мен әйелдер – жер бетіндегі жалғыз заңды тұлғалар. Адам мен Хауа шайтанның айтқанына сеніп, оған жол ашты. Тура солай, Құдай жер бетінде Оның Сөзіне сенетін адамдарды табуы керек. Егер біреу шайтан патшалығының айтқанының орнына көктің айтқанына толықтай сенсе, бұл – сенім. Сенім көк патшалығына сол адам арқылы жерде жұмыс жасау және шайтанның патшалығына қарсы Құдайдың еркін орындау үшін заңды құзірет береді. Бұл тұста айтуға болатын көп нәрсе бар, бірақ мен оны алғашқы екі кітабымда

егжей-тегжейлі қарастырдым. Нағыз кілт осы. Шайтан жер бетінде болғандықтан, ол әрқашан өз патшалығын қорғайды және әрқашан Құдайдың жоспарын бұзуға тырысады. Осыған байланысты Құдай өзінің жоспарлары мен стратегияларын жер әлеміне енгізу үшін жасырын жұмыс істейді. Құдайдың жасырын түрде қалай жұмыс істейтінін білсеңіз, өмірдегі табысыңыз бен жеңісіңіздің ең үлкен кілтін табасыз. Мен мұны стратегияның құдіреті деп атаймын!

3 ТАРАУ

ҚАЙРАН ҚАЛҒАНДАР

Бейтаныс бір кісі телефоныма қоңырау шалды. Ол өзін таныстырып, бірнеше досымен менің «Faith Hunt» кітабым мен Құдай Патшалығы туралы тәлімімді қатты ұнатқанын айтты. Ол мені Монтанаға келіп, жұма күні түнде және сенбі күні таңертең шамамен 70 ер адамнан тұратын топқа сабақ беруге мүмкіндігім бола ма деп сұрады. Сосын жауабымды күтпей: «Сенбі күні таңертең сабақ бергеннен кейін, сізді бөкен аулауға шығарғымыз келеді. Қазір бөкен ату маусымы ғой» деді. Әрине, ондай ұсыныстан бас тартқан жоқпын. Ұлдарымды да шақырды. Келесі жаз айларында олар маған күзгі аң аулауға лицензия алуға көмектесті. Ұлым Тим де баратын болып, лицензиясын жасатып алды.

Кейін білгенімдей, бұл Promise Keepers тобы еді. Олар менің тәлімімдегі аңшылық оқиғаларыма және бұғыны сенім арқылы қалай қабылдағаныма таң қалды. Олар бұғыны қалай 30-40 минутта атқанымды және Құдай бұғының мүйіз өлшемі мен жынысына дейін нақты қай бұғыны атқым келетінін дәл сипаттауды үйреткені туралы көбірек білгісі келді. Ол оқиғалардың сенгісіз дерлік болғанымен келісемін. Ол жайттарды өз көзіммен көрмесем, мен де олар сияқты көп қызығушылық танытар едім.

Сонымен, Монтанаға баратын апта да жетті. Тим екеуіміз ұшып келіп, ерлер тобының бірнеше жетекшілерімен, Құдайды шын сүйетін мықты жігіттермен таныстық. Олар бізді форель аулауға алып шықты, сонымен қатар өздері дайындаған мылтықтарды

көру үшін атыс алаңына апарды. Мен Огайо штатында өскендіктен, алыс қашықтыққа мылтық атуға үйренбегенмін. Огайо заңдары тек бұғыларға арналған шолақ мылтық атуға рұқсат берді, ал қашықтық әрқашан 100 ярдтан аз болды, көбінесе 50 ярдтан да аз болды. Сондықтан олар нысананы 200 ярдқа қойғанда, оған дағдыланып алуға тура келді. Бірақ біраз жаттығудан кейін мен болат табақшаны атып түсірдім де, баруға дайын болдым.

Сол күні кешке мен жергілікті мектептің залында ер адамдарға сабақ бердім. Келесі күні таңертең де тәлім бердім. Жігіттердің барлығы Құдай Патшалығы туралы, әсіресе Құдайдың аң аулау арқылы маған Патшалық заңдарын қалай үйреткені туралы естіп білуге құштар болды. Түскі астан кейін олар: «Жарайды, ана бөкеннің артынан барайық» деді. Мен ешқашан бөкен аулаған емеспін және бұл қалай болатынын түсінбедім. Аңшылық тәжірибемде мен ең көбі екі-үш адаммен бірге аң аттым. Бірақ олар үш-төрт көлікке мінген адаммен бара жатты. Алдыңғы түні Тим менен: «Әке, сіз бөкен ату жайлы қобалжымайсыз ба? Оларға Патшалық туралы үйретесіз және Патшалықтың әрқашан жұмыс істейтінін сенімді түрде жариялайсыз. Олардың бәрі қарап тұрғанда бөкенді ата алмасаңыз ше?» деп сұрап еді. Бөкенді атуға еш уайымдамайтынымды айттым. Дренда екеуміз әлгі бөкен қолымызға түседі деп сенім тұқымын егіп, келісіп қойғанбыз. Бөкеніміз ешқайда кетпейді.

Аң аулауға рұқсаты бар ранчоға кетіп бара жатқанымызда, олар бөкеннің Солтүстік Америкадағы ең жылдам жануар және гепардтан кейін әлемдегі ең жылдам жануар екенін түсіндірді. Бөкеннің көзі өткір екен, әрі негізгі қорғанысы – жүгіру, сондықтан бөкен сізді көрсе, бір секундта ғайып болады. Менде текесін, ал Тимде ешкісін атуға рұқсат беретін құжат болды.

Жоспарға сәйкес, біз ранчоға шығып, биік жерге көтерілеміз. Содан кейін аңды байқау үшін төбеге шығып, таяз аңғарларға көз тігеміз. Төбеге шығып келе жатып, алыстан бір табын бөкенді байқадық. Жер бедеріне байланысты жақындаған сайын аласа сайларда қалып, атып түсіру үшін жеткілікті қашықтыққа жақындай алатынымызды сездік. Соңғы төбеге

өте абайлап шығуымыз керек. Содан кейін біз жеткен кезде бөкен қашып кетпесе, аңды атып алу үшін төбенің басына баяу көтерілуіміз керек. Ол жерге келген соң, шамамен 200-250 ярдтан ататын боламыз.

Тим екеуіміз сайдан көрінетін төбенің шетіне жақындау үшін біраз уақыт жер бауырлап еңбектеп жүрдік. Жоспар бойынша, мен теке бөкенді атқаннан кейін, Тим ешкі бөкенді атып түсіруге тырысады. Мен ақырындап төбенің шетіне шығып, төмен қарадым. Өте тыныш қозғалған соң, бөкенді үркітіп алмаған екенбіз, кішкентай табын бізді көрмеді. Мен винтовкамды көтергенде, қашықтықтан және алдында біраз жорғалап жүргенде ентигіп қалғанымнан мылтықты қозғалтпай тұзу ұстай алмадым. Бірақ, ақырында, бөкенді мылтығымның нысанасымен көздедім де, атып жібердім. Тигізе алмадым. Мен екінші рет оқ атқанда отар абдырап қалғандай болды. Оғым тағы да мүлт кетті. Қашып бара жатқан үйірге үшінші, содан кейін төртінші рет аттым. Бесінші рет атқанда, шерткен дыбысты ғана естідім. Мылтығымда оқ қалмады.

**ДҮНИЕ ШЫНДЫҚТЫ
КӨРГІСІ КЕЛЕДІ, АЛ
ҚҰДАЙ ОЛАРДЫ ТАҢ
ҚАЛДЫРҒАНДЫ ЖАҚСЫ
КӨРЕДІ.**

Үйір қаша жөнелгенде, аңның ату қашықтығынан тыс шығып кеткенін байқамай қалыппын. Бәрі тұра ұмтылғанда, мен басынан көздеген бөкен орнынан қозғалған жоқ. Ол бірінші атқанда тұрған жерімнен бірнеше ярд қашықтықта қатып қалғандай тыныш тұрды. Асығып Тимнен винтовкасын алдым. Түрегеп тұрдым да, дәлдеп атуға аса тырыспай, мылтықтың құлағын бастым. Бөкен құлай кетті. Қуанып, иығымнан жүк түскендей жеңілдеп қалдым. Бөкен менікі. Бұрылып қарасам, бір топ жігіт айғайлап, тойлап жатыр екен. Кейбіреулері ұялы телефондарымен сөйлесіп жатты. Біреуінің: «Иә, бәрі дәл «Faith Hunt» кітабындағыдай болды, іс небәрі 40 минуттың ішінде бітті. Бөкен кітаптағыдай орнынан қозғалмай тұрды» дегенін естідім. Олардың барлығы Патшалықтың жұмысын көруге келген. Мен бірнеше сағат бойы Патшалық жайлы тәлім бердім, олар енді айтқанымды іс жүзінде көргісі келді. Менің нашар ату қабілетіме

қарамастан, бәрі жақсы болды да, үйреткеніме сенімділік қосты. Тим сол күні түсте жүгіріп келе жатқан ешкі бөкенді дәлдеп атып алды. Екеуіміз де қатты қуандық! Монтана штатының табиғаты өте әдемі екен. Тим екеуіміз Патшалық туралы керемет тәжірибе алдық. Патшалық пен Құдайдың адалдығын әрдайым есте сақтау үшін бөкеннің басын кеңсемдегі үстелдің үстіне іліп қойдым.

Мен сізге бұл кітапта аңшылық оқиғасын неліктен айтып жатырмын? Өйткені Құдай барлық достарыңызға, көршілеріңізге және отбасыңызға Өзінің Патшалығын көрсету үшін сізді пайдаланғысы келеді. Олардың барлығы Патшалықтың жұмыс істейтінін көргісі келеді. Дүние шындықты көргісі келеді, ал Құдай оларды таң қалдырғанды жақсы көреді. Оларды таң қалдыру үшін сізге Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін және Киелі Рухтың жауаптар мен мүмкіндіктерді қалай әкелетінін білу керек. Кейінірек білгенімдей, ерлер тобын басқарған бірнеше жігіт діншілдікке кіріп кеткен көптеген адамдарға Патшалықты көрсету үшін мені шақырған екен. Сол күні менің тәлімімнен кейін көбісі жүректерін Жаратқан Иеге арнағанын білдім. Мұның бәрін істеген Киелі Рух. Ол сіздің табысқа жету жоспарыңызға да көмектеседі.

Тағы бір әңгіме айтайын. Бұл жолы Киелі кітаптан алынған оқиға. Ол Құдайдың сізді тамаша жоспары мен стратегиясымен таңқалдырғысы келетінін көрсетеді. Осылайша айналаңыздағылар да Оның ақиқаты мен сүйіспеншілігін көретін болады.

Бір күні Иса Генесәрет көлінің жағасында тұрғанда, халық Құдай сөзін тыңдау үшін Оның қасына жиналып, иін тіресіп тұрды. Иса көл жиегінде тұрған екі қайықты көрді. Олардан түскен балықшылар ауларын жуып жатты. Екі қайықтың бірі Шимондікі еді. Иса қайыққа отырып, Шимоннан жағадан арырақ жүзіп барып тұруын сұрады. Осылай ол қайық үстінен халыққа тәлім берді.

Иса сөзін бітіргеннен кейін Шимонға:

— Көлдің терең жеріне жүзіп барып, балыққа ау сал, — деді.

Шимон:

— Ұстаз, біз түні бойы еңбектеніп, түк ұстай алған жоқпыз! Бірақ Сіз айтқан соң ауларды тағы да салып көрейін, — деп жауап берді.

Ауларын салғанда олар өте көп балық ұстады. Балықтың көптігінен аулары жыртыла бастады. Содан олар екінші қайықтағы жолдастарын қол бұлғап көмекке шақырды. Олар келгеннен кейін бәрі бірігіп екі қайықты да балыққа толтырды. Тіпті қайықтары суға бата бастады!

Мұны көрген Шимон Петір Исаның аяғына жығылып:

— Ием, қасымнан кете көріңіз, мен күнакара адаммын! — деді. Себебі өзі де, қасындағылардың бәрі де осынша көп балық ұстағандарынан үрейлері ұша аңтарылды. Шимонның серіктері — Зебедей ұлдары Жақып пен Жохан да сондай күйде еді.

– Лұқа 5:1-10

Петір, Жақып және Жохан түні бойы балық аулап, ештеңе ұстай алмады. Бұлар көлдің жағасында өскен және кәсібін жақсы білетін тәжірибелі балықшылар еді. Дегенмен, құр қол қалды. Бірақ, әрине, әңгіме мұнымен бітпейді. Иса Петірдің қайығын көпшілік алдында уағыздау үшін алды, содан кейін оған балық аулау үшін ауды терең суға лақтыруды бұйырды. Не істерін білмей қалған Петір олардың түні бойы ау салғандарына қарамастан, балықтың түспегенін айтты. Бірақ Иса бұйырған соң, бағынатын болды. Петір торды лақтырғанда, оқығанымыздай, оның көп балық аулағаны сонша, тор үзіліп кете жаздады. Сондықтан ол серіктестерін көмекке шақырды. Жазбада жолдастарының де торлары үзілердей болып, балықтың молдығынан екі қайықтың да суға батып кете жаздағаны айтылған. Тәжірибелі балықшылардың сол күннің оқиғасына таңқалғандары сонша, олар балық аулауды қойып, Исаның соңынан ергені айтылған.

Бұл Киелі кітаптағы менің сүйікті әңгімелерімнің бірі, өйткені ол екі патшалық, қараңғылық патшалығы мен Құдай Патшалығы

арасындағы айырмашылықты анық көрсетеді. Шайтанның билігіндегі қараңғылық патшалығы – бұзылған, кедей, түні бойы балық ауласа да ештеңе ұсталмайтын жүйе, аман қалу үшін азапты еңбек пен маңдай терін талап ететін орын. Құдай Патшалығы мен оның беретін керемет жарылқауларымен салыстырғанда, оны Адамның бүлігі тудырған жердегі қарғыс жүйесі деп атауға да болады. Бір-біріне қарама-қарсы осы екі жаққа зер сала қарап, Құдайдың сізге екіншісін, Патшалықты бергенін түсініңіз.

Енді әрбір мәсіхші қуана дауыс салып, қол соғып: «Иә, Құдай Патшалығы керемет. Ұсталған балыққа қара!» деуі мүмкін. Бірақ Исаның мұны қалай істегенін ешкім сұрамайды. Көпшілігі сол күні Петір, Жақып және Жоханның керегі қамтамасыз етілгендей, қазір де өз өміріндегі қажетін қамтамасыз ету үшін адамдардың билігі пен мүмкіндігі бар екенін білмейді. Исаның сол күнгі кереметті қалай істегенін түсіндіретін стандарт жауап: Иса мұны істей алады, өйткені Ол Иса. Бірақ күте тұрыңыз. Біз Исаның Марқа 6-тарауда барлығын емдей алмағанын көрдік, өйткені ол жерде көктің құзыреті болмады. Жоқ, сол күні балық аулауды мүмкін қылған және молынан берген Патшалықтың рухани заңдары жұмыс істеді.

Бірақ бір мәселе бар. Мен кездестірген мәсіхшілердің көпшілігі Исаның істегенін қайталау мүмкін деп тіпті ойлаған да жоқ. Ойласа да, оны қалай болғанын білмейді. Менің конференцияларда әрдайым айтатын бір сөзім бар. Егер бір нәрсені үйрете алмасаң, оны ұстанып өмір сүре алмайсың. Менің айтқым келгені, егер сіз бұл аулаудың қалай болғанын нақты айта алмасаңыз, оны қайталай алмайсыз. Сонда бұл үлкен олжа қайдан келді? Сіз оны анықтай аласыз ба? Егер осындай жетістікке қол жеткізгіңіз келсе, бұл балықтың қалай пайда болғанын анықтауыңыз керек. Мен осыны айта бастағанда көпшілік шошып кетеді. Бірақ Иса не дейді?

Сендерге өте маңызды шындықты айтайын: Мен жасаған кереметтер сияқтыларды Маған сенуші де істейді, тіпті одан да зорларын істейді, себебі Мен Әкеме барамын.

– Жохан 14:12

Иса Әкеге бара жатқандықтан, Оның істегенін біз де жасай алатынымызды айтқанда, Иса өліп, қайта тірілгеннен кейін бізге келетін Киелі Рухқа меңзеген. Исаның Иордан өзенінде қабылдаған Киелі Рух Оған Құдайдың құдіретті істерін орындауға мүмкіндік берді. Исаның қызметінде болған барлық кереметтер Киелі Рухтың арқасында мүмкін болды. Киелі Рухтың күшіне Марқа б-тарауда адамдардың сенімсіздігі кедергі болғанын білеміз, бірақ Лұқа 5-тарауда балықтың аулануына ештеңе кедергі болған жоқ. Кез-келген жағдайда Киелі Рухтың еркін ағынын не жеңілдететін не оған тосқауыл болатын не екенін анықтау үшін Патшалықтың заңдарын зерттеуіміз керек. Олай болса, оқиғаға көз жүгіртіп, Патшалық заңдары мен қағидаларын анықтап, оларды үйреніп көрейік.

Енді, егер менің бірінші кітабымды оқыған болсаңыз, Петір Исаға қайықты пайдалануға бергенде, мұнда рухани жағынан не болғанын білесіз. Петірдің қайығы және шын мәнінде бүкіл балық аулау кәсібі басқа патшалыққа немесе заңға бағынатын болды! Иә, Иса қайықты Өзінің қызметіне алған кезде, Петірдің қайығы енді Құдай Патшалығының құзырына өтті. Қайық Құдай Патшалығының құзырына кіргеннен кейін, Киелі Рух терең судағы балық тобының орналасқан жерін Исаға білдіруге заңды құқыққа ие болды. Ұсталған көп балық сол күні Киелі Рухтың Иса арқылы Петірге берген табиғаттан тыс жоспары мен стратегиясының нәтижесі болды. Мен оны құпия білім деп атаймын, және осы құпия білімнің арқасында Петір, Жақып және Жохан өміріндегі ең үлкен балық түсімін көрді. Киелі кітап бұл тәжірибелі балықшылар қатты таңқалды дейді.

Менің ойымша, Иса сіздің де таңғаларлық өмір сүргеніңізді қалайды. Ондай өмір Патшалықты көрсетеді, және ол арқылы айналаңыздағы адамдар көргендеріне таң қалып, Исаны таниды. Діннің бос қайықтары адамдарды ешқашан Құдайға тарта алмайды деп ойлаймын. Құдай адамдардың көк Патшалығының игілігін көргенін қалайды, сонда бәрі Оның ізгі екенін және Өзіне келгендердің барлығын қабылдауға дайын екенін көріп, сенетін болады. Ишая бұл туралы қауымға қатысты келесі пайғамбарлық сөзді айтты.

Сонда олар [яғни біз, сенушілер] «Жаратқан Иенің Өзі отырғызған мықты ағаштары» деп аталады, әрі Оның алдында ақталған, әділдік істеп, салтанатты ұлылығын паш ететін халқы болады (Ишая пайғамбар 61:36).

Сонымен, Лұқа кітабының 5-тарауындағы балық оқиғасынан қандай сабақ алғым келеді? Бұл оқиғадан таңдауға болатын көптеген рухани заңдар бар, бірақ келесі ойды есте сақтасаңыз, ол сіздің өміріңізді өзгертеді.

Егер Иса ауды нақты қай жерге салу керектігін айтса, кез-келген адам балық ұстай алады! Немесе былай айтайын: Иса балықтың қайда екенін және оны қалай ұстау керектігін айтса, кез-келген адам балық аулай алады!

Адамдар маған: «Мұның жақсы екен, Гэри, бірақ Иса қазір жерде емес қой» дейді. Келісемін, бірақ сол күні Исаға балықтың қайда екенін айтқан Киелі Рух бүгін осында! Сенуші болсаңыз, Ол сіздің жүрегіңізде. Шәкірттерінен аспанға көтерілуге дайындалып жатқанда, Исаның не айтқанын тыңдаңыз.

Мен бұл сөздерді әлі де қастарыңда жүрген кезімде айтып тұрмын. Ал Әкем Менің атымнан Қамқоршыларың — Киелі Рухты жібереді. Ол Менің сендерге айтқан сөздерімнің бәрін естеріңе салып, рухани өмірлеріңе керектің бәрін үйретеді. Мен сендерге амандық пен тыныштық сыйлаймын, Өзімнің тыныштығымды беремін. Менің беретінім осы дүниенің беретін өткінші тыныштығы сияқты емес, сондықтан көңілдерің қобалжып, қорықпаңдар.

– Жохан 14:25-27

Исаның тыныштығы қайдан келді? Исамен бірге кез-келген жағдайдың шешімін беретін Киелі Рух болды. Иса Киелі Рухты Қамқоршы деп атады. Достым, бұл Қамқоршы сіздің ішіңізде де бар және сізді ешқашан тастамайды. Сіз Оны тыңдайсыз ба? Құдай

өмірдегі барлық жағдайлардың шешімін біледі, мұнымен келісетін шығарсыз. Иса бұл Қамқоршы сізге барлығын үйрете алады және барлық нәрсе туралы кеңес бере алады дейді. Strong's Exhaustive Concordance of the Bible (3875) анықтамалығына сәйкес, бұл жерде «Қамқоршы» деп аударылған грек

сөзі сөзбе-сөз аударғанда: әлдекімнің жанына шақырылған немесе тағайындалған, әсіресе көмекке шақырылған тұлғаны білдіреді. Бұл сонымен қатар судьяның, қорғаушының, заңгердің немесе адвокаттың алдында басқаның ісіне қолдау көрсетіп, жәрдем беретін адамды білдіреді. Кең мағынасында бұл сөз көмекші, қолғанат, кеңесші деген мағынаны береді.

Сізді білмеймін, маған мұндай көмекші өте керек. Сізге ше? Олар түні бойы балық аулап, ештеңе ұстамаған кезде Петірдің мәселесін шешкен Киелі Рух болды. Қарыздан құтылу үшін қажетті ақшаны қайдан табатынымды білмей жүргенімде Киелі Рух мәселенің жауабын берді. Көп жылдар бойы отбасымды әбден нашар қаржылық күйзеліске ұшыратқаннан кейін, Құдайдан көмек сұрадым. Сонда Киелі Рух маған жұмыс істеген компаниямды тастап, өз компаниямды бастауымды керектігін айтты.

Бұл жаңа компанияның миссиясы Құдайдың ізгілігін жариялау және адамдарға қарыздан құтылуға көмектесу екенін айтқан Киелі Рух болды. О кезде бұл ақылыма сыймайтын ой болды. Адамдарға қарыздан құтылуға мен көмектесемін бе? Мен ақшамен не істеуге болмайтынның көрнекті мысалы едім. Менің қаржылық өмірім жаман түстей болды. Бірақ, Киелі Рухтың бұйырғаны осы, сондықтан сенім арқылы Дренда екеуміз алға жүріп, Петірдің айтқанын айттық. «Ием, бұл жоспардың мағынасын түсінбейміз, бірақ Сен айтсаң, мұны істейміз» дедік. Киелі Рухтың кеңесіне құлақ асудың арқасында бұл жаңа компания өсіп, дамып, Дренда екеумізге қарыздан толығымен

**ИСА КИЕЛІ РУХТЫ
ҚАМҚОРШЫ ДЕП
АТАДЫ. ДОСТЫМ, БҰЛ
ҚАМҚОРШЫ СІЗДІҢ
ІШІҢІЗДЕ ДЕ БАР
ЖӘНЕ СІЗДІ ЕШҚАШАН
ТАСТАМАЙДЫ.**

құтылуға мүмкіндік беретін ақшаны қамтамасыз етті. Бұл компания бүгін де, 30 жылдан кейін жұмыс атқарады және жылына жүздеген мың доллар пайда әкеледі.

Шынын айтсақ, мен де, сіз де асқан данагөй емеспіз. Көп нәрсені білмейміз. Алайда Құдай біздің өмірімізге қажет шешімдермен көмектесу үшін Киелі Рухты жіберді. Бірақ осы кітаптан білетініміздей, Құдайдың еркін орындау үшін біз Киелі Рухпен жұмыс істеуіміз керек.

Жұмыс бабымен көп адамдармен кездесіп, сөйлесемін. Өкінішке орай, көптеген сенушілер өмірде кездесетін қиындықтарды қалай шешуді білмейтін сияқты. Олар тек өз білетіндеріне, өз мүмкіндіктеріне ғана сүйеніп балық аулауға тырысады. Түні бойы балық аулағаннан кейін аулары үнемі бос немесе бостың қасы. Олар Киелі Рухтың барлық кез-келген жағдайда көмектесетінін ешқашан естіген емес. Көбісі: «Құдай маған мынаны немесе ананы істеуге көмектеседі» десе де, Құдайдың нақты қалай көмектесетінін немесе қажет жауаптарды қалай естуге болатынын түсінбейді. Адамдар өздеріне қажетті жауаптарды білу үшін Құдаймен бірге жұмыс істеу керек екенін білмейді. Жауап немесе шешім жүректерінде болса да, Құдайдың бірдеңе жасауын күтеді.

Мысалы, ақшаға келетін болсақ, адамдар «Құдай мені табысты қылады» дейді. Мен: «Тамаша! Құдай сізге ақшаны қалай береді?» деп сұраймын. Бастапқыда олар мені сенімдеріне күмән келтіру үшін сұрақ қойды деп ренжиді. Бірақ мен де қоймаймын. «Ақша қайдан келеді? Құдай оны сізге қалай жеткізеді?». Жауап алу үшін осылай сұрақты жаудырған кезде, олар ештеңе білмейтін болып шығады. Өмірдің бір кезеңінде қайда келе жатқанымызды білмесек, ештеңе етпес. Бірақ сайып келгенде, сізде жауап болуы керек. Сіз көрмеген нәрсені жинай алмайсыз. Есіңізде болсын, Иса Петірге балықтың қайда екенін айтқан кезде өте нақты айтқан, тіпті оларды қалай ұстау керектігін де айтқан. «Ауыңды таста». Ақырында, балық аулағыңыз келсе, торыңызды қайда салу керектігін білуіңіз керек.

Адамдардың бір әдеті бар. Мен оны пошта жәшігі ұстанымы деп

атаймын. Құдай бәрін Өзі жасайды деп ойлайтындықтан, олардың қаржылық жағдайлары 10 немесе 20 жыл бойы еш өзгеріссіз қалады. Бұл өте өкінішті. Олар сол қалпында өзгеріссіз нәліктен қалатынын білгіңіз келе ме? Өйткені оларға ешкім Киелі Рух жолымен жүріп, Патшалықтың көмегімен балық аулауды үйретпеген. Оларға табысқа жетуге көмектесу үшін Киелі Рухтың жер бетінде қалай әрекет ететінін білмейді. Өте қажет жетістікке жетуде өздері қандай рөл атқаратынын және Киелі Рухтың қандай рөл атқаратынын білмейді.

Бүгін түскі ас кезінде бір адамды көрдім. Өте ірі денелі кісі екен, 375 фунттай шығар (шамамен 170 килограм). Бір аяғы гипспен оралған, қолында сүйеніп жүретін екі таяғы бар. Әрең қозғалады. Чизбургерін жеп бітіргеннен кейін, ол жержаңғақ майы қосылған торт сұрады. Мен оның сұрағанын естігенде шошып кеттім. Не ойлағанын білмеймін, бірақ тәтті тамақты жеткілікті жеді. Бұл анық. Жеген тәттінің бәрі оның денсаулығын құртып жіберді. Үстелден тұруға тырысып, ол асықпай, қиналып мейрамханадан шықты. Мен бүгінгі мәсіхшілерді осылай көремін – уәделерді естиді, Құдайдың ізгілігін біледі, бірақ ұды жей береді. Содан кейін Құдайдың Сөзі неге істемейді дейді.

**КИЕЛІ РУХ, ҚҰДАЙДЫҢ
ӨЗІ, СІЗГЕ ҚАЖЕТ ӘРБІР
ШЕШІМДІ КЕРЕК КЕЗДЕ
БЕРУ ҮШІН ЖҮРЕГІҢІЗДЕ
ТҰРАДЫ.**

Достым, сізде жауап бар! Киелі Рух, Құдайдың Өзі, сізге керек әрбір шешімді керек кезде беру үшін сіздің жүрегіңізде тұрады. Адамдар менен Сюзанға немесе Саллиге үйленуім керек пе, осы немесе басқа жұмысқа тұру керек пе, көшу керек пе немесе тұрған жерде қалу керек пе, акцияларын сату керек пе немесе акцияларды қайта сатып алу керек пе деп сұрайды. Ішіңіздегі Киелі Рухтың бұл сұрақтардың бәріне жауабы бар. Тағы да айтамын, Киелі Рухтың бізге қалай көмектесетінін және Патшалықтың Киелі Рухтың даусын естуге қатысты қалай әрекет ететінін білу — бұл кітаптың мақсаты.

Сонымен, қысқаша шолу жасайық.

Егер Иса балықтың қайда екенін және оны қалай ұстау керегін айтса, балық аулау кез-келген адамның қолынан келеді!

Кэрол келесі электрондық хатта оның өмірі қалай өзгергенін түсіндіреді.

Өткен жылы, тура осы күні мен несие карталарыммен жаңа жылдық сыйлықтарды сатып алдым. Сыйлықтар несие картамды рұқсат етілген шегіне жеткізді. Өйткені Аяз атаға әлі де сенетін кішкентай қызыма сыйлық алуға ақшам жоқ еді. Мен үнемі уайым мен мұңмен өмір сүрдім. Гэри бағушыға сенім тұқымын егу жұмыс істемейтінін жаздым. Тәлімдегідей істесем де, ештеңе болмағанын жаздым. Бағушы егін жинауға біраз уақыт кететінін және әдетте нәтиже келесі күні келе қалмайтынын айтып, тағы күте тұрыңыз деп шыдамдылықпен жауап берді.

Енді бүгін, бір жылдан кейін мен барлық отбасыма қолма-қол ақшамен сыйлықтар сатып алып жатырмын. Өмірімнің қиын кезеңінде маған қол ұшын созған адамдарға алғысымды көрсетіп, 300-400 доллар тұратын сыйлықтарды бермекпін. Өткен жылы мен достарым бірнеше ай тұруға рұқсат берген жертөледегі бөлмеде тұрдым. Тіпті тамаққа да, бензинге де ақшам болмады. Бірақ қазір мен әдемі де сәнді пәтерде тұрамын, тоңазытқышым тамаққа толы.

3-желтоқсанда қызымның туған күні болды, біз оны Пенсильваниядағы Херши саябағына апардық. Қызымның ең жақын досын шақырдық және Херши қонақүйінде тоқтадық. Бәріне қолма-қол ақша төледік. Өткен жылы біреу оның туған күнін тойлау үшін 30 доллар беріп, мені ұятқа қалдырып еді. Ал қазір мен оған құны 400 доллардан асатын керемет сыйлық сатып алдым.

Бұл хатты жыламай жаза алмаймын. Гэри бағушы мен

оның әйелі Дрендаға алғысым шексіз. Биылғы жыл менің өмірімдегі ең жақсы жыл болды. Менің өмірімде Құдайдың жасаған істері керемет. Мен барлық әңгімелерімді баяндап кітап жаза алар едім. Жерде жұмақтағыдай өмір сүре алатынымды үйреткеніңіз үшін рахмет.

Келесі электрондық хат мен естіген Патшалықтың ең таңғажайып оқиғаларының бірі болып табылады. Ол Мичигандағы Шароннан келеді.

Гэри бағушы, мен мұны күйеуімнің және өз атымнан жазып отырмын. Сізге үлкен рахмет айтқым келеді, өйткені сіз және сіздің әйеліңіз бізге көп шабыт пен жігер бердіңіз. Сіз туралы үш-төрт жыл бұрын Сид Роттың бағдарламасынан естідік. Сол кезде өте қиын кезеңді бастан өткердік. Күйеуімді 18 жыл бойы жұмыс істеген орнынан шығарып жіберді. Бұл оқиға болған кезде біз жаңа ғана 280 000 долларға үй салдық. Мойнымызға дейін қарыз бен күйзеліске түстік.

Біз сіздің компакт-дискілеріңізге тапсырыс бердік, және сол дискілердің арқасында қолымызды түсірмедік. Қарыздың қаншалықты ауыр екенін және денсаулық пен өмірге қатты әсер ететінін өз көзімізбен көрдік. Шығу жолын көрмедік. Жаңа үйіміздің ақысын төлей алмасақ та, көшіп шығуға мәжбүр болғанға дейін екі жыл бойы сонда тұра алдық. Бұл өз алдына бір бақыт еді.

Ұзын сөздің қысқасы, күйеуім төрт жылдан кейін бұрынғы жұмысына қайта оралды. Ол сенімді тастамай, Құдайдың уәделеріне арқа сүйеді. Сіздің CD-леріңізді тыңдау бізге өте көмектесті. Күйеуім бұрынғы жұмысын қайтарып алды, сонымен қатар осы төрт жылдағы барлық жалақысын алды! Адвокат жалдаған жоқпыз, бұл сотта шешілетін

қиын заңды мәселеге айналған жоқ. Ол сондай-ақ төрт жылда берілуі тиіс барлық демалыс уақытын да қайтарып алды. Шындығында, бастығы оны қайтадан жұмысқа алған кезде, ең алдымен демалысқа шығуын талап етті! Біз осы қайтарылған қаражаттың арқасында бұрынғы үйімізден жақсырақ үйге қолма-қол ақша төлей алдық. Барлығы үшін көптен көп рахмет.

Миссуридегі Эндрюден мынандай хат алдым:

Екі жыл бұрын мамыр айында мен қиын жағдайда болдым. Мен бұрынғы жұмысыма риза болмадым және сыртқы саудадағы жаңа жұмысқа тұрдым. Қарыз талап ететін мекемелер тоқтамай телефон соғып жатты. Бензинге де, тамағыма да ақшам әрең жететін. Айдың соңы таяп қалған, пәтер ақысы қатты қымбаттап кетті. Дегенмен менде Revolution 2.0 сериясындағы Гэридің дискілерінің топтамасы болды. Бір күні жексенбілік қызметте отырғанда, сенім тұқымын екім келді. Сосын қалтамда бар болғаны 23 доллар екені есіме түсті. Ол мені апта соңына әрең жеткізеді. Жұмысым аса алға баспады. Мен Құдайға сенім тұқымын екім келетінін, бірақ ақшам жоқ екенін айттым. Ішімнен «Мен (Құдай) бұл 23 доллармен сенен де көп нәрсені істей аламын» деген дауысты естідім. 20 доллар егіп, жемісін Құдай қайтарады деп сенуге Құдаймен келістім.

Сол бейсенбіде мен басқа біреудің қызмет көрсететін тапсырыс берушісіне көмектестім. Бұдан еш пайда таппасам да, көмектесуге дайын болдым. Әйтеуір қандай да бір тауарды сатсақ болды. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін, жетекшім көмекті бағалайтынын және мен сол күндегі жасалған саудадан түскен барлық пайданы ала алатынымды айтты (бұл комиссиялық сатылымдарда

ешқашан болмайтын нәрсе, білгіңіз келсе). Сіз қалай ойлайсыз? Менің алған жалпы пайдам... 2 000 доллар болды!!! Бір апта өтпей тұрып, мен екен тұқымымнан 100 еселік жеміс қайтарым!

Құдай шынымен де адал. Құдай жағдайға араласса, өте аздың өзі мол болып шыға келеді. Содан бері мен ондық пен құрбандықтарымды көтеріңкі көңілмен беріп, өсімді күттім.

Осы оқиғадан кейін бірнеше ай өткен соң, жаңа жұмыс таптым. Сенесіз бе, мен дәл осы жұмыс орнын көздеп сенім тұқымын егіп едім! Мен бар болғаны екі жылда табысымды төрт есе арттырдым. Құдайға мың алғыс. Мадақтаудың барлығы Жаратқан Иеге. Тағы бір айта кетерім: банк енді менің көлігімді иеленбейді, мен су жаңа ТӨЛЕНІЛГЕН автокөлікті айдап жүрмін!!!

Міне, Кореядан тағы бір баяндама:

Құрметті Гэри бағушы,

Өмірім мақсатсыз еді. Өз бетімше ештеңе сатып ала алмадым. Басқалардың жаны ашып бергенімен ғана күн көрдім. Адамдар маған көмектесуден жалыққан кезде, менің жалғыз үмітім бір қорап печенье мен бір бөтелке сусын алу болды. Екі баламды тамақтандыру үшін ақшам осыған ғана жететін. Пәтер жалдау ақысын да, шоттарымызды да төлей алмадым. Faith Life қауымының тікелей эфирдегі қызметін алғаш рет көрген кезім әлі есімде. Мен сіздің онлайн бағушыңызға жағдайымның қаншалықты нашар екенін түсіндірдім. Оның айтқаны, салықты төлеу керек болған кезде Иса Петірге ақшаны қайдан алуға болатынын көрсеткендей, Құдайдан қалай және қайда балық аулау көрсетуін сұрауым керек. Қысқаша айтқанда, қазір менің

африкалық мейрамханам мен шаштаразым бар, мұның бәрі мен Гэри бағушының ілімдерін тыңдағандықтан. Құдайға мың алғыс!

Бұл керемет әңгімелер болды! Бірақ сіз: «Бұл керемет, Гэри. Әрине, басқалар үшін бәрі тамаша бола қалды, бірақ маған бұның қатысы жоқ» деуіңіз мүмкін. Сіздің хикаяңыз әлі аяқталған жоқ! Мынаны сұрайын. Осы тарауды оқып жатқанда, аспанға ұшып кетпейін деп, орындығыңыздан мықтап ұстап отырсыз ба? Жоқ, еркін отырсыз ғой. Неліктен? Себебі тартылыс заңын түсінесіз және оның барлығына бірдей әсер ететінін білесіз. Құдай Патшалығы да дәл осылай жұмыс істейді. Сіз ондағы заңдарды үйрене аласыз. Құдайдың сізге айтып жатқан бірегей стратегияларын естуді үйрене аласыз. Нәтижесінде, өміріңіз Құдайдың құдіретін паш ететін керемет әңгімеге айналатын болады. Біз бұны жүзеге асыру үшін Киелі Рухтың түсінігі мен көмегі керек екенін анықтадық. Сонымен, саяхатымызды әрі қарай жалғастырайық. Киелі Рух жайлы кейбір негізгі заттарға шолу жасаудан бастайық. Содан кейін қажетті стратегияларды тыңдауға толығырақ тоқталамыз.

4 ТАРАУ

ЕҢ НЕГІЗГІСІ: МҰНСЫЗ ҮЙДЕН ШЫҚПАҢЫЗ

Егер сіз Киелі Рух стратегияларына және Киелі Рух басқаратын жеңістерге толы өмір сүргіңіз келсе, біріншіден, жаңадан туылуыңыз керек. Содан кейін, екіншіден, Киелі Рухпен шомылдырылуыңыз қажет. Иә, бұл екеуі бір Рухтың әр-түрлі екі ісі. Егер бұл сізге мүлдем жат нәрсе болса, ештеңе етпейді. Мен бәрін түсіндіріп беремін. Бір нәрсені дәл қазір ұғып алайық. Исаның айтуынша, Киелі Рухпен шомылдырылудың маңызы сонша, онсыз үйден шықпау керек! Оны айтқан мен емес, Исаның сөзі. Елшілердің істері 1:4-5-ті қарайық.

Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар.

– Елшілердің істері 1:4-5

Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер... Маған куә боласыңдар.

– Елшілердің істері 1:8

Исаның: «Мұнсыз ешқайда кетпей, күтіңдер!» дегеніне назар аударыңыз. Ол: «Құдайдың істерін орындау, Патшалықтың куәгері болу үшін сендерге осы құдірет керек» деп тұр. Дегенмен, қазіргі таңда Киелі Рухтың шомылдыруы туралы әлі естімеген немесе оны бастан кешірмеген көптеген сенушілер бар. Бала кезінен қауымда өссе де, Киелі Рухтың шомылдыруы қажеттілігі туралы ешқашан естімеген көптеген сенушілер бар. Немесе олар қауымда тәрбиеленіп, шомылдырылу біздің заманымызда мүмкін емес, кереметтер кезеңі өтіп кетті деп үйренген.

Мен дәл осындай қауымда өстім және Киелі Рухтың шомылдыратынын ешқашан естіген емеспін. Осы қуатты шындықты әлі естімеген адамдардан әлемнің түкпір-түкпірінен маған көптеген электрондық хаттар келеді. Хаттардың көпшілігі осы дарынның бүгінгі күнге қатысы жоқ деп күмән келтіреді, сондықтан мен Киелі Рухтың шомылдыруы туралы шындықты қағазға түсіруге уақыт бөлдім.

Менің ойымша, бұл сұраққа қатысты Киелі кітаптың өте анық жауаптары бар. Киелі кітап өзі үшін сөйлесін. Ол сіздің барлық сұрақтарыңызға жауап береді. Бірақ, біріншіден, Киелі Рухпен шомылдырылу туралы шындықты қалай ашқаным туралы айтқым келеді.

Жас кезімде мен Құдайды біліп-тануға аш болатынымын (ол ынтам қазір де бар). Менің баратын қауымым конфессиялық қауым болатын, яғни діни ағымның заңдары мен дәстүрлері қатал сақтанатын. Жексенбі күні таңертең әдеттегі жиналыс өтетін. Сіздің де қауымыңыз осыған ұқсас болуы мүмкін. Бір-екі мадақтау әнінен кейін үнсіз ойлану сәті есімде. Біз әрқашан Исаның үйреткен «Көктегі Әкеміз» дұғасын оқитынбыз, содан кейін бағушы уағыз айтатын. Соңында жиналысты аяқтайтын мадақтау әні және бата беру болатын. Әрбір қызмет бірдей өтті.

Қауым мүшелері тамаша адамдар болатын және иә, олар Құдайды шынымен жақсы көрді. Бірақ мен Ізгі хабардың айқын әрекетін ешқашан көрген емеспін. Адамдардың өмірі күрт өзгергенін

немесе Құдайдың құдіретімен емделген адамдарды көрген жоқпын. Құдай Патшалығының жердегі көрінісіне куә болмадым деп те айтуға болады.

Сонымен, Құдайды жақыннан танып-білуге ұмтылған мен бармын. 18 жастамын. Әкемнің пицца дүкенін басқарып жүрмін. Бір күні кешке бір жігіт пицца сататын дүкенімізге кіріп, мені бірнеше күн қатарынан өтетін жиналысқа шақырды. Бұл менің қаламдағы шағын методистік қауымда өтті және шақырылған спикер Исаның Киелі кітаптағыдай істерін қалай жасауға болатыны туралы айтатын евангелист болды.

Дәл осы менің назарымды аударды, өйткені оны қатты көргім келді. Менің бірнеше досым осы қауымға баратын, жиналысқа мен де келетін болдым. Сол күні Киелі Рухпен шомылдырылмасам да, Құдайдың құзыры қызметте маған қатты әсер етті. Достарым мені жексенбі күні тағы да шақырды, келістім. Осы жаңа қауымды қатты ұнаттым. Қауымға ғашық болдым десем қателеспеймін. Ескі қауымымнан осында көштім.

Әлгі жиналыстардан кейін бірнеше апта өткен соң, мен қауымға баратын және апта сайын Киелі кітап зерттеу сабағын өткізетін бір топ әйелдермен таныстым. Олар Киелі Рухпен шомылдырылу, Рухтың дарындары және мен бұрын естімеген басқа да нәрселер туралы айтып жатты. Бұл тақырыптар мені қызықтырғаны сонша, әйелдердің Киелі кітап зерттеу сабағына келе аламын ба деп сұрадым. Олардың жиналысы таңертең өтеді екен. Мен кешке пицца дүкенінде жұмыс істейтіндіктен, таңертең уақытым бар – барайын дедім.

Әйелдер тобының жиналысына келгенде, о жердегі жалғыз жігіт болып шықтым. Оған қоса, менімен жастас құрдастарым жоқ. Бірақ маған бәрі бір. Мен онда Киелі кітапты зерттеу үшін бардым, себебі Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болғым келеді. Өте көп сұрақ қойдым.

Әпкелерім керемет шыдамдылық танытып, менімен бірге Жазбаларды ақтарды. Менің Киелі кітабымнан Киелі Рухпен

шомылдырылу бүгін де бар екенін, және Иса жер бетінде жүрген кездегідей Құдайдың құдіреті бүгін де қолжетімді екенін көрсетіп дәлелдеп берді. Ең жақсысы, бұл барлық сенушілерге – сұраған кез-келген адамға арналған.

Бір-екі апта бойы Киелі кітапты зерттеу сабақтарына қатысқанымнан кейін, олар маған Women’s Aglow деп аталатын ұлттық қызметтің жалпы қалалық жиналыс өткізіп жатқанын айтты. Women’s Aglow Киелі Рухпен шомылдырылу туралы көп нәрсені үйрететін ұйым болды және әлі де солай. Әпкелерім қатысуды жоспарлап, мені өздерімен бірге баруға шақырды. О кезде Киелі Рухпен шомылдырылу туралы тек Елуінші күн қауымдары айтатын. Конференцияға барлық діни ағымдардың сенушілері жиналатын. Бұны кейіннен көбісі Харизматтық Жаңару деп атаған. Онда Киелі Рух туралы ілім мәсіхшілік ішіндегі діни ағымдардың бәрін біріктірді.

Women’s Aglow жиналысына қатысқанымда, жүздеген әйелдердің жиналғанын көрдім. Ер адамдар қатысушылардың аз ғана пайызын құраса да, жиналыс залында Құдайдың құдіреті айқын сезілді.

Адамдар ауруларынан сауығып жатты, басқалары мінәжат еткенде жерге құлап жатты. Бұл мен бұрын-соңды көрмеген нәрсе болды. Бір жағынан, болып жатқанның барлығы маған өте қызық. Екінші жағынан не ойларымды білмей, аң-таңмын. Құдайдың құдіретін өте қуатты сезінгендер оны «Киелі Рухтың соққысы» деп атағанын естідім. Ол сөз біртүрлі болып көрінгенімен, оны басынан өткерген адамдар құлаған орындарынан тұрып, қуанышқа, Құдайдың құзырына ерекше кенелгендей болды. Кейінірек әйелдер қызметіндегі әпкелерімнен білгенімдей, біздің тәніміз Құдайдың құдіретін ұстай алмайды және кейде «майлау» деп аталатын нәрсенің әсерінен уақытша істен шыққандай болады.

Олар маған осыған ұқсас Исаның қызметінде қалай орын алғанын көрсетті. Жохан 18:4-6-да сарбаздар Исаны тұтқынға алу үшін келгенде, Иса:

— Кімді іздеп жүрсіңдер? — деген сұрақ қойды. Олар:

— Назареттік Исаны! — деп жауап берді. Иса:

— Ол Менмін! — деді... Иса оларға «Ол Менмін!» дегенде, олар кейін шегініп, жерге жығыла кетті.

Мадақтау әндері кезінде айналамдағы әйелдердің бәрінің көңілі қатты толқыды. Жиналғандардың көбісі бөтен тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап жатты. Мұның барлығы мен бұрын-соңды көрмеген, өте жаңа нәрсе болды. Жиналыстың басым бөлігінде мен таңқалып отырдым. Кездесудің маған жат көрінген тұстары көп болғанымен, Құдайдың керемет және көзге көрінетін дерлік қатысуын жоққа шығара алмадым. Мен Інжілдің шындығын, Құдайдың құдіреті Киелі кітаптағыдай жер бетінде әлі де әрекет етіп жатқанын көргенде қатты қуандым.

Сол күні жиналыстың соңында спикер Киелі Рухтың дарынын алғысы келетіндердің дұға ету үшін сахнаның алдына шығуын өтінді. Сөйтіп мен әпкелеріммен бірге дұға ету үшін алға шықтым. Олар мінәжат еткенде, Құдайдың қатысуы одан сайын күшейе түсті. Сәл есеңгіреп, сасып қалдым. Оның қатысуына мойынсұнғанымда, Киелі Рухпен мінәжат ете бастағанымды және түсінбейтін сөздерді айтқанымды естігенде таң қалдым. Сол кеште біраз уақыт бөтен тілдерде дұға еттім. Оқиға мені қатты таң қалдырды, кездескен барлық адамға не болғанын айтқым келді! Бірақ мен алғашқы қауымдағы достарыммен бұл туралы бөліскенімде, олар қуана қоймады. Олар бөтен тілдер шайтаннан келеді немесе бөтен тілде сөйлеу тек бұрында болған, қазір мүмкін емес деп айтатын. Дұрыс жолдан тайған, есінен адасқан харизматтардан аулақ болуды ескертті!

О кезде қауымдар Рухтың дарындарын қабылдауға дайын емес еді, ал ғажайыптар мен кереметтер елшілермен бірге өткенде қалды деген ілім басым болды. Бірақ мен Құдайдың құдіреті мүлде өтіп кетпегенін енді түсіндім!

Осы Women's Aglow конференциясына дейін, мен шағын методист қауымымда жастар қызметіне жауапты болдым. Әр жексенбі күні

кешке қауым жертөлесінде жастар жиналысын өткізуден басқа, менен онша көп талап етілмеді. Біз әдетте ойын ойнап, жеңіл тамақ пен сусын ішіп, Киелі кітапты қысқаша зерттейтінбіз. Шынымен жас едім, бірақ менде Құдайдың істеріне деген құлшыныс және қолымнан келгенше көмек көрсетуге дайындық болды.

Жастар тобында әдетте 15-ке жуық бала болды. Оларға Women's Aglow жиналысында көргенім туралы, өз басымнан өткен Киелі Рухпен шомылдырылу туралы айтқым келді. Мен сияқты олардың көпшілігі бұл туралы естімеген. Болашақта жексенбі күні таңертеңгі қызметте бұл туралы ешқашан естімейтінін білдім.

Одан кейін не болғанын айтпас бұрын, сол кездегі ойымды түсіндірейін. Киелі Рухпен шомылдырылу туралы жастармен сөйлесуге бағушыдан рұқсат алған жоқпын (мұным қате болды, алдымен рұқсат алуым керек еді деп ойлаймын). Бағушыға өзімнің бөтен тілдерде сөйлейтінімді де айтқан жоқпын.

Өз қауымыма қарсы көтеріліске шығатын ойым болған жоқ. Бағушыны айналып өтіп, өзімнің тәлімімді беруге де тырыспадым. Бар болғаны, жай ғана қуанғанымнан, білгенімді бәріне айтқым келді. Ол кезде мен бұл тақырыптағы келіспеушілікті түсінбеп едім және бағушы бұған қарсы болады деп ойламадым.

Киелі Рухпен шомылдырылғаннан кейін, жексенбі күні кешке жастар жиналысында ол туралы айтып беруді және Елшілердің істері кітабындағы осыған қатысты үзінділерді көрсетуді жоспарладым. Жастар тобына тәжірибемді айтып, оның сенісуге жат нәрсе емес екенін дәлелдеу үшін Киелі кітапты оқығанымда, бәріміз қауымның жертөлесінде еденде шеңбер құрып отырдық.

Дәл осы кеште бағушы жиналысымызға қатысайын деді. Сөзімді айтқанда, ол менің сол жағымда отырды. Бағушының келгені ерекше бір жағдай деп ойлаған жоқпын. Менің бағушым ретінде, ол менің білгенімнің бәрін біледі деп ойлады.

Сөйтіп, жастар қызметінде менің барған конференциям туралы, онда көргенім жайлы ашық айтып бердім. Бөтен тілдерде сөйлеу

туралы көп егжей-тегжейге тоқталған жоқпын. Оның орнына мен назарымды Елшілердің істері 1:9-ға аудардым, онда Киелі Рух бізге қонғанда, біз Оның құдіретін қабылдаймыз және Иса Мәсіхке куә боламыз деп жазылған. Кездесудің соңында сабағымды қалай аяқтайтынымды білмедім, сондықтан балалардан Киелі Рухпен шомылдырылғысы келсе, қолдарын көтеруін өтіндім.

Ол кезде не істеп жатқанымды білмедім. Әйелдер жиналысында көргенімнен басқа, ешкімге Киелі Рухтың шомылдырылуы туралы қызмет еткенін көрген емеспін. Ол кезде оған сілтеме жасайтын екі-үш Жазба үзіндісін ғана білетін шығармын.

Сондықтан жай ғана: «Егер Киелі Рухтың осы тегін сыйын алғың келсе, қолыңды көтер де, басыңды иіп менімен бірге дұға ет» дедім. Бар айтқаным осы. Ешкімге қолымды тигізіп мінәжат еткен жоқпын. Киелі Рухты қалай қабылдау керектігін де үйреткен жоқпын. Басымызды иіп мінәжат еттік. Әрине, барлық «жақсы» конфессиялық мәсіхшілер үйретілгендей, дұға ету үшін көзімізді жұмдық.

«Әумин» деп орныма отырғанда, ү-шу басталды. Көзімді ашсам, балалардың кейбірі жылап, біреулері дірілдеп отыр. Жетеуі бөтен тілдерде сөйлей бастады. Олар бөтен тілде сөйлегенде, жүздерінен ерекше нұрды көрдім. Олар шам сияқты жарқырап жанып тұрды! Қандай керемет!

Осы уақытқа дейін үндемей отырған бағушым иығымнан түртіп, дәл қазір оңаша сөйлесуге шақырды. Жеке тұрған бөлмеге кірдік. Ол маған қарап: «Бұл шайтаннан. Сен енді бұл қауымда жастар қызметін басқара алмайсың. Біздің қауым ондайды қабылдамайды» деді.

«Бұл шайтаннан деп қалай айта аласыз? Мына балаларға қараңыз! Олар нұрдай жарқырап тұр!» деп ойлады. Оларға қарап, Құдайдың майлауын анық көруге болатын еді. Әрине, ол кезде мен майлау дегеннің не екенін білмедім. Бар болғаны, олардың жүздерінен нұр көрдім. Оларға саусағымның ұшын да тигізбедім немесе былай да былай істеңдер деп айтпадым. Бағушымнан осылай сөгіс естігенде, абдырап, не істерімді білмей қалдым.

Келесі жексенбі күні әдеттегідей қауымға бардым. Бірақ осы жолы үйреншікті жеріме, залдың бас жағында, сахнаға жақын отырудың орнына, артқы қатарға барып отырдым. Жастар кездесуіндегі жайттың арқасында бағушымның қаңарына ұшырағанымды білдім, сондықтан жағдай дұрысталмайынша, өзіме көп назар аудара бермейін деп, тыныш жүргенімді жөн көрдім.

Жексенбілік таңғы қызмет кезінде әдеттегідей үнсіз ойлану сәті орнады. Бұл менің қауымымдағы өте құрметті және тыныш дұға сәті болды. Барлығы бас иіп, тым-тырыс тұрды. Бір дыбыс шыққан жоқ. Түйреуіштің жерге түскенін естуге болар еді. Дәл осы сәтте иығымнан біреу түртіп жатқанын сездім. Шеткі орындықта отырған едім, шамасы, біреу залдың кіреберісінде тұрып, иығымнан қаққан шығар дедім.

Бастапқыда мінәжаттың өте тыныш және ұстамды сәтінде біреудің орынап тұрып, басқа жаққа барғанына таң қалдым. Қарасам, бір апта бұрын жастар жиналысында болған балалардың бірі екен. Мен оның сол түні Киелі Рухпен шомылдырылған жеті адамның бірі екенін де білдім. Ол мені: «Кеттік!» деп бір жерге шақырды. Мен: «Кеттік дейсің бе? Қайда барамыз?» деп ойладым.

Бір қызығы, оның жүзінен Киелі Рухты қабылдаған кештегідей жарық көрінді. Құдайдың бірдеңе істеп жатқанын білдім. Бірақ, бағушыммен сөз таластырып қалғаннан, қазір әлдене жасайтын уақыт та, орын да емес шығар деген күмән туды. Оған қоса, үлкендер жиналған таңертеңгі қызметте біз ойымызға келгенді істей алмаймыз ғой. Сонда әлгі бала: «Мен анам үшін мінәжат етейін деп жатырмын» деді.

Енді не болып жатқанын түсіне бастадым. Мен бұл баланың анасын танимын. Ол бойы аласа, арық әйел еді. Денсаулығы нашар, ұзақ уақыт бойы бір аурумен күресіп жүр. Ол кісінің бес омыртқасы бұзылып кеткен. Дәрігерлердің жалғыз үміті оларды біріктіру болды. Бұл өте ауыр операция еді және әлгі бала шешесінің жалғыз ұлы болды. Әрине, анасы үшін алаңдағаны орынды.

Киелі Рухқа кенелгеннен кейін ол Исаның анасын сауықтыратынына сенімді болды. Сондықтан ол «Кеттік» дегенде, мен анасының жанына отырып, оған қолын тигізіп, үнсіз дұға етеді деп ойлады. Досымның ойындағысы тіпті басқа нәрсе екен. Ол анасының қасына барып, қолынан ұстап, сахнаның алдына жетектеп апарды.

Ол әйелді отырғызды да, мүмкіндігінше дауысын қатты шығарып, бөтен тілдерде мінәжат ете бастады. Есіңізде болсын, мұның бәрі «үнсіз ойлану» сәтінде болды. Тыныштық бұзылды. Асып-састым! Содан кейін бала маған бұрылды да: «Қауымға не болып жатқанын сен түсіндір» деді. Жігіттің мені неге шақырғанын енді түсіндім. Киелі Рухтың шомылдыруы туралы бірінші рет айтқан менмін. Сондықтан қауымға анасы үшін неге бөтен тілде дұға етіп жатқанын түсіндіретін де мен болуым керек деп ойлаған екен ол.

Сөйтіп, ол анасы үшін тілде дұға етіп жатқанда, мен ол жігіттің хатшысы сияқты қауымның алдында тұрдым. Бір мезет сөйлеу қабілетінен айырылып қалғандай болдым. Не айтарымды білмей қалдым. Бағушымның көзі ашудан жарқ-жұрқ етеді. Бар жігерімді жинап, жігіттің анасы ауырып қалғанын және баласының анасы үшін Киелі кітапта жазылғандай бөтен тілдерде мінәжат етіп жатқанын айттым. Сосын не болғанын білесіз бе? Анасы сол күні қауымда бірден сауығып кетті!

Ұлы басқалардың пікірімен санасайын деген жоқ. Түсінкіз тілде мінәжат етсем, жұрт не дейді деген жоқ. Ол Киелі Рухтың тірі және құдіретті екеніне сенді. Киелі Рухтың анасын емдей алатынына күмәнданбады.

Әйел бірден сауығып кетсе де, қауым оны жақтырмады. Шындығында, жиналғандардың көбісі маған кейіннен: «Баланың анасы үшін дұға еткеніне қарсы емеспін, бірақ бұл бөтен тілдер, біз оның қауымда болғанына жол бермеуіміз керек» деді. Шайтанның да бөтен тілдерді жек көретініне күмәнім жоқ. Бұл кітап аяқталмай тұрып, оның неге тілдерді жек көретінін түсінуге сізге көмектесемін.

Мүмкін сіз бөтен тілдер мен Рухтың дарындары туралы ешқашан

сөз қозғамаған қауымда өскен шығарсыз. Немесе бөтен тілде сөйлеу бүгін мүмкін емес екенін және ол дарынның қазір жоқ екенін естуіңіз мүмкін. Бұл сұрақтарға жауап беру қиын емес. Киелі кітапта бұл туралы өте анық жазылған. Ендеше, Сөзге мұқият қарап, Киелі Рухтың шомылдыруы туралы шындықты білейік. Осы тараудың басында оқыған аяттарға қайта оралайық.

Иерусалимнен кетпей, Әкенің өз уәдесін орындауын тосыңдар! Мен сендерге сол туралы айтқан едім ғой. Жақияның шомылдыру рәсімі сумен болатын, ал енді біраз күнде сендер Киелі Рухпен шомылдырыласыңдар.

– Елшілердің істері 1:4-5

Бұл аятта бірнеше маңызды ой бар:

**«СЕНДЕРГЕ АЙТЫП
ЖҮРГЕН СӨЗДЕРІМ
ӨЗІМДІКІ ЕМЕС,
ӘКЕМДІКІ. СОЛ СΙΑҚТЫ
МЕНІМЕН ТЫҒЫЗ
БАЙЛАНЫСТАҒЫ ӘКЕМ
ӨЗІНІҢ ІСТЕРІН ДЕ МЕН
АРҚЫЛЫ ІСТЕП ЖАТЫР».**

– **ЖОХАН 14:10**

1. Киелі Рухпен шомылдырылу сумен шомылдыру рәсімінен өзгеше.
2. Иса мұның өте маңызды екенін айтты. Шындығында, Ол онсыз ештеңе істей алмайсыңдар деп ескертті.

Есіңізде ме, Иса жаңа ғана шәкірттеріне барлық халықтарға Ізгі хабарды уағыздауға бұйырған болатын. Бірақ олар осы шомылдырылусыз көктегі

Патшалықты дұрыстап көрсете алмайтын еді. Сондықтан Иса: «Осы құдіретті қабылдамағанша, орындарыңнан қозғалмаңдар» деді.

Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар.

– Елшілердің істері 1:8

Құдірет! Мұндағы құдірет деген сөз грекше – *dunamis*. «Динамит» деген сөз осы сөзден шыққан. Осылайша Оның істерін орындауымыз үшін бізге Құдайдың құдіреті қонады. Иса Өз қызметіндегі құдіреттің (немесе майлаудың) Әкесінен келгенін айтқан болатын.

«Сендерге айтып жүрген сөздерім Өзімдікі емес, Әкемдікі. Сол сияқты Менімен тығыз байланыстағы Әкем Өзінің істерін де Мен арқылы істеп жатыр» (Жохан 14:10)

«Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды» (Жохан 5:19)

Көрдіңіз бе, Исаның Өзі Құдайдың Рухының құдіретіне мұқтаж болды. «Майлау» сөзі «әлденеге қолдану» дегенді білдіреді. Иордан өзенінде Киелі Рух көгершін бейнесінде Исаға қонғанда, Иса майлауды Әкесінен алды.

Иса майлауды алғаннан кейін ғана Патшалықтың істерін атқара алды. Майлау Исаға керек болса, бізге де керек! Бұл құдірет Құдайды танымайтындарға Жаратқанның шынайы екенін көрсетеді (немесе дәлел болады).

Сондай-ақ құдіретті Киелі Рух БІЗГЕ ҚОНҒАНДА қабылдаймыз деп жазылған. Қайта туылу кезінде, Киелі Рух жүректерімізге енеді, бұл басқаша.

Көбісі Киелі Рухтың шомылдыруы туралы естігенде, Мәсіхті қабылдаған кезде Киелі Рухты қабылдадық деп ойлайды. Ол рас, адам Мәсіхті қабылдаған кезде, Киелі Рухты да қабылдады. Киелі Рух адамның рухын Құдай үшін тірілтті және Құдаймен біртұтас етті.

Біз қайта туылған кезде ішіміздегі Киелі Рухтың құдіретімен Құдай үшін тірілеміз. Бірақ жоғарыдағы үзіндімізде «Киелі Рух өздеріңе қонғанда» деп жазылғанына назар аударыңыз. Бұл біз кейінірек қарастыратын маңызды факт: қайта туылу және Киелі Рухпен майлану немесе Киелі Рухпен шомылдырылу – ол әртүрлі екі жайт.

Жохан 20:21-22-ге қарасақ, мұны жақсырақ түсінуге болады:

Иса оларға тағы да: «Сендерге амандық пен тыныштық болсын! — деді. — Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» — Осылай дегеннен кейін Иса шәкірттерінің бетіне демін үрлеп: «Киелі Рухты қабыл алыңдар!» — деді.

Біз Исаны қайта тірілгеннен кейін, шәкірттерімен амандасып, оларға демін үрлеп, Киелі Рухты қабылдауды бұйырған кезінде көреміз. Осы сәтте олар қайта туып, іштеріндегі рухтары Құдаймен қарым-қатынас үшін жанданады. Алайда Иса оларға кейінірек қонатын Киелі Рухтың шомылдырылуын күту керек дейді.

Егер Иса үрлеген кезде олар Киелі Рухты түгел қабылдаған болса, Киелі Рухтың оларға қонуын неліктен күту керек? Тағы да, бұл екі түрлі оқиға және екі түрлі іс, бірақ бір Рух. Сондай-ақ, алдында айтқанымдай, Иса қызметке кірісіп, ол қызмет жеміс әкелуі үшін, Киелі Рухпен шомылдырылуы керек. Осыны атап өткім келеді. Иса Киелі Рухпен шомылдырылғанға дейін Оның бірде-бір керемет жасағаны туралы ешбір дерек жоқ. Иса бала кезінде дастархан басында нанды көбейтті ме? Ол сәби кезінде кереметтер жасады ма? Ол қарны ашқанда нәрестелерге арналған тамақты көбейтті ме? Жоқ! Оның бәрін Иса істеген емес. Неліктен? Қарапайым және шынайы жауап: Ол мұның бәрін істей алмады.

Иса Иордан өзенінде Киелі Рухты қабылдағаннан кейін ғана кереметтер жасай бастады. Көрдіңіз бе, Иса адам болып келді. Ол Құдайдың Ұлы ретінде Өзінің құдіреті мен ұлылығымен келген жоқ. Кез-келген адам шектеулі болғандықтан, Ол да шектеулі болды. Сіз бен біз ешқандай керемет жасай алмайтындай, Ол да ешкімді емдей алмады, әрі ешқандай керемет жасай алмады.

Алайда, бізден айырмашылығы, Иса туылған кезде, Оның рухы Құдай үшін өлі емес еді. Оның рухы Құдай үшін әрқашан тірі болды; Оның біз сияқты қайта туылуының қажеті жоқ еді. Алайда, Құдайдың

Ұлы ретінде Оның рухы тірі болғанымен, Өз қызметін бастау үшін ол әлі де Киелі Рухпен шомылдырылуы керек еді.

Иса шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін дереу судан шықты. Сол сәтте көк ашылып, Иса Өзіне көгершін сияқты төмендеп келіп, қонған Құдай Рухын көрді. Сонда көктен: «Бұл — Менің сүйікті рухани Ұлым, Оған толықтай ризамын!» — деген дауыс естілді.

– Матай 3:16-17

Біз Исаны Патшалардың Патшасы және Иелердің Иесі деп санаймыз, бірақ бұл Оның қызмет еткендегі ұстанымы емес еді. Ғажайыптар Иордан өзенінде Оған Киелі Рух қонғаннан кейін ғана басталды.

Сіздің қызметіңіз (әрбір сенуші Исаның істерін орындап, қызмет етуге шақырылған) Киелі Рухпен шомылдырылмайынша басталуы мүмкін емес — Құдайдың істерін орындау үшін сізге Киелі Рухтың құдіреті қажет. Оларды қалай орындау керектігін білу үшін сізге Рухпен дұға ету қабілеті қажет, біз оны кейінірек талқылаймыз.

Әрине, Киелі кітаптың құтқарылу туралы не дейтінін айтып, сіз қайта туылған адам ретінде тәжірибеңізді сенбеушілерге ұсына аласыз. Киелі Рухпен шомылдырылудан өтпеген көптеген мәсіхшілер Ізгі хабарды өте тиімді таратуда, бірақ олардың Иса сияқты Патшалықты көрсетуге күші жоқ. Бұл көптеген әлсіз уағыздарға әкеледі.

Иса парызышылдарға сенбейтіндері туралы айтқан кезде, Өзінің жасап жатқан кереметтеріне сілтеме жасады. Ол былай деді:

«Менің Әкеммен, Әкемнің Менімен тығыз байланыста екенімізге сеніңдер! Әйтпесе істеген кереметтеріме сүйеніп Маған сеніңдер» (Жохан 14:11)

Яғни, Исаның айтып тұрғаны, Патшалықтың істерін көрсету барлық

дауларды тоқтатады; мәселе шешіледі. Енді, әрине, әрбір сенуші Иса төлеген барлық нәрсені иемденуге, соның ішінде емделуге толық заңды құқығы бар. Әрбір сенуші Құдайдың кез-келген уәдесін сенім арқылы (яғни, аспанмен келісім арқылы) ала алады. Құдайдың жарылқауларын алу үшін Киелі Рухпен шомылдырылу қажет емес.

Бірақ бұл Құдайдың құдіреті сіз арқылы басқаларға ағуы үшін және сіз Рухтың дарынымен бірге ағып, бөтен тілдерде мінәжат ету арқылы көктегі құпияларда жүрудің кереметін көруіңіз үшін сізде Киелі Рухтың құдіреті болуы керек! Бөтен тілдерде дұға ету дегенің не екенін толығымен түсінбеуіңіз мүмкін. Алайда, ол сізді қорқытпасын. Мен оны кейінірек толық түсіндіремін.

Қызым Эми Огайо штатындағы Нью-Олбани қаласында біздің қауымда, Faith Life қауымында қызмет етеді. Біраз жыл бойы оның қарыны баяу үлкейе берді де, сыртқа шығып кеткен болатын. Көптеген дәрігерлерге қаралсақ та, мұның себебін ешкім анықтай алмады. Барлығы қызымның денесінің ерекшелігі осындай деді.

Эмидің іші ұлғая берді де, біраздан соң ол алты айлық жүкті сияқты көрінетін болды. Сол кезде Эми рентгенге түсті. Рентгеннен біз үлкен ісікті анық көрдік. Рентгенді көрген Эми келесі қадамның қандай болатынын бірден білді. Медициналық операция жасатуға тура келді. Жақында қызым тұрмысқа шыққан болатын, сондықтан операция туралы шешім қабылдау оңай емес-тін. Операция Эмидің кейіннен бала көтеруіне қауіп төндіруі мүмкін. Эми оған келісе алмайды. Ол өмір бойы ана болуды армандады. Сондай-ақ біз рентгендік суретте үлкен ісіктің ішкі мүшелерді ығыстырғанын көрдік. Бұл ас қорыту проблемаларын, сондай-ақ бүйректің ауыр проблемаларын тудырды. Эми Құдай Сөзіне шындап мән беріп, Киелі кітаптың емдеу туралы үйрететініне ғана назар аударуды шешті.

Сол кезде мен Faith Life қауымында емделу жайлы бірнеше сабақ бердім. Соңғы уағыз аяқталғанда, Эми бас қызметкерлерден оған қолын қойып, Жақып 5:14–15-ке сәйкес оның сауығуы туралы дұға етулерін өтінді. Біз тура солай істедік.

Қайсыбіреуің ауырып қалса, қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар соның маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып, оның үстіне қолдарын жайып сиынсын. Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ. Егер ол күнә жасаған болса, кешірілмек.

– Жақып 5:14-15

Құдай Сөзіне сенімді болған Эми, біз қолымызды тигізіп мінәжат кеткенде, өзінің жазылып кетуін сеніммен қабылдады. Біз сиынған сәтте сауығу физикалық тұрғыдан көрінбесе де, қызым емделіп кеткеніне сенімді болды.

Екі аптадан кейін де сауығудың еш дәлелі болған жоқ. Бір күні таңертең Эми таңғажайып кереметпен оянды. Қызым ұйықтап жатқанда, бір түнде 13 фунт және 9 дюймға арықтады. Оның бұралған және түйінделген арқасы да енді мүлдем сау болды. Ол бірден сауығып кетті!




ДЕЙІН

КЕЙІН

Бұл суреттер таңғажайып емделудің дәлелі. Сол жақтағы сурет Эмидің төсекке жатқанға дейін қандай болғанын көрсетеді. Оң жақтағы суретте оның оянғанда қандай болғаны көрсетілген.

Келесі суреттерден Эмидің сауыққанға дейінгі арқасының рентгенін, және сауығып кеткеннен кейінгі аптада түсірілген рентгенді көруге болады. Омыртқадағы күрт өзгеріске назар аударыңыз!



ДЕЙІН. Омыртқа шамадан тыс түзеліп кеткен. Ішек орнынан жылжып кеткен. Қарында үлкен ісік бар.

КЕЙІН. Омыртқаның қалыпты иілісі бар. Ішек орнына түскен. Ісік жойылған.

Эми ол кезде Faith Life қауымында мадақтау тобының жетекшісі еді. Ол қазір де сол қызметті атқарады. Келесі жексенбіде ол қауымға барғанда не болғанын білетін шығарсыз — адамдар оған қарап аң-таң қалды! Фойеге тоқтап, көздеріне сенер-сенбесін білмей: «Саған не болды? Жаңа денені қайдан алғансың?» деп сұрап жатты. Сол жексенбіде Эми мадақтауды жүргізгенде бүкіл қауым қатты таңқалды. Құдай Патшалығының осы тамаша көрінсі көптеген адамдардың Құдайға келуіне себеп болды. Сол күні көптеген адамдар сауығып кетті!

Менімен келісетін шығарсыз, адамдар Құдай Патшалығының жұмысын өз көздерімен көруі керек. Елшілердің істері 1:8-де біз майлаудың, яғни Киелі Рухпен шомылдырылу өте маңызды екенін көреміз.

Бірақ Киелі Рух өздеріңе қонғанда Оның құдіретін қабылдайсыңдар. Содан сендер Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін Маған куә боласыңдар.

– Елшілердің істері 1:8

Ал Исаға келетін болсақ, бұл құдіретсіз Құдай Патшалығын көрсету мүмкін болмаушы еді.

Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек: олар Менің атыммен жындарды қуып шығарып, жаңа тілдерде сөйлейді. Егер де қолдарымен улы жылан ұстап не у ішіп қойса, содан ешқандай зақым көрмейді. Ауру адамдардың үстіне қолдарын қойса, олар сауығып кетеді.

– Марқа 16:17-18

Жыландарды ұстау және өлтіретін ұды ішу шайтанның патшалығын білдіреді. Бұл қорқынышқа тікелей сілтеме. Шайтанның патшалығы баяғыда жеңілді. Иса қауіпті жыландарды шынымен қазір қолымызға ұстауды немесе у ішуді ұсынбайды. Ол бұл сөз тіркесін бізге жауды жеңуге берілген күштің мысалы ретінде қолданады. Біз Құдайдың бұл билігі мен құдіретін алып, шайтанның патшалығына басып кіріп, адамдарды азат етуіміз керек!

Исаныңсенушілер «мынадай кереметтерді» істемек деп айтқанына назар аударыңыз. Адамдар Патшалықтың бұл кереметтерін (немесе белгілерін) көргенде, оның қалай мүмкін болғанын сұрайды. Белгі бір нәрсеге меңзейді. Керемет өз алдына жауап емес, қайта ол Исаға, Оның кім екеніне нұсқайды!

Бұл белгілер Исаның Иеміз екеніне қатысты күмәннің барлығын жояды. Әрине, Ол – пашталардың Паштасы, әрі иелердің Иесі! Адамдар Оның бар екенін көргенде тәубе етіп, Құдайға бет бұрады. Сондықтан сіз бен біз Киелі Рухпен шомылдырылуға мұқтажбыз және онсыз біз шынымен тиімді бола алмаймыз! Енді Киелі Рухпен шомылдырылу неліктен қажет екенінің негізін салған соң, осы майлау туралы сөз қозғайтын Жазбаларды қарастырайық.

5 ТАРАУ

КИЕЛІ КІТАПТЫҢ ДӘЛЕЛІ

Киелі Рухпен шомылдырылуды жақсырақ түсінгіміз келсе, Елшілердің істері кітабында жазылғандай, оны алғашқы өнім мейрамында қабылдағандардың өмірін мұқият зерттегеніміз жөн. Жазбаның әр үзіндісін оқыған сайын, осы шомылдырылу сізге де арналған деген сеніміңіз де арта түседі.

Алғашқы өнім мейрамы келгенде, сенушілердің бәрі бірге болды. Сонда кенеттен көктен бір қатты жел соққандай шу естіліп, олар отырған бүкіл үйді алып кетті. Сенушілерге жалындай жалаңдаған тілдер көрінді де, бөлініп-бөлініп әрқайсысының үстіне бір-бірден қонды. Бәрі Киелі Рухқа кенеліп, Оның өздеріне берген дарынына қарай бөтен тілдерде сөйлей бастады. Сол кезде Иерусалимде дүниенің төрт бұрышындағы әр елден келген, Құдайды қастерлейтін яһудилер тұратын. Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалиялықтар емес пе? — десті. — Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?! Арамызда парттар, мидиялықтар және еламдықтар бар, Месопотамия, Яһудея және Қападоқияда, Понтус пен Азия, Фругия мен Памфүлия

аймақтарында, Мысырда және Либияның Күренеге жақын өлкелерінде тұратындар бар; арамызда Римнен келген қонақтар — яһудилер және яһуди дініне кіргендер, сондай-ақ, криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз!» Бәрі аң-таң болып не істерін білмей, бір-бірінен: «Бұл нені білдіреді екен?» — деп сұрасты. Ал кейбіреулері мысқылдап: «Сірә, олар тәтті шарапқа тойып алған шығар», — деді.

– Елшілердің істері 2:1-13

Ең алдымен, мынаған көз жеткізіңіз. Киелі кітапта олардың бәрі Киелі Рухқа кенелді деп жазылған! Екіншіден, олардың бәрі бөтен тілде сөйледі. Бәлкім, сіз әртүрлі уағыздарда алғашқы өнім мейрамын сипатын естіген шығарсыз. Жиналғандардың барлығы бөтен тілдерде неге сөйлегенін көптеген уағызшылар түсіндіруге тырысады. Кейбіреулер бұл қауым тарихында бір-ақ рет болған жайт деп сендіреді. Бұл пікірге сәйкес, мейрамға көптеген ұлттар жиналғандықтан, Ізгі хабарды әр түрлі тілде сөйлейтін адамдарға уағыздау үшін Киелі Рухтан келген бөтен тілдер қажет болды.

Бірақ егер Жазбаны мұқият оқысақ, онда жоғарғы бөлмеде отырған 120 адам Құдайдың керемет істері туралы айтқанын көреміз. Олар Ізгі хабарды уағыздаған жоқ; олар тек Құдайды мадақтады.

«Бірақ әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз!» Бәрі аң-таң болып не істерін білмей, бір-бірінен: «Бұл нені білдіреді екен?» — деп сұрасты.

– Елшілердің істері 2:11-12

Олардың өздері білмейтін тілдерде Құдайды мадақтап жатқанын естігенде, айналадағылар қайран қалды. Содан кейін Петір орнынан тұрып, құтқарылу туралы хабарды уағыздады және сол күні қауымға

3000 адам қосылды. Енді, егер шәкірттер басқа тілдерде уағыздаса, Петірдің орнынан тұрып уағыздаудың қажеті болмас еді. Бірақ Петір уағыздауға тұрғанға дейін, басқалар естігендерін нақты түсінбеді. Бөтен тілдер ол кезде Ізгі хабарды уағыздауға пайдаланбаған. Тура солай қазір де оларды Ізгі хабарды уағыздауға қолданбаймыз. Біз бөтен тілдің сенушіге әкелетін пайдасын келесі тарауда қарастырамыз, бірақ әзірге мен кең таралған пікірді талқылап отырмын.

Тағы да айтқым келеді, Киелі кітапқа сәйкес, олардың барлығы Киелі Рухқа кенелген және олардың барлығы бөтен тілдерде сөйлеген. Енді Киелі кітап әрі қарай бұл туралы ештеңе айтпаса, бөтен тілдерде сөйлеу бүкіл қауымға арналмаған деп ойлауымызға болады. Бірақ Жазба мұнымен тоқтамайды. Керісінше, бұл құбылыстың жалғасқанын және алғашқы өнім мейрамынан кейін Киелі Рухпен шомылдырылған әрбір адам бөтен тілде сөйлегенін көреміз.

Сізге алғашқы өнім мейрамында болған ерлердің бірі туралы айтып берейін, оның есімі Філіп еді.

Бытырап кеткен сенушілер ел аралап, Ізгі хабарды таратып жүрді. Қауым қызметшісі Філіп Самарияның астанасына келіп, оның тұрғындарына Мәсіх туралы Ізгі хабарды жариялады. Көптеп жиналған халық Філіптің уағыздарын естіп, оның Құдайдың құдіретін көрсеткен кереметтерін көргенде, барлығы бірдей Філіптің айтқандарына зейін қойды.

– Елшілердің істері 8:4-6

Мұнда біз Філіптің Патшалықтың істерін көрсетіп жатқанын және оны мұқият тыңдаған халықты көреміз. Бүгін де солай болуы керек! Адамдар кереметтерді көргенде, Патшалықтың дәлелдерін көргенде, сізді зейін қойып тыңдайды.

Өйткені көп кісілердің буып жүрген жындары қатты айқайлап бойларынан шығып кетті, әрі көптеген сал,

мүгедек болғандар сауықтырылды. Содан қала халқы зор қуанышқа кенелді.

– Елшілердің істері 8:7-8

Філіптің Киелі Рухтың құдіретін жаңа ғана қабылдап, Иерусалимге жаңа келгеніне назар аударыңыз. Ол көптеген кереметтерді жасады, осылайша Құдайдың құдіреті бәріне анық көрінді. Ол *dunamis-mi* (грекше «күш» деген сөз) алған еді; сондықтан Құдай Патшалығының куәгері бола алды.

Иерусалимдегі елшілер «Самарияның халқы Құдайдың Ізгі хабарын қабыл алды» дегенді естігенде, оларға Петір мен Жоханды жіберді. Екеуі келген соң, Киелі Рухты қабылдасын деп солар үшін сиынып мінажат етті. Себебі Киелі Рух әлі олардың ешқайсысына қонбаған еді. Олар тек Иеміз Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткен болатын. Екі елші олардың үстеріне қолдарын қойғанда, самариялық сенушілер де Киелі Рухты қабылдады.

– Елшілердің істері 8:14-17

Иерусалимдегі елшілер Самарияның Құдай Сөзін қабылдағанын естігенде, оларға Петір мен Жоханды жіберді. Елшілер келгенде, самариялықтардың Киелі Рухты қабылдаулары үшін дұға етті, өйткені Киелі Рух олардың ешқайсысына әлі қонбаған еді. Сонда да жынды шығып, адамдар сауығып жатты. Құдайдың құдіретті істері жасалды, адамдар Исаға сеніп, суға шомылдыру рәсімінен өтті. Бірақ Киелі Рух олардың ешқайсысына әлі ҚОНБАҒАН!

Көріп тұрсыз ба, Філіп құтқарылуды уағыздады. Самариялықтар оны қабылдап, Құдайдың кереметтеріне куә болды. Бірақ олар әлі Киелі Рухпен шомылдырылған жоқ. Иә, олар қайта туылды, бірақ мына сөздерге қараңыз: Киелі Рух әлі «ОЛАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫНА ҚОНБАҒАН ЕДІ». Қайтадан сол бір айырмашылықты көріп отырмыз – біздегі Киелі Рух (қайтадан туылу) және бізге құдірет беріп қонатын Киелі Рух.

Киелі кітапта Філіптің самариялықтарға Киелі Рухпен шомылдырылу туралы неге уағыздамағаны айтылмаған. Ол өзі Киелі Рухпен шомылдырылғаннан кейін бірден Иерусалимнен кетіп қалуы мүмкін және сол кезде оның барлық сенушілерге арналғанын білмеуі мүмкін. Қандай да себеп болмасын, адамдардың Ізгі хабарға сеніп, суға шомылдыру рәсімінен өткені белгілі. Осының арқасында олар қайтадан туылды. Бірақ самариялықтардың бірден Киелі Рухпен шомылдырылғаны елшілер үшін қаншалықты маңызды болғанына назар аударыңыз.

Елшілердің бірінші ойы оларға қалай киіну керектігін үйрету болған жоқ. Олар: «Жаңадан сенгендерге дұрыс киіну тәртібін немесе қауым жиналысын қашан өткізу керектігін айтайық» деген жоқ. Олар діннің ережелеріне де алаңдамады. Елшілер бірінші кезекте нені ойлады? Киелі Рухпен шомылдырылуды ойлады! Сондықтан олар дереу Самарияға барып, жаңадан сенгендерге Киелі Рухпен шомылдырылу туралы бәрін айтып беруге күш салды.

Сосын Петір мен Жохан қолдарын оларға тигізіп мінәжат еткенде, олар Киелі Рухты қабылдады. Дәл сол кезде, дәл сол жерде Киелі Рухты қабылдады. Оған қандай дәлел бар? Менің ойымша, басқалардың дәлелі қандай болса, самариялықтардың дәлелі де сондай, ол – бөтен тілдерде мінәжат ету.

Шимон елшілердің алақан тигізуі арқылы адамдарға Киелі Рух берілгенін байқағанда оларға ақша ұсынып:

— Маған да осындай билік беріңдерші, үстіне қолымды қойған әркім Киелі Рухты қабылдап жүрсін, — деді. Петір оған былай деп жауап берді:

— Құдайдың беретін дарынын ақшаға сатып аламын дегенің үшін, ақшаң өзіңмен бірге құрысын. Осы қызметті атқаруға сенің қақың жоқ, себебі Құдайдың алдында жүрегің таза емес. Сондықтан осы жаман қылығыңа өкініп, Құдай Иеге сиынып жалбарын! Мүмкін, Ол жүрегіңдегі қара

ниетіңді кешірет. Жаман қызғаныш пен әділетсіздікпен шырмалғандығыңды байқап тұрмын. — Ал Шимон олардан: — Айтқандарыңның бірі де басыма келмесін деп сендер мен үшін Құдай Иеге жалына көріңдерші! — деп өтінді.

– Елшілердің істері 8:18-24

Шимон Рухтың қол тигізу арқылы берілгенін көргенде, елшілерден осындай күшті сұрап ақша ұсынды. Шимон бірдеңені көрген болуы керек. Адамдар Киелі Рухты қабылдаған кезде ол ерекше бір құбылыстың дәлелін көрген шығар. Шимон сол күшті қалаған.

Самариялықтар сол жерде бөтен тілде сөйлей бастады деп айтылмаған, бірақ көзге көрінетін бір өзгеріс болғаны анық. Шимон құдіретті бір нәрсені көрді және адамдарға оны беру қабілетіне ие болғысы келді. Шимонның елшілерге айтқанынан самариялықтардың басқалар сияқты Киелі Рухпен шомылдырылып, бөтен тілдерде сөйлей бастағанын көреміз. Иерусалимдегі қауым Киелі Рухпен шомылдырылудың қаншалықты маңызды санағанын тағы да атап өткім келеді – мұның өмірлік маңызы бар!

Пауыл Дамаскіге барар жолда сенімге келген кезде, Құдай ол үшін дұға етуге Анания есімді адам жіберілді.

Анани жолға шығып, әлгі үйге кірді; Саулдың үстіне қолын қойып:

— Бауырым Саул, саған жолшыбай келе жатқанда аян берген Иеміз Исаның Өзі көзің қайтадан көрсін, сен Киелі Рухқа кенелсін деп мені жіберді, — деді.

– Елшілердің істері 9:17

Киелі кітапта Пауыл Киелі Рухпен шомылдырылғанда бөтен тілдерде сөйлегені туралы айтылмаған. Бірақ біз оның тілдерде сөйлегенін білеміз. Пауылдың Киелі Рухты басқалар сияқты қабылдағанына сенемін. Оны қайдан білетінімді сұрауыңыз мүмкін. Бұл оңай. Бұл Қорынттықтарға 1-хат 14:18-де Пауылдың өзі жазғанынан анық.

«Мен өзім бөтен тілде сендердің әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін Құдайыма шүкірлік етемін» (1 Қорынттықтарға 14:18).

Сонымен, Пауыл Киелі Рухпен шомылдырылғанда бөтен тілдерде сөйлеген деген қорытындыға келдік. Елшілердің істері кітабын оқи отырып, мұның бүкіл қауымда күннен-күнге жалғасқанын түсінесіз. Бұл алғашқы өнім мейрамында ғана болған жоқ.

Кейінірек Елшілердің істері 10-тарауда Құдай Петірді Ізгі хабарды басқа ұлттарға уағыздауға жіберді. Есіңізде болсын, яһуди ретінде Петірдің басқа ұлт адамының үйіне баруы қалыптан тыс жағдай болды. Ол тек Киелі Рухтың жетелеуімен ғана барды.

Петір осы сөздерді әлі айтып тұрған кезде, Ізгі хабарды тыңдап тұрғандардың бәріне Киелі Рух қонды. Петірмен бірге келген сенуші яһудилер Құдайдың басқа ұлт адамдарының да үстіне Өзінің Киелі Рухын құйып сыйлағандығына қатты таңғалды. Себебі олар солардың түрлі тілдерде қ сөйлеп, Құдайды мадақтап тұрғандарын естіді. Сонда Петір:

— Мыналардың суға шомылдыру рәсімінен өтулеріне тыйым салуға бола ма? Олар да Киелі Рухты біз сияқты қабылдады ғой! — деп жауап беріп, оларды Исаның атынан шомылдыру рәсімінен өткізуге бұйырды. Мұнан кейін олар Петірден бірнеше күнге араларында қалуын өтінді.

– Елшілердің істері 10:44-48

Петір осы басқа ұлт өкілінің үйінде Мәсіхтің Ізгі хабарын уағыздап жатқанда, хабарды естігендердің барлығы Киелі Рухқа кенелді. Құдайдың Рухын көзбен көруге болмайды, сонда олар Киелі Рухтың оларға қонғанын қайдан білді? Мәтінде Петірмен бірге келген серіктері (олар сүндетке отырғызылған яһудилер еді) Киелі Рухтың дарыны басқа ұлтқа берілгеніне таң қалғаны айтылған. Олар бөтен тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап жатты.

Сонда Киелі Рухтың қонғанына қандай дәлел бар? Петір айқын ақиқатты, яғни, Құдайдың бұл адамдарды қабылдағанын өз көзімен көруі керек еді. Петір Киелі Рух жайлы оларға ешқашан айтпаса да, олар бөтен тілдерде сөйлеп жатты. Барлық қажет дәлел осы. Олар Петірдің өзі сияқты Киелі Рухты қабылдады, әрі бөтен тілдерде сөйледі, сондықтан Петір олардың куәлігі шын екенін білді.

Қазіргі заманғы қауым маңызды деп санайтын нәрселер мен Киелі кітап дәуіріндегі қауымның маңызды деп санаған нәрселердің арасында үлкен айырмашылықты көруге болады. Әр адамның Киелі Рухпен шомылдырылуы керектігін анық көрсететін үзінділердің бірі Елшілердің істері 19:1-2-де. Бөтен тілдер – қайта туылу сияқты сөзсіз Киелі Рухтың ісі екені де жазылған. Бұл менің ең сүйікті аяттарымның бірі.

Аполлос Қорынтта болған кезде, Пауыл Кіші Азияның таулы өңірлерін аралап жүріп, соңында Ефеске жетті. Сол жерде ол Иеміздің бірнеше шәкірттеріне кездесті. Пауыл олардан:

— Сендер сенген кезде Киелі Рухты қабылдадыңдар ма? — деп сұрады. Шәкірттер:

— Киелі Рухтың бар екендігі туралы естіген де емеспіз, — деп жауап берді.

— Елшілердің істері 19:1-2

Пауыл Ефес қаласына кіргенде, бірнеше шәкіртті тауып алып, олардан: «Сендер сенген кезде Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?» деп сұрады. Бұл Пауылдың сенушілермен кездескен кезіндегі бірінші уайымы болды.

Пауыл қайта туылудың Киелі Рухпен шомылдырылудан басқа екенін түсінді.

Неліктен бұл Пауылдың оларға айтқан бірінші сөзі болды? Өйткені Исаның Елшілердің істері 1:4-те айтқан сөздері дәл осы еді! Ол: «Онсыз қаладан кетпеңдер!» деп еді ғой. Самариялықтардың Сөзді

естігенін білгенде, елшілер Иерусалимде не істеді? Олар: «Жігіттер, ол жерге дәл қазір барыңдар. Мұның бәрі дұрыс жасалуы керек. Қазір аттанып, олардың Киелі Рухпен шомылдырылғандарына көз жеткізіңдер» деді. Пауыл Ефестен өтіп бара жатып, бірнеше шәкіртпен кездескенде, олардан бірінші сұрағаны: «Сенгеннен бері Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?».

Олар: «Жоқ, біз Киелі Рух жайында естіген де жоқпыз» деп жауап бергенде, Пауыл олардан қандай шомылдыру рәсімінен өткендерін сұрады. Олар: «Жоханның шомылдыру рәсімінен өттік» деді. Пауыл Жоханның шомылдыруы тәубені білдіретінін және Жохан өзінен кейін Келетінге сенуге шақырғанын айтты. Яғни, Исаға сену.

Ефестегі шәкірттер мұны естіп, Иеміз Исаның атымен шомылдыру рәсімінен өтті (суға шомылдыру рәсімі). Содан кейін Пауыл оларға қолын тигізгенде, олар Киелі Рухқа кенеліп, бөтен тілдерде сөйлей бастады. Назар аударыңыз, Пауыл сұрақ қойғанда, оларды Исаға сенушілер деп санады. Сондықтан ол: «Сенгеннен бері Киелі Рухты қабылдадыңдар ма?» — деп сұрады. Ол Киелі Рухпен шомылдырылу қайта туылудан айтарлықтай ерекшеленетінін түсінді.

**КӨПТЕГЕН ҚАУЫМДАРДА
БҰЛ ДАУЛЫ ТАҚЫРЫП.
ДАУДЫҢ СЕБЕБІ – КИЕЛІ
КІТАПТАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК
ЕМЕС, ШАЙТАННЫҢ
ӨШПЕНДІЛІГІ.**

Көптеген қауымдарда бұл даулы тақырып. Даудың себебі – Киелі кітаптағы белгісіздік емес, шайтанның өшпенділігі.

Өйткені бұл Құдайдың құдіреті болса, өмірді өзгертуге және Ізгі хабардың куәгері болуға мүмкіндік берсе, онда сіз бұл дүниенің әміршісіне қарсы шыққан боласыз. Шайтанның мұны неге ұнатпайтыны белгілі. Киелі Рухпен шомылдырылу бізге Құдайды дәріптеу үшін Исаның істерін орындауға Құдайдың құдіретін береді!

6 ТАРАУ

БАРЛЫҒЫ БӨТЕН ТІЛДЕРДЕ МІНӘЖАТ ЕТЕДІ МЕ?

Қауымда әлдекімнің бөтен тілде сөйлемейтінін және бәрі бірдей сөйлей алмайтынын немесе бәрі сөйлеу керек емес деп айтқанын естіген шығарсыз. Ол пікірге дәлел ретінде әдетте 1 Қорынттықтарға 12:27-30 келтіріледі. Пауылдың өзі әркім бөтен тілде сөйлемейтінін айтқан дейді. Ендеше, ол аяттарды назар аударып оқыық. Пауыл шынымен олай айтты ма, осыған көз жеткізейік.

Сонымен сендер бірігіп Мәсіхтің рухани денесі, ал жеке дара оның бір мүшесісіңдер. Құдай қауымда кейбіреулерді, біріншіден, елшілер, екіншіден, Өзінің хабарын жеткізушілер, үшіншіден, тәлім берушілер етіп қойды; Ол, сондай-ақ, кейбіреулерге кереметтер жасайтын құдірет, әрі ауруларды сауықтыратын, көмек көрсететін, ұйымдастырып басқаратын және түрлі бөтен тілдерде сөйлейтін дарындар да сыйлады. Бәрі бірдей елші, Құдайдың хабарын жеткізуші, тәлім беруші немесе керемет істер жасаушы ма? Барлығының ауруларды сауықтыратын дарыны бар ма? Бәрі де бөтен тілдерде сөйлеп, немесе айтылғандарды түсіндіріп жүр ме? Жоқ.

– 1 Қорынттықтарға 12:27-30

Бұл хатта Пауыл Қорынттағы қауымға жиналыстарды өткізутәртібін түсіндірген. Ол кезде қауымда рухани дарындарымен жарысу және сүйікті уағызшыларымен бір-бірінен асып түсуге тырысу кең таралған еді. Пауыл оларға бірлік пен сүйіспеншілікте Исаның денесі ретінде қалай әрекет ету керектігін үйретті. Енді Қорынттықтарға 1-хат 12:27-28-ге мұқият қарайық:

Сонымен сендер бірігіп Мәсіхтің рухани денесі, ал жеке дара оның бір мүшесісіңдер. Құдай қауымда кейбіреулерді, біріншіден, елшілер, екіншіден, Өзінің хабарын жеткізушілер, үшіншіден, тәлім берушілер етіп қойды; Ол, сондай-ақ, кейбіреулерге кереметтер жасайтын құдірет, әрі ауруларды сауықтыратын, көмек көрсететін, ұйымдастырып басқаратын және түрлі бөтен тілдерде сөйлейтін дарындар да сыйлады.

Пауыл сөзін әрі қарай жалғастырады, бірақ біз осы тұста кідірейік. «Қауымда» деген сөзге қысқаша тоқталғым келеді. Елші нақты қауым жиналысы туралы жазған. Оны растайтын Қорынттықтарға 1-хат 14:18-19. Мұнда Пауыл дәл сол сөзді қолданған:

Мен өзім бөтен тілде сендердің әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін Құдайыма шүкірлік етемін. Алайда мен ҚАУЫМНЫҢ АЛДЫНДА бөтен тілде он мың сөз айтқанша, санаммен тәлім беретін бес сөз айтуды қалаймын.

– 1 Қорынттықтарға 14:18-19

Пауыл былай дейді: «Мен өзім бөтен тілде сендердің әрқайсыңнан да көбірек сөйлеймін, бұл үшін Құдайыма шүкірлік етемін. Алайда мен қауымның алдында...». Тағы да «қауым» сөзін көріп отырмыз. Бұл жолы Пауыл Мәсіхтің ғаламдық рухани денесі емес, нақты бір қауым жиналысы туралы жазған. Пауыл – Мәсіхтің бүкіл денесінің, яғни «қауымның» бір бөлігі. Мұнымен бәріміз келісеміз. Әрине ол

қауымға жатады. Елші Қорынттағы барлық сенушілерден гөрі бөтен тілдерде сөйлейтініне қуанышты екенін жазған. Ондағы қауым тілдерде сөйлеу қабілетімен мақтанғаны сонша, жиналыс тәртібін бұзып, алай-дүлей қылған. Сол себепті Пауыл жоғарыдағы нұсқауды берді.

Қарапайым сөзбен айтса, ол былай дейді: «Тыңдаңдар, мен бөтен тілдерде бәрінен көп сөйлеймін. Оны «қауымда» тәртіппен, сабыр сақтап, ешкімді шатастырмай істеудің бір тәсілі бар». Әрі қарай ол қауымда (сенушілердің жиналысында) басқалар насихат алу үшін түсінікті (олардың ортақ тілінде) сөйлеуді қалайтынын айтады.

Жалпы қауым қызметінде кейбір адамдар 1 Қорынттықтарға 12-тарауда жазылғандай, бөтен тілдер мен оны аудару дарынын қолданады. Бірақ бүкіл жиналысқа тәлім беру мақсатында бұл дарынды бәрі бірдей қолдана алмайды, қолданбағандары дұрыс та. Пауыл тіпті қызметте ең көбі қанша адам бөтен тілде сөйлеуі және оны аударуы керек екенін шектеу керек дейді.

«Бөтен тілде сөйлейтіндер болса, екеуі, көп дегенде үшеуі ғана және бірінен соң бірі сөйлеп, айтқандарын біреу түсіндірсін» (1 Қорынттықтарға 14:27-28)

Сондықтан Пауыл «бәрі де бөтен тілде сөйлемесін» дегенде, ол «қауымға», яғни нақты бір қауым жиналысына меңзейді.

Әрбір сенушінің бөтен тілдерде дұға ету мүмкіндігі бар. Бірақ жалпы қауым қызметінде бөтен тілдер мен оны аудару дарыны арқылы қызмет ету – тек кейбір сенушілердің жұмысы. Осыны түсінуіміз керек. Егер сол дарынмен қызмет еткіңіз келсе, Киелі кітап бөтен тілді аудару үшін дұға етуіңіз керек дейді.

«Сол себепті бөтен тілде сөйлейтін адам соны түсіндіретін дарынды да Құдайдан сұрасын!» (1 Қорынттықтарға 14:13)

Менің ойымша, бөтен тілде сөйлейтін адам, шамасы оны аударып беруге де ең жақсы кандидат болып табылады, өйткені хабар оның рухы арқылы өтіп жатыр.

Бөтен тілде неге дұға ету керек? Шайтан Рухпен (тілдерде) мінәжат ете алатын сенушілерді жек көреді. Мұның себебін сіз жақсы түсінсін деймін.

Пауыл басқаларға қарағанда бөтен тілде көп дұға еткеніне қуанатынын айтқанда, оның қуанышына себеп бар болса керек. Пауылдың 1 Қорынттықтарға 14-те жазғанын оқиық.

*«Кім бөтен тілде сөйлесе, сол өз сенімін нығайтады, ал кім Құдайдың хабарын уағыздаса, сол қауымды нығайтады»
(1 Қорынттықтарға 14:4)*

Кішкене тереңірек қазайық. «Нығайту» деген нені білдіреді? «Нығайту» сөзінің мағынасы – «моральдық немесе рухани жағынан нұсқау беру немесе пайда көру; көтеру».²

Қай жолмен жүру керектігін білу, жағдайды түсіну немесе дұрыс шешім қабылдау үшін нұсқау қажет ететін кездеріміз көп. Дәл осы жағдайларда бөтен тілде дұға ету сізге көмектесуі мүмкін: ол сіздің сеніміңізді нығайта алады және өміріңізге нұсқау бере алады. Пауыл Римдіктерге 8:26-27-де бұл ойды анық көрсетеді:

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін де түгелдей түсінеді.

Пауыл біздің қиындығымыз бен әлсіздігімізді көрсетеді: «Біз не

үшін дұға ету керектігін білмейміз». «Бұл неге әлсіздік?» деп сұрауыңыз мүмкін. 1 Жохан 5:14-15-ті оқысақ, мұның себебін түсінуге болады.

Біз Оның еркіне сай бір нәрсе сұрасақ, Құдай тілегімізге құлақ салады деп нық сенеміз. Не сұрасақ та, Құдай бізге құлақ салады деп білсек, Оның тілегенімізді беретінін де білеміз.

**СОНЫМЕН ҚАТАР
ӘЛСІРЕГЕН БІЗДІ КИЕЛІ
РУХ ТА ҚОЛДАЙДЫ.
ТӘҢІР ИЕДЕН НЕ
ТІЛЕЙТІНІМІЗДІ
ДҰРЫСТАП БІЛМЕСЕК
ТЕ...**

– РИМДІКТЕРГЕ 8:26

Құдайдың еркін білмесек, немесе Оның еркіне күмәнымыз болса, сеніммен әрекет ете алмаймыз (Құдаймен келісімде бола алмаймыз). Ал егер сеніммен әрекет ете алмасақ, онда Құдайдың рақымы мен құдіретін қолдана алмаймыз. Нәтижесінде, әлсіз күйде боламыз. Сондықтан Пауыл не үшін мінәжат етуді білмеу әлсіздік дейді. Ол әлсіздікті бөтен тілде дұға ету арқылы жоюға болады. Мәтінді тағы бір рет оқып көрейік.

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді.

– Римдіктерге арналған хат 8:26

Біздің әлсіздігіміз Жаратқан Иеден не сұрайтынымызды білмеуімізде! Киелі кітап бізге кімге үйлену керектігін, қайда тұру керектігін немесе қандай жұмысқа бару керектігін айтпайды. Құдайдың еркін білмей, біз дұға еткенде Құдайдың сұрағанымызды беретінін біле алмаймыз және оған сене алмаймыз. Тағы да, бұл үлкен әлсіздік! Құдайдың еркін білмесек, Құдайға сене алмаймыз.

Бірақ өмірдегі кез-келген жағдайда Құдайдың еркін білуге болатын әдіс бар. Құдайдың еркіне сенімді болудың жолы бар, осылайша біз күмәнданбай, батылдықпен әрекет ете аламыз.

Пауылдың айтып отырғаны осы. Оның айтып отырған нығайтуы білімнің осы түріне — Құдай Рухы арқылы келетін білімге қол жеткізуді білдіреді. Ал біз Киелі Рухпен немесе тілдерде дұға ету арқылы Рухты тыңдаймыз. Римдіктерге 8:26-27-де Пауылдың кеңесін әрі қарай ұстанатын болсақ, мынаны оқимыз:

Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды. Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін де түгелдей түсінеді.

Енді Пауыл Киелі Рухпен дұға еткенде біздің ыңқылдап, күрсінетінімізді айтпайды, керісінше, ол алдыңғы тармақтарға сілтеме жасап отыр.

Қазірге дейін бүкіл жаратылыстың толғақ азабы секілді бейнет шегіп, ыңқылдай күрсініп жатқанын білеміз. Бірақ ол ғана емес, Құдайдың алғашқы сыйы ретінде Киелі Рухты қабылдаған біз де іштей ыңқылдай күрсіне отырып, Құдай бізді рухани баласы ретінде Өзіне алатын, осылай тәнімізді өткіншіліктен азат ететін күнді сағына күтудеміз. Құтқарылғаннан бері біздің осындай үмітіміз бар. Ал орындалған үмітті ешкім үміт демейді, өйткені ол іске асқанда үміт болудан қалады. Енді біз әлі де орындалмаған нәрсеге үміт артқандықтан, оны сабырмен сағына күтеміз. Сонымен қатар әлсіреген бізді Киелі Рух та қолдайды.

Тәңір Иеден не тілейтінімізді дұрыстап білмесек те, Киелі Рухтың Өзі біз үшін өтініш етіп, сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізді Оған жеткізеді. Ал Тәңір Ие адам жүрегінің түкпір-түкпіріндегіні біледі. Киелі Рух Құдайдың адамдары үшін Оның еркіне сай өтініш жасағанда Құдай Киелі Рухтың ниетін де түгелдей түсінеді.

– Римдіктерге 8:22-27

Пауыл бұл жерде ыңқылдап күрсіну сөзін біздің ішімізде болып жатқан нәрселерге мысал немесе ұқсастық ретінде қолданады. Босанған әйелдей іштей ыңқылдап күрсінеміз. Яғни, біз іштей Құдайдың Рухынан келген әлденені туғандай боламыз. Осылайша бұрын болмаған, жаңа нәрсені, қабылдаймыз; немесе өзімізден емес, өзге жердегі нәрсені аламыз деп те айтуға болады. Сонымен, біз Рухпен дұға ету арқылы өз рухымыздан тыс, біз білмейтін, жаңа нәрсе туралы білімді «туамыз». Киелі кітапта Құдай Рухы біздің рухымыз арқылы кез-келген жағдайға қатысты Құдайдың кемелді еркін сұрайтынын айтады. Онда Құдайдың Өзі біз үшін адами рухымыз арқылы, (түсінікті тілмен жеткізілген) сөзбен айта алмас ыңқыл, күрсінісімізбен мінәжат ететіні айтылған.

Сонымен, бұл жерде біз Киелі Рухтың жұмбақ сөздерді, біз түсінбейтін сөздерді (немесе тілдерді) пайдаланып, біз үшін (бала туудағыдай) ыңқылдап күрсінуге араласатынын білеміз. Ал біздің жүрегіміздің түкпір-түкпірін білетін Тәңір Ие Рухтың ойын біледі, өйткені Рух (Құдайдың Рухы) Жаратқанның мінсіз еркіне сәйкес киелі халқы үшін арашашылық жасайды. Сіз бөтен тілдерде сөйлегенде, Құдайдың Рухы сіздің рухыңыз арқылы өмірдегі әрбір жағдай үшін Құдайдың кемелді еркі жайлы мінәжат етеді.

Демек, біз Құдайдың еркін білмегенде, әлсізбіз. Құдайдың еркін білмейінше, сенімді босатып шығара алмаймыз. Егер біз Киелі Рухпен мінәжат етсек, Құдайдың Рухы біз арқылы кез-келген жағдайда өміріміз үшін Оның кемелді еркін үшін дұға етеді. Құдайдың Рухы

біз арқылы тілдерде дұға етіп жатқанда, біз не айтып жатқанымызды білмесек, сеніміміз қалай нығаймақ? Жауапты Пауыл жазған басқа хаттан табамыз.

Көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді.

Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар. Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді. Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз. Солар туралы біз адамзаттың даналығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, Оған мойынсұнғандарға рухани шындықты түсіндіреміз.

– Қорынттықтарға 2:9-13

Біріншіден, мен алдында жазғандай, Пауыл біз ешқашан естімеген, көрмеген немесе ойламаған нәрселерге қол жеткізе алатынымызды айтады. Бірақ ол сөзін жалғастырып, бұл қалай мүмкін болатынын түсіндіреді:

Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді.

– Қорынттықтарға 2:11

Жазбаның осы үзіндісін тереңірек талқыламас бұрын, біз ең алдымен өзіміздің ішкі құрылысымыз жайында сабақ алуымыз керек. 1 Салониқалықтарға 5:23-ке сәйкес, біз үш бөліктен тұрамыз: рух, жан және тән.

Тыныштықты сыйлайтын Құдай сендерді Өзіне толықтай бағышталдырып, қасиетті өмір сүргізісін. Иеміз Иса Мәсіх қайтып келгенде мінсіз болуларың үшін рухтарың мен жан-тәндерің кіршіксіз пәк сақталсын.

– 1 Салониқалықтарға 5:23

Рухымыз біздегі Құдайдың бөлігі болып табылады; жанымыз — ақыл-ойымыз, ерік-жігеріміз және эмоцияларымыз; ал тәніміз — ол біздің денеміз. Пауыл біздің жанымыз (ақыл-ой, ерік және эмоциялар) мен рухымыз өте тығыз байланыста, сондықтан рухымыз ойларымызды біледі дейді.

Керісінше де солай. Біздің санамыз рухымыздағы ойларды қабылдай алады. Пауыл Құдайдың Рухы Құдайдың ойларын біледі және біз Құдайдың бізге не бергенін білуіміз үшін Құдайдың Рухын қабылдадық дейді.

Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз. Солар туралы біз адамзаттың даналығынан емес, Киелі Рухтан үйренген сөздермен уағыздап, Оған мойынсұнғандарға рухани шындықты түсіндіреміз.

– 1 Қорынттықтарға 2:12-13

Пауыл әрі қарай былай дейді: бізде болмаған, бірақ Құдай Рухы арқылы бізге ашылған бұл белгісіз білімді, біз табиғи түсінігіміз немесе ана тілімізбен емес, Киелі Рух үйреткен рухани сөздермен айтамыз. Пауыл рухани сөздермен дұға етеміз дегенде бөтен тілдерде сөйлеуді айтатынын білеміз. Өйткені ол 1 Қорынттықтарға 14:14-15-те сол анықтаманы тілдерде сөйлеуді сипаттау үшін қолданған:

Егер Оған бөтен тілде сиынсам, онда рухым сиынғанмен, ақыл-санам бұған қатыса алмайды. Сонда не істеуіміз керек? Мен рухыммен де, санаммен де Құдайға сиынамын, рухыммен де, санаммен де мадақтау жырларын айтамын.

Пауыл тілдерде сөйлеуге қатысты «рухыммен сиыну» деген тіркесті қолданады. Елші Киелі Рух үйреткен рухани сөздермен мінәжат ететінімізді айтқанда, дәл осы бөтен тілдерде сөйлеуді меңзеп отыр деп болжауға болады.

Бөтен тілде сөйлейтін кісі адамдарға емес, Құдайға арнап сөйлеп, ешкім оны түсінбейді. Ол өз рухымен құпияларды айтады.

– 1 Қорынттықтарға 14:2

Тағы да біздің рухымыздың біз ешқашан көрмеген, естімеген, білмеген нәрселерді немесе Пауыл айтқандай, «құпияларды» айту мүмкіндігі бар деп жазылған. Сондай-ақ құпияларды Құдайдың Рухымен емес, өз рухымызбен айтатынымызға назар аударыңыз. Біз білмейтін нәрсе біздің рухымызға қалай енеді? Жауабы қарапайым! Біздің рухымызбен бір болған Құдайдың Рухы арқылы.

Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді.

– 1 Қорынттықтарға 2:11

Біздің рухымыз Құдайдың ойын қабылдаған кезде, біздің санамыз да осы ойларды қабылдайды. Біздің санамыз Құдайдың ойларын сіңіргенде, біз мұны «аян», «ағартылу» немесе Пауыл айтқандай, «нығайту» деп атаймыз. Пауылдың басқалардан гөрі басқа тілдерде сөйлегеніне неге қуанғанын енді білеміз; ол кез-келген жағдайда Құдайдың еркін біле алады.

Бұл туралы Пауыл 1 Қорынттықтарға 2:15-16-да айтып отыр.

Ал Құдайдың Рухына мойынсұнушы Одан келгеннің бәрін де бағалай алады, бірақ басқалар ондай адамға баға бере алмайды. Өйткені «Кім Жаратқанның ақыл-ойын ұққан, кеңесшісі болып бағыт берді Оған?» (деп жазылған). Ал бізде Мәсіхтің ой-ниеті бар.

Біз қарапайым адамның парасатымен шектелмейміз, бірақ Құдайдың көмегімен барлық нәрсе жайлы дұрыс ой түйе аламыз. Бұл тамаша жаңалық! Рухпен (бөтен тілдерде) сиыну арқылы біз білмеген құпияларды қабылдай аламыз; және осы білім арқылы біз барлық нәрсеге қатысты дұрыс пайымдап, дұрыс шешімдер қабылдай аламыз!

Киелі Рухпен шомылдырылу дегеніміз — Құдайдың құпия қаруы! Осы қару арқылы Ол Өз еркін жерге келтіре алады, ал шайтан одан бейхабар қалады. Шындығында, Рухпен сиыну Ефестіктерге 6:18-де рухани қару-жарағымыздың бөлігі ретінде көрсетілген:

Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, барлық өтініштеріңді айтып, рухани сергек те шыдамды болыңдар: Құдайдың бүкіл халқы үшін мінажат ете беріңдер!

Рухпен дұға ету бізге жауды айналып өтуге немесе ерекше және әдеттен тыс тактикалармен алға жылжуға мүмкіндік береді.

Мұндағы зор артықшылық — Мәсіхтің ақыл-ойына жүгіну арқылы өмірде дұрыс шешімдер қабылдай алуымыз. Мұның аса құнды екеніне келісесіз ғой? Мен солай деп таптым!

**КИЕЛІ РУХПЕН
ШОМЫЛДЫРЫЛУ
ДЕГЕНІМІЗ — ҚҰДАЙДЫҢ
ҚҰПИЯ ҚАРУЫ! ОСЫ
ҚАРУ АРҚЫЛЫ ОЛ ӨЗ
ЕРКІН ЖЕРГЕ КЕЛТІРЕ
АЛАДЫ, АЛ ШАЙТАН
ОДАН БЕЙХАБАР
ҚАЛАДЫ.**

Мысал ретінде, жеке кәсібіме қатысты өте маңызды шешім қабылдау керек болған сәт еске түседі. Жеткізушілеріммен бірге жұмыс істеген сауда өкілі оның артынан жаңа компанияға ермеймін дегенімде, компаниямды сотқа беремін деп қорқытты. Ол менің үнемі сауда жасайтын сатушымды тастап басқа жерге көшкендіктен, менің сауды өзімен жалғастырғанымды қалады. Маған ол адаммен іс жасау ұнайтын, бірақ мен нақты ол кісімен емес, ол жұмыс істеген компаниямен әрі қарай сауда жасағым келді. Алайда, ол компания, шын мәнінде, әлгі сауда өкіліне барлық клиенттерін алып жаңа компанияға ауысуға рұқсат берді. Сондықтан мен онымен бірге басқа компанияға көшсем де, ешқандай жамандық жасамас едім. Дегенмен, ол сот ісімен қорқытып отырғандықтан, онымен бірге баруға мәжбүр болғандаймын. Жақсы жағдай емес. Оның ескі компаниясы маған әрқашан әділ болды.

Мені сотқа беремін деп қорқытуының себебі бар. Бірнеше ай бұрын ол жаңа компанияға көшетінін айтып, менің онымен бірге ауысуымды сұрады. Ол жайында жақсылап ойланбай, мен келісе салдым. Ол бір компаниядан басқасына көшу жайлы шешім қабылдағанда, менің бизнесіме көп үміт артатынын айтты. Бірақ кететін күн жақындаған кезде, жүрегімде бір жағымсыз сезім пайда болды. Сондықтан мен бірнеше күн бойы Киелі Рухпен сиындым. Алайда, қажетті жауапты біле алмадым.

Дрендә екеуіміз балаларымызды Cedar Point деп аталатын тамаша ойын-сауық саябағына жиі апарамыз. Оған көлікпен бірнеше сағат жүріп жетуге болады. Бұл шын мәнінде АҚШ-тағы ең үлкен аттракцион саябағы. Біз әдетте онда жылына екі рет барамыз. Бұл жұма күні кешке болды, мен дүйсенбі күні таңертең ақырғы жауабымды беруім керек еді. Аздап басқа нәрсеге көңіл аударғаным дұрыс деп Дрендамен бірге кешке ойын-сауық саябағына баруды жөн көрдім. Кезекте тұрғанымда, дүйсенбі күні қабылдауға тура келетін шешім жайлы ойламай-ақ, кенеттен не істеу керектігін білдім. Мәселе айдай анық болды. Киелі Рух маған сөйлегендіктен, мен бұрынғы

БАРЛЫҒЫ БӨТЕН ТІЛДЕРДЕ МІНӘЖАТ ЕТЕДІ МЕ?

компанияда қалдым. Сату өкілінің жаңа компаниясы бірнеше айдан кейін банкрот болды.

Міне, табысқа жетудің басты кілті — мінәжат ету! Бәрі ойдағыдай болып, дұрыс шешімдер қабылдау үшін, сондай-ақ жеңіске жету үшін қажет стратегиялардың құпиясын білу үшін Рухпен жиі дұға етіңіз.

«Құдайға үздіксіз сиыныңдар» (1 Сол. 5:17)

7 ТАРАУ

ҚАЗЫНА САНДЫҒЫ

Дэнмен танысқан күнім есімде. Ол қауымда залдың артқы жағында, ең соңғы қатарда бөлем Дженнифердің жанында тұрды. Олардың үйленуге дайындалып жүргенін кейін білдім. Дегенмен, Дэннің түрінен оның жай таппай, мазасыз сезінгенін байқадым. Шын мәнінде, ол өзін өте ыңғайсыз сезінді. Кейін білдім, біздің қауым ол барған конфессиялық қауымнан сәл өзгеше екен. Бірақ ол Құдай Патшалығы туралы біле бастағанда, бойын бос ұстап, алаңдағанын қойды. Дженифер екеуі кейіннен үйленді.

Ол кезде Дэн Огайо штатының орталық аумағында шамамен 1400 акр (560 гектар) жерге егін еккен. Шаруасы оңбады. Шындығында ол еш пайда көрмей, жұмысына қатты уайымдады. Бірақ ол Құдай Патшалығы туралы және Киелі Рухтың қалай көмектесетіні туралы естігенде, бір күні Дженниферге: «Құрбандығымызды екі есе арттырайық» деп ұсынды. Мұны күтпеген Дженнифер қатты таң қалса да, қуанышпен келісті. Олар солай істеді.

Сол жылы олардың 1400 гектар алқаптағы өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда 128 пайызға өсті. Тапқан пайдалары көп болғаны сонша, олар жаңа көлік үшін несие алмай, қолма-қол ақша төлеп, оның үстіне басқа ферма сатып ала алды. Бұл келесі жылы көбірек өнім беретін егістік алаңы бар деген сөз. Дэннің қуанышы қойнына сыймады! Жаңа ферманың ақшасын төлеп шығу үшін әкесі 10 жыл жұмыс істейтін еді, Дэн болса, барып төлей салды. Дэннен бұл әңгімені асықпай, байыптап айтып беруін өтіндім.

Дэн мен Дженнифер құрбандықтарын екі есе көбейткеннен кейін, сиынып, Құдайдан не істеу керектігін сұрай бастапты. Дэннің айтуынша, бір жолы ол фермерлерге күнделікті келетін хат-хабарламаларды, әдеттегі жарнамаларды қарап шығып, қоқыс жәшігіне қағаздарды лақтырып жібергенде, жарнамалардың бірін қайтадан оқығысы келді. Бұл хатта ерекше ештеңе болған жоқ, әлдебір ауылшаруашылық техникасының тағы бір жарнамасы ғана. Құралды қолданып көру үшін фермерлерді кездесуге шақыратын хат екен.

Дэн сол жерге барғысы келетін біртүрлі ынта сезді. Ол кездесуге келіп, жарнамаланған құралды сатып алды. Бұл тұқым себуге және топырақты дайындауға көмектесетін нарықтағы жаңа өнім болды. Дэн маған осы күшейткіш неге тиімді екенін ғылыми себептермен түсіндіруге тырысты, бірақ мен сөздің жартысына жуығын түсінген жоқпын. Дегенмен, маңыздысы, Дэннің өзі бәрін түсінді. Жездем сол кезде Огайо штатында мұндай құралды сатып алған екінші фермер болған екен. Сөйтіп, бұл кішкентай құрал айтарлықтай көмек болып, егін өнімділігін 128 пайызға арттырды. Дэн одан да көп жер сатып алып, бүгінде мыңдаған гектар жерге егін егеді. Оның Киелі Рухтың шешім қабылдауға қалай көмектескені туралы көптеген әңгімелері бар. Ол шешімдер істі оның елестеткенінен де тез алға жылжитты.

Сонымен, Дэн өзінің нашар жұмыс істейтін фермасын қалай табысты шаруашылыққа айналдырды? Ол Қамқоршысы Киелі Рухтың кеңесін тыңдады. Өкінішке орай, мәсіхшілердің көбісі бұл әңгімені естігенде, оның қалай мүмкін болғанын білмейді, сондықтан бұл кітапты жазуды өте маңызды деп санадым. Жоқ, мәсіхшілердің көпшілігі осындай кереметтерді естіп, Құдайдың ұлылығын мадақтайды, бұл Құдайдың ісі екенін мойындайды, бірақ оны өз өмірлерінде қалай қайталауға болатынынан бейхабар. Нәтижесінде біз Құдайдан көңілі қалған және қиыншылықтары үшін Оны кінәлайтын көптеген сенушілерді көріп отырмыз. «Құдай қайда? Құдай неге көмектеспеді, білмеймін» дегенді жиі естимін. Құдай Патшалығы кімді ұнатса, соған көмектеседі деп ойламаңыз. Ол

заңға бағынып жұмыс істейді. Мұны қазір түсінесіз деп үміттенемін. Құдай кімді жарылқайтынын немесе жарылқамайтынын таңдап отырмайды. Дән Құдайдың таңдағандарының бірі емес және Құдай үшін сізден ерекше емес. Құдай Патшалығында Дән мен сіздің заңды құқықтарыңыз бірдей. Кез-келген адамның тұқым себуге және егін өсіруге құқығы бар. Сол сияқты Құдай Патшалығы да Патшалықтың заңдарын қалай қолдану керектігін білетін кез-келген адам үшін жұмыс істейді. Сіз Құдай отбасының мүшесісіз және Оның ұлы Патшалығының азаматысыз. Оның иелігіндегі бар нәрсеге қол жеткізе аласыз.

Құдайдың халқы өмірде неге сәтсіздікке ұшырайтынын айтайын. Олар Құдай Патшалығының қалай жұмыс істейтінін білмейді және Киелі Рухты қалай естуге болатынын білмейді.

*«Сендерді құтқарушы Жаратқан Ие, Исраилдің Киелі Құдайы, былай дейді: Мен, Құдай **Иелерің, сендерге пайдалыны үйретіп, сендерді түзу жолмен бастап алып жүремін.***

– Ишая 48:17, (ағылшынша NKJV аудармасынан алынған. – аудармашының ескертуі)

Дәннің жетістігі Дәннің өзі ойлап тапқан нәрсе емес. Бұл Киелі Рухтың ерекше стратегиясы болды, өйткені Дән Патшалық заңын қолдану үшін нақты қадамдар жасады және әйелімен бірге Киелі Рухты тыңдап, Оның көмегін қабылдады. Осыны жазып алыңыз.

КИЕЛІ РУХТЫҢ ЖОСПАРЫ БАР!

Жоспардың бар болуынан күшті ештеңе жоқ. Жоспарсыз қиялда салынған сурет тек арман болып қала береді, ал жоспарыңыз болса, арман орындалады.

Отбасы көптеген жатын бөлмелері, кең қонақ бөлмелері, үлкен заманауи ас үйі және әдемі әрлеуі бар тамаша үйді елестете алады. Бірақ бұл кезеңде бұл жай ғана арман, қиялдың суреті. Бұл ойдан шығарылған суретті қағазға көшіру керек, содан кейін сызбаға,

жоспарға айналдыру керек. Құрылысшыда сызба болса, үй салуға болады. Қандай да бір себептермен, мәсіхшілердің көпшілігі мен «пошта жәшігі» дейтін ұстанымға сәйкес өмір сүреді. Олар Дэн сияқты Құдайдан өздеріне қажетті ақшаны сиынып сұрағанда, қаражаттың пошта жәшігіне түсе қалуын күтеді. Немесе одан да жаманы, ақшаны біреу береді деп күтеді. Сұрағандарын мүмкін ететін үрдіс туралы түсініктері жоқ.

Иә, алдымен сурет болуы керек. Бірақ сіз оны шынымен қолдана алатындай, ойлаған нәрсені өмірге әкелетін үрдіс бар. Жауап — оны жүзеге асыру үшін қажетті жоспар немесе стратегия. Бір мысал келтірейін. Сіздің қаржылық мәселелеріңізді тез шеше алатынымды айттым делік. Қазір сіз іздеген шешімді беремін деп, қолыңызға қағаз бен қалам алуыңызды сұраймын. Сонда сіз қағаз бен қаламды алып, жауапты тыңдауға дайындалар едіңіз. Мен сөзімді жалғастырып, менің айтатын шешімім қаржылық уаймдарыңызды жойып, осы жылдың соңына дейін қарыздарыңызды төлеп шығуға мүмкіндік береді деймін. Енді менің айтайын деп тұрғанымды жіберіп алмау үшін сіз қаламды мықтап ұстап, мені зейін қойып тыңдайсыз.

Жауап шын мәнінде өте қарапайым, деп мен түсіндіремін. Бар керегі, биыл тек 10 миллион доллар таза пайда табыңыз. Сіз бір сәт маған қарап тұрып, мырс ете қаласыз. Сіздің күлкіңізден мен 10 миллион доллар жетпейтін шығар деп ойлаймын да, «Егер бұл жеткіліксіз болса, 25 миллион доллар жасаңыз» деп қосамын. Сіз енді жымыып қана қоймай, қарқылдап күле бастайсыз. Неліктен? Мысалымды түсіндірейін. Адамдардың көбісін 10 миллион доллар шынымен де қарыздан құтқарады. Бірақ олар бір жылда 10 миллион доллар табатынын елестете алмайды да, күліп жібереді. 25 миллион доллар дегенім тіпті күлкілі, өйткені бұл олардың мүмкін дейтін нәрселерінен тым алыс.

Енді басқа бір жағдайды елестетіп көрейік. Менің экспорттық компаниям бар делік. Таспа жабыстырылған қорапқа салынып, керек жерге жеткізілген әрбір доп үшін мен 1000 доллар төлеуді ұсынамын. Сондай-ақ, сіз күніне шамамен осындай 500 қорап дайындай аласыз

деп есептейік. Мен сол қарқынмен 12 айлық келісімшарт ұсынамын. Әрине, бұл мысал үшін өте әсірелеп айтылған, бірақ менің не айтып тұрғанымды түсінуге көмектеседі.

Енді, сізде келісімшарт бар деп есептесек, мен бұрынғы сөзімді тағы айтамын. Яғни сіздің қаржылық жауабыңыз келесі жылы 10 миллион доллар таза табыс табу деймін. Сіздің реакцияңыз қандай болар еді? Енді күлмейтін шығарсыз. Оның орнына қуаныш пен шаттықтан қатты дауыс естілер еді. Неге? Өйткені бұл келісімшарттың арқасында 10 миллион доллар табу оңай. Шындығында, тіпті 25 миллион доллар табу да оңай болар еді. 100 миллион доллар табу да әбден мүмкін. Не өзгерді? Бір зат қана — осы жолы сізде жоспар бар. Жоғарыда айтқанымдай, Иса қай жерде және қалай балық аулау керектігін көрсетсе, әркім балық аулай алады. Іске асыруға болатын жоспарыңыз болса, мәселеңіз шешіледі.

**ТАҒЫ ДА ҚАЙТАЛАП
АЙТАЙЫН, МЕНІҢ
ОЙЫМША, СІЗ МҰНЫ
ТАҒЫ ДА ЕСТУІҢІЗ КЕРЕК:
ҚҰДАЙДА СІЗГЕ КЕРЕК
ЖОСПАР БАР!**

*«Өйткені сендерге деген ниетім Өзіме аян: сендерге қасірет емес, амандық пен тыныштық бұйырып, болашақ пен үміт сыйлайтын ниетім бар, — деп нық айтады Жаратқан Ие»
(Еремия 29:11).*

Тағы да қайталап айтайын, менің ойымша, сіз мұны тағы да естуіңіз керек: Құдайда СІЗГЕ КЕРЕК жоспар бар!

Бірнеше ай бұрын мен семинар өткізіп жатқан қауымда серіктестерімнің бірімен кездесу бақытына ие болдым. Ол қызметтің соңында сұрақпен, дәлірек айтқанда, хабарламамен келді. «Ештеңе болмады! Тұқымды егіп, күйеуіммен келісіп, еркек бұлан алатыныма сенсем де, ештеңе алған жоқпын». Ол маған белгілі бір бұлан үшін және дәл атып түсіруге болатындай бұлан үшін қалай тұқым еккенін айтып берді. Мен көбірек сұрақ қойғаннан соң, аңшылық күні бірде-

бір бұланды көрді ме деп сұрадым. Ол: «Иә, тура мен тұқым егін сұраған бұқа бұланым келді де, өте ыңғайлы ату қашықтығында қарсы тұрды» деп жауап берді.

Мұны естимін деп күтпеп едім. Әйелден содан кейін не болғанын сұрадым. Ол бұланды атуға дайындалып, досынан мылтықтың нысанасын дәлдеп көздеп беруін сұрады. Сосын досының қабілетіне сенген ол, нысананы өзі тексермей, бұланды атқанда, мүлт кетті. Бәрі өте түсінікті болды. Оның жағдайды түсінбегеніне таң қалдым.

Менің ойымша, көптеген сенушілер осы ұстаныммен өмір сүреді. Белгілі бір себептермен олар егін жинау үрдісін және өздерінің ондағы рөлін түсінбейді. Мен әлгі досыма Құдайдың Өз тарапынан барлығын жасағанын, ал оның өз жұмысын орындамағанын айттым. Құдай сізге жоспар бере алады, бірақ оны жүзеге асыру үшін сіз жоспардың бір бөлігін орындауыңыз керек. Біз Құдаймен бірге еңбектенеміз!

Құдай Патшалығын егіндік жерге КӨМІЛГЕН қазынаға да ұқсатуға болады. Соны тауып алған адам қазынаны қайтадан көміп тастап, қуанғанынан өзіндегі барды түгел сатып жіберіп, егіндікті сатып алады.

– Матай 13:44

Бұл үзінді Патшалық туралы шындыққа бай! Ең алдымен, қазынаның не екенін анықтап алайық. Сөздік бойынша «қазына» – кез-келген құнды немесе қымбат зат. Сондықтан қазынаның алтын болуы міндетті емес; қазына деп қазіргі уақытта сізге қажет кез-келген нәрсені айтуға болады. Бұл жазбада Құдай Патшалығы қазынаға теңелген. Демек, өмірде қажет нәрсенің бәрі осы Патшалықта бар деп айтуға болады. Сонда Патшалық қайда орналасқан? Аятымызда Иса оның жерге көмілгенін айтады. Бұл қай жерде екенін білгіңіз келеді ме? Жақсысы, Иса бізге ол жердің қайда екенін және онда

жасырылған қазынаны қалай табуға болатынын айтады.

Марқа 4-тараудағы егінші туралы астарлы әңгімеге көз жүгіртсек, Иса адам жүрегінде сенімнің қалай туатынын айтқан. Онда ола адамның рухын жермен, Құдай Сөзін жерге себілген тұқыммен салыстырады. Сол ұқсастықты қолдана отырып, Матай 13-те айтылған жер де, тура солай — адамның рухы болып табылады десек қателеспейміз. Мен бір сәтке кідіріп, 6-тарауда білгенімізді еске салғым келеді: біз қайта туылғанда, біздің адамдық рухымыз Құдайдың Рухымен біртұтас болып, бізге Құдайдың ойларын білуге мүмкіндік береді. Демек, жердегі қазына бізбен шектелмей, Құдайдың байлығын да қамтиды, өйткені біз Оның Рухымен біріккенбіз.

Алайда (Киелі жазбаларда) алдын ала жазылғандай, көз көріп, құлақ естімеген, адам ойына ешқашан келмеген игіліктерді Құдай Өзін сүйетіндерге дайындап қойған. Бұны Құдай біздерге Өзінің Киелі Рухы арқылы анық білдірді.

Киелі Рух бәрінен де, Құдайдың терең ой-мақсаттарынан да хабардар. Себебі адамның ішкі құпия-сырларын оның өз рухынан басқа бірде-бір адам біле ме? Сол сияқты, Құдайдың терең ой-мақсаттарын да Оның Киелі Рухынан басқа ешкім білмейді. Ал біз осы дүниелік рухты емес, Құдайдан келген Киелі Рухты қабылдадық, Соның көмегімен Құдайдың бізге сыйлаған игіліктерін біле аламыз.

– 1 Қорынттықтарға 2:9-12

Содан кейін 1 Қорынттықтарға 2:16 бізде Мәсіхтің ойы бар дейді! Лұқа жазған Ізгі хабарда Иса бұл қазынаның орнын растайды:

Құдайдың Патшалығының қашан орнайтынын адамдар алдын ала білмейді. Сондай-ақ оны «Міне, мұнда!» не «Әне, анда!» деуге болмайды. Себебі Құдайдың Патшалығы сендердің жан дүниелеріңде — деді.

– Лұқа 17:20-21

Әлде денелеріңнің Киелі Рух мекендейтін киелі үй екенін білмейсіңдер ме? Сендер Құдайдан қабылдаған Киелі Рух бойларыңнан орын алды. Енді өз меншіктерің емессіңдер, Иеміз сендерді үлкен құн төлеп, күнәнің құлдығынан азат етті. Ендеше денелеріңмен Құдайдың даңқын арттырыңдар!

– 1 Қорынттықтарға 6:19-20

Ендеше, айтайын дегенімді қысқаша қорытындылайын.

СІЗДІҢ ІШІҢІЗДЕ ҚАЗЫНА БАР!

Қанша қазына? Сіздің ең батыл арманыңыздан асып түсетін қазына! Шексіз қазына!

Ал Тәңір Иеміз бізге әсер ететін Өзінің құдіреті арқылы біз сұрағаннан немесе ойлағаннан әлдеқайда көп нәрселерді істей алады

– Ефестіктерге арналған хат 3:20

Енді басқаша ойлауға дағдылануымыз керек. Бұл қазына біз ойлағаннан да үлкен! Әдетте, бізге әлдене керек кезде немесе көмек қажет болғанда, біз оны өзімізден тыс, барсқа бір жерден іздеуге жаттыққанбыз. Бірақ қазір Киелі Рух, Құдайдың Өзі, біздің рухымызбен біртұтас және Ол біздің Көмекшіміз. Киелі Рухпен бөтен тілдерде сиыну қалай нұсқау беретінін және құпияларды ашатынын талқылаған болатынбыз. Бірақ көптеген адамдар үшін мұның қаншалықты баға жетпес көмек екенін түсіну қиынға соғады. Құдай өмірдің барлық саласында жауап беруді қалайтынын да ұғу қиын болуы мүмкін.

Бірақ қайта туылғанда, сіз Құдай үйінің нағыз мүшесі және Оның ұлы Патшалығының азаматы болдыңыз. Ол сізге Өзінде бардың бәрін беріп қойған! Шын мәнінде, Лұқа 12:32-де қорқуға, үйреленуге

еш себеп жоқ деп жазылған, өйткені Әкеміз Патшалықты бізге беруге разы болды. Ол қандай патшалық? Оның Көктегі Патшалығы!

«Шағын қауым, қорықпа! Көктегі Әкең Патшалықты сендерге тапсыруға ризалық еткен» (Луқа 12:32).

Мұның бәрі, бүкіл Патшалық сенікі, достым. Құдай сізге бергеніне ештеңе қоса алмайды. Сізде бәрі бар! Көптеген адамдар Құдайды күнделікті өмірлеріне араласуын сұраса, Оның мазасын алғандай сезінеді. Бірақ бұл кәдімгі надандық. Мен сізге Америка Құрама Штаттарының азаматы екеніңізді айттым дейік. Сонда сіз былай айттыңыз: «Жарайды, ол жақсы екен. Бірақ, осы жерден дүкен ашсам, осында өз кәсібімді ашуға мүмкіндік беретін елдің заңдарын пайдаланғым келсе, біреудің мазасын аламын ғой». Азамат ретінде сіз елдің барлық заңдарын пайдалана аласыз және мемлекет ұсынатын барлық артықшылықтарға ие бола аласыз. Олардың бәрі сіздікі! Өзіңізді тежемеңіз. Заң бойынша сізге тиесілі барлық артықшылықтарды алыңыз!

Құдай Патшалығы неге қазынаға теңелген?

Өйткені сіз көктегі білімге қол жеткізсеңіз, Құдай берген ерекше стратегияларды қолдана отырып, кез-келген жағдайда не істеу керектігін білесіз. Мұның қалай жұмыс істейтіні туралы тағы бір мысал келтірейін.

Дренда екеуіміз Құдай Патшалығы туралы біле бастағанда, өміріміз түбегейлі өзгерді. Қарыздан толықтай құтылу таза ауамен дем алғандай болды. Өмір мүлдем жаңа дәмге ие болды. 55 акр (22 гектар) жеріміз үшін қолма-қол ақша төлегеніміз бір ғажайып. Ол арман сияқты болды, таң қалдырды. Бірақ сонда да бізге ол жерге үй керек болды. Біз үй салу жайлы ештеңе білмейтінбіз. Неден бастау керектігін түсінбедік. Бірақ сатып алған жерімізде бізге керек үйді ҚАЛАЙ алу керектігі туралы мінәжат ете бастадық. Киелі Рухтың көмектесетініне сендік.

Қарызға батып кеткіміз келмей, үй салудың әр-түрлі жолдарын

зерттей бастадық. Арзан бағамен тамаша үй алудың бір жолы модульдік үй салу болды. Модульдік үй — бұл тіркеме емес, зауытта бөлімдер бойынша жасалған, содан кейін сіздің жер теліміңізде жиналған үй. Бұл ағаш үйлермен бірдей сапалы үйлер, бірақ зауыттағы тиімді құрылыс әдістерінің арқасында бағасы төмен. Сонымен, модульдік құрылыспен айналысатын екі-үш компанияны қарап, олар ұсынған үлгілерді зерттедік. Модульдік үйлерді зерттеп, қарап шыққаннан кейін ең тиімді ұсынысты таңдап, тамаша үй салып беретін компанияға тапсырыс бердік. Сол кезде Вирджиния штатында үйден оқу тақырыбындағы конференцияға шақырылған болатынбыз. Қайтып келгеннен кейін келісімшартқа қол қоюымыз керек. Болашақ үйіміздің жоспарын ала кетейік дедік. Осылайша жобаның байқалмай кеткен тұстары болса, оларды мұқият қарастырып, үйге жеткенде әбден ойланып барып, келісімшартқа қол қоюымыз жөн деп шештік.

Вирджиниядағы конференцияда сөз сөйлеуге қалай шақыру алғанымыз есімде жоқ, бірақ онда барғанымызда балаларын үйден оқытатын отбасылардың бірі бізді қонақүйге бармасын деп өз үйлеріне шақырды. Олардың оңтүстік стилдегі әдемі үйіне келіп, жаңа достарымызбен танысқанда, үйін қатты ұнатқанымызды айттық. Әңгіме барысында үйді өздері салғанын білдік. Басында мен сенбей қалдым. «Сіз құрылысшысыз ба?» деп сұрадым. Олар «Жоқ» деп жауап берді. Отағасы үлкен жергілікті мекемеде бухгалтер болып жұмыс істейтінін айтты. «Сонда үйді қалай салу керектігін қайдан білдіңіз?» дедім.

Олар құрылыстың әр түрлі аспектілері жайлы айта бастады. Әңгіме барысында біз де үй салып жатырмыз, қалаға орала салысымен келісімшартқа қол қоямыз дедік. Мұны естіген олар қуанып, жаңа үйіміз туралы сұрай бастады. Оларға Құдай Патшалығы жайлы және өміріміздің қалай өзгергені туралы айттық. 55 акр жер үшін қалай қолма-қол ақша төлегенімізді және ескі фермадан көшіп шығуды асыға күтетінімізді де айтып бердік.

Үйдің нақты сызбасын ала келдік дегенде, олар жоспарды көргілері келді. Әрине, олардың пікірін естиміз деп біз де мәзбіз. Сонымен, біз жоспарларды шығарып, асхана үстеліне отырып,

қағаздарды жайдық. Көп ұзамай үй иесі «Жоқ, бұл жер жеткіліксіз», «Сізге үлкенірек ас үй керек» және «Балаларыңыз өскенде бұл үй не болады деп ойладыңыз ба? Екеуіңіз де бағушы болған соң, қонақтарға арналған бөлме үлкенірек болса дұрыс» деп ойын айта бастады. Жалпы, соңында үй неліктен жарамайтынын көрсетті, ал біз олардың әрбір келтірген себебімен келістік. «Бірақ бізде бар ақшамен қалай үлкенірек үй сала аламыз?» деп алаңдай бастағанымызда, олар «Өте оңай» деді. «Үйді өзіңіз салыңыз!». Мен бұл кеңесті естігенде, күліп жібере жаздадым. «Мені үйді өзі салсын дейді ме?». Айтып кеткенімдей, мен үй құрылысы туралы ештеңе білмеймін ғой! Достарымыз ол соншалықты қиын жұмыс емес деп, бізге жігер беруге тырысты. Олардан құрылысты өзің басқару арқылы \$50 000-ға дейін қалай ақша үнемдеуге болатынын түсіндіретін Уоррен В. Джегердің кітабы туралы естіп қайттық.

Сондықтан үйге оралған соң модульдік үй салуға келісімшарт жасамайтын болдық. Кітапқа тапсырыс беріп, әр тарауын мұқият оқып, талқылап шықтық. Сондай-ақ тапсырыс бойынша салынатын үйлердің жоспарларын қарастыра бастадық. Ақырында өзімізге ұнаған үй жоспарын тауып, оны қадам-қадамға бөліп, егжей-тегжейлі жоспарға айналдырдық. Өздері үй салған достарымызбен, таныстарымызбен сөйлестік. Соңында мұны істей аламыз деп шештік! Құрылыс жоспарларын қарап шықтық та, өзімізден: «Бұл құрылыстың шығынын бюджетімізге сыйғызу үшін біз не істей аламыз?» деп сұрадық. Сенесіз бе, өмірімде ешқашан сым ұстамағаным қарамастан, бүкіл үйге электр тоғын өткізе аламын деп ойладым. Электр сымдар жүйесін жақсы білетін досым мұның оңай екенін, оны маған өзі үйрететінін айтты.

Мен өз кәсібіммен айналысып, қолым тимей жатқандықтан, Дренда бас мердігер болып, қосалқы мердігерлермен жұмыс істеймін деп шешті. Үйдің қаңқасын салатын мердігерді таптық, қалғанын өзіміз істейтін болдық. Содан кейін өміріміздегі ең қарқынды, бірақ қызықты күндер келді. Қысқасы, модульдік үйден екі есе үлкен үй салдық. Сапалы ағаш есіктер, паркет еден, бүтін ағаштан жасалған

ернеуліктер, сонымен қатар тапсырыспен жасалған әдемі ас үй шкафтарымыз болды. Оны тот баспайтын болаттан жасалған жаңа ыдыс-аяққа толтырып қойдық. Үйді өзіміз салғандықтан, 200 000 доллардан астам ақша үнемдедік!

Қазір Киелі Рухтан үй жоспарымен көмектесуін сұрағанымызға өте қуаныштымын. Нәтиже біз армандаған кез-келген нәрседен әлдеқайда асып түсті. Құдайдың Вирджинияға баруымзды қалай ұйымдастырғаны және өз үйлерін өздері салған ерлі-зайыптылармен бірге орналастырғаны мені әлі де таң қалдырады. Осы кездесу болмаса, біз модульдік үй салар едік, оған күмәнім жоқ. Модульдік үй қысқа уақытқа болсын, жақсы шешім болушы еді, келісемін, бірақ көп ұзамай оны да ауыстыруға тура келер еді. Біз салған үй әлі күнге дейін Киелі Рухтың кез-келген жағдайда көмектесетініне, күткеніңізден асып түсетін жоспар мен бағыт беретіне анық дәлел болып табылады!

Ендеше тағы да айта кетейін...

Құдайда СІЗГЕ КЕРЕК жоспар бар!

«Гэри, мұның бәрі жақсы ғой, бірақ Матай 13:44 жоспардың жасырын екенін айтады!» деуіңіз мүмкін. Иә, ол солай. Бұл сіздің игілігіңіз үшін керек. Матай 13:10-11-де Исаның не айтқанын қараңыз:

Шәкірттері Исаның қасына келіп:

— Халыққа сөзіңізді арнағанда неге астарлы әңгімелер айтасыз? — деп сұрағанда, Оның жауабы мынадай болды:

— Құдай өз Патшалығы туралы сырларды білуді оларға емес, сендерге ғана бұйырған.

– Матай 13:10-11

Бұл құпия білім оны теріс пайдаланатын және Құдайдың жоспарына кедергі жасайтын шайтанға немесе зұлым адамдарға емес, сізге арналған. Киелі кітапта шайтан Құдайдың не істеп жатқанын түсінетін болса, амалын өзгертетіні айтылған.

Керісінше, жариялап жүргеніміз — Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын. Бұны осы дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес; ұққан болса, олар Ұлылықтың Иесін айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді.

– 1 Қорынттықтарға 2:7-8

Құдайдың сырлары сізден емес, сіз үшін жасырылған деп үнемі айтамын! Шайтан қараңғылықта тұрады және Құдайдың жоспарларын білмейді. Ол тек Құдайдың істеп жатқанына жауап бере алады. Ол не болып жатқанын түсінгенше, кедергі жасауға кеш болады! Сондықтан келесі жолы түн ортасына дейін әлі де Құдайдан күткен жауабыңызды алмай, қобалжи бастасаңыз, Құдай ешқашан кешікпейтінін біліңіз. Сіз кешігіп жатыр деп ойлайтын нәрсе уақыт келгенше жасырын болу арқылы сіздің пайдаңызға жұмыс істейді.

«Құдай Патшалығын егіндік жерге КӨМІЛГЕН қазынаға да ұқсатуға болады. Соны тауып алған адам қазынаны қайтадан көміп тастап, қуанғанынан өзіндегі барды түгел сатып жіберіп, егіндікті сатып алады.

– Матай 13:44

Қазынаның қайда көмілгенін және не себептен жасырылғанын талқыладық. Сондай-ақ Киелі Рухтың даусын тыңдау және Рухпен сиыну арқылы Құдай Патшалығында не жасырылғанын қалай естуге болатынын айттық. Бірақ бұл үрдісте Жазбаларда айтылған тағы бір маңызды қағида бар. Оны білуіңіз керек. Оны елемей көптеген игі,

**ҚҰДАЙДЫҢ СЫРЛАРЫ
СІЗДЕН ЕМЕС, СІЗ
ҮШІН ЖАСЫРЫЛҒАН
ДЕП ҮНЕМІ
АЙТАМЫН! ШАЙТАН
ҚАРАҢҒЫЛЫҚТЫ
МЕКЕНДЕЙДІ
ЖӘНЕ ҚҰДАЙДЫҢ
ЖОСПАРЛАРЫН
БІЛМЕЙДІ.**

ғажайып жоспарлардың бұзылуына әкеліп, адамдардың өмірінде жойқын күйзеліс тудырады. Байқасаңыз, Жазбада адам Құдайдан қазына, идея, бағыт немесе жоспар туралы естіген бойда оны қайтадан жасыратыны айтылған. ОЛ ОНЫ БІРДЕН ІСКЕ АСЫРМАЙДЫ! Ол Құдайдан естігенін, өзінің жаңа және қызықты жоспарларын барлық достары мен көршілеріне бірден жайып салмайды. Киелі кітапта ол білгенін жасырып, барын сатып, содан кейін егіс алқабын сатып алатынын жазылған. Қарапайым тілмен айтқанда, ол қазынаның нақты иесі болмайынша, ешкімге оның орнын ашпайды. Қазына қолына түскенше, ол шыдамдылық танытады. Сондықтан, байлықты одан ешкім ұрлап ала алмайды.

Сондай-ақ Жазбаларда адам қазынаны алғаш тапқан кезде оның ақшасын бірден төлей алмайтыны және оған қол жеткізу үшін біраз дайындықтан өткені айтылған. Бұл принцип ақша мәселесімен және бір нәрсені сатып алумен шектелмейді. Өмірлік маңызы бар нәрселерге және табысқа қол жеткізгіңіз келсе, Киелі Рух сізге көрсеткеніне сай әрекет етуді үйретеді.

Жазбада айтылғандай, сіз идеяны немесе бағытты естігенде, оны іске асыруға қажетті қабілетке ие болмайынша әрекет етпеуіңіз керек. Бұл ақша мәселесінде ерекше айқын көрінеді. Жерді сатып алуға ақшаңыз жетпесе, жерде қазына бар деп ешкімге айтпайсыз. Мұны жұрт білсе, оны бірінші болып басқа біреу сатып алады. Қайта, жасырынған қазынаның құпиясын сақтап, жер сатып алуға ақша табуға бар күшіңізді саласыз.

Дәл осы қағида Құдай сізге беретін кез-келген нұсқау немесе бағытқа да қатысты. Сенушілер соңына тезірек жетеміз деп, көп жағдайда істің басын өткізіп алады. Киелі Рух жиі бізге идеяны бірден жүзеге асыру үшін емес, біз дайын болу үшін және мүмкіндікті шынымен пайдалану үшін ашады. Кез-келген кәсіпорынның дайындық кезеңі процестің ең маңызды бөлігі болып табылады. Спортта командалардың жеңісі не жеңілісі жаттығу кезінде, ешкім көрмегенде ойынға қаншалықты жақсы дайындалғанына байланысты. Бірақ мойындау керек, жаттығу рахат әкелмейді, ол

тек шаршатады. Салыстырсақ, барлығы ойынның қызығын, қалың көпшілікті, жарық пен жеңістің толқуын ұнатады.

Өкінішке орай, дайындыққа немқұрайлы қарасақ, армандарымыз қиындық мен қайғыға айналады. Бұл қағиданы білмегендіктен өмірін құртқан қаншама адамдарды көрдім. Құдай шақырған көптеген адамдардың, майланған адамдардың іштей немесе қаржылық жағынан дайын болмаса да қауым құрып, армандары орындалмай, апатқа ұшырағанын көрдім. Құдайдан тамаша бизнес идеяны естіп, табысқа сенімді болған адамдардың мұқият дайындықсыз қазіргі жұмыстарын бірден тастап, банкротқа болғанын көрдім. Бұл әңгімелердегі ең өкініштісі – кінә Құдайға жүктеліп, адамдар өзінен ғана емес, Одан да көңілдері қалды. Көптеген адамдардың сәттілік бір күнде келе қалады деп ойлайтынын білмеймін. Дегенмен, адамдарға Жазбаның бір қарапайым үзіндісінде сипатталған табысқа жету үрдісін үйрету керек.

Адамдар маған келіп: «Бағушы, Құдай осы қауым – менікі екенін айтты» дейді. Сосын олар жоқ болып кетеді. «Бағушы, Құдай маған керемет бизнес идеяны берді». Келесі еститініңіз, олардың үйі мәжбүрлі аукционға қойылып, көліктері тәркіленген. Бұл Құдайдың сізге арнаған жақсылығы ЕМЕС.

Киелі Рухтан бір идея естігенде, бұл бірден әрекет етуіміз керек дегенді білдірмейді. Көбінесе Ол бізді сол арманды жасыруға және оны жүзеге асыруға дайындалуға шақырады. Әдетте, оны сәтті жүзеге асыру үшін бізде қажеттің бәрі жоқ. Құдай сізге не істеу керектігін көрсеткеніне байланысты дайындық апталар немесе тіпті жылдарға созылуы мүмкін. Дайындық пен дұрыс сәт идеяның өзінен маңыздырақ немесе одан да маңызды екенін түсінуіңіз керек!

19 жасымда Ізгі хабарды уағыздауға шақырылғанымды білемін. Өте анық, ашық аян алдым. Онда қолыма Киелі кітап ұстап тұрғанымды көрдім. Құдай үш рет: «Мен сені Сөзімді уағыздауға шақырамын» дегенін естідім. Бұл өте шынайы және күшті тәжірибе болды. Бірақ Жаратқан Ие маған бірден барып уағыздауға бұйырған жоқ. Оның

орнына Ол колледжге баруымды айтты. Мектеп бітіргенде, орта баллым 1,3 еді. Бағаларымның жаман болғаны сонша, мектептен бірнеше рет шығып кете жаздадым. Оның үстіне өте ұялшақ едім, адамдармен араласудан аулақ болдым. Шынымды айтайын, бағушы болуға қажетті кемелдіктен өте алыс едім! Сөйтіп, мен колледжге түстім. Ол оқу қиын, өте қиын болды. Бірақ мен шыдамдылық танытып, төрт жылдан кейін диплом алып шықтым.

Колледжді бітіргеннен кейін уағыз айтатын уақытым келді ме екен деп ойландым. Бірақ Құдай маған сақтандыру мен бағалы қағаздарды сататын жергілікті қаржы фирмасына жұмысқа тұруымды қалайтынын айтты. Мұның себебін еш түсінбесем де, Құдайдың даусын естіп тұрғанымды біліп, ол жерге жұмысқа тұрдым. Бұл жұмыс колледжден де қиын болды. Күн сайын компаниямның жұмысына еш қызығушылығы жоқ адамдарға «суық» қоңырау шалып, сөйлесуден қорқуды жеңуге тұра келді. Сатқан полистерімнен түскен пайдамен ғана өмір сүру оңай болған жоқ, шынымды айтсам, күнде жұмыстан кеткім келетін. Бірақ ол дұрыс болмайтынын білдім.

Ақырында, бірнеше жылдан кейін мен кәсібімде табысты болдым. Дренда екеуіміз тынбай еңбек етіп, фирмамыздың басқа 5 000 кеңсесінен озып шықтық.

Сол кезде Құдай қауым ашудың уақыты келді деді. Ол кезде жасым 40-та. Құдай мені 19 жасымда берген аянға дайындау үшін 21 жыл қажет болды. Бағушы ретінде қызмет ете бастағанда, неге сонша дайындық қажет екенін түсіндім. Бағушылық мен ойлағаннан әлдеқайда қиын болып шықты. Бірақ адамдармен қарым-қатынастағы тәжірибемнің және сәтсіздіктен қорқпауымның арқасында, Құдайдың шақыруына адал бола алдым. Құдайдың әрбір тапсырмасы 21 жыл дайындықты қажет етпейді, бірақ ондағы қағида бірдей.

Осы дайындық қағидасына байланысты мен Матай 13:44-тің келесі мазмұндамасын ұнатамын:

Сіздегі Көк Патшалығы Құдай білетін құпияларды білуге мүмкіндік береді. Бұл білім ішіңіздегі Құдайдың Рухынан алынған. Адам өзі үшін құнды қазына болып табылатын бұл құпия білімді тапқанда, оны жүрегіне, санасына қайтадан жасырып қояды. Содан кейін мұқият дайындалып, қуанышпен, бар күшін салып, алдынан ашылған жолмен жүреді және осылайша іздеген жауабын табады.

8 ТАРАУ

АЛҒА БАСТЫРАТЫН ҚИЫН ЖАҒДАЙ

Досым Питер бағушы мен оның әйелі Бев — Жаңа Зеландиядағы үлкен қауымның бағушылары. Бірде достарым Америка Құрама Штаттарына қысқа сапармен келді. Бұл Жаңа жылдың қарсаңында еді. Олар Колорадо-Спрингсте Broadmoor атты қонақүйінде демалуға келді. Жаңа жылды тойлау үшін АҚШ-та бірнеше күн өткізбек. Broadmoor-ға барып көрмесеңіз, бұл Рокки тауларына тамаша көрініс ұсынатын ең жақсы американдық курорттардың бірі; ол өзінің керемет мерекелік атмосферасымен танымал. Питер бағушы бізге сол жерге тоқтағандарын айту үшін қоңырау шалып, оларға қосылғымыз келетінін сұрады. Біз қуана келісіп, ең керемет үш күнді сонда өткіздік.

Питер бағушы қызметімнің басқарма кеңесінде мүше болғандықтан, кездескенде әдетте қызмет туралы көп сөйлесеміз. Бұл сапарда да солай болды. Алдағы жылға жоспарлағанымызды айтып, ой бөлістік. Олар біздің өте жақын достарымыз болған соң, қоштасу әрқашан мұңды болады. Дренда екеуміз Жаңа Зеландияға әдетте жылына бір рет немесе кем дегенде екі жылда бір рет барып тұрамыз, бірақ биыл қолым тимеді және мұндай сапарды жоспарламадым.

Сөйтіп, үйімізге оралып, жаңа жылды тағатсыздана күттік. Бір қызығы, 9-қаңтарда түсімде Питер бағушы мені ақпан айында Жаңа

Зеландиядағы қауымына уағыз айтуға шақырғанын көрдім. Бұл бір қызық болды деп ойлағаным есімде, өйткені жаңа ғана бірге үш күн өткіздік, бірақ Питер бағушы бұл жайында бір ауыз сөз айтпады. Ақпанға дейін бір-екі апта ғана қалды. Мен Дрендаға таңғы ас ішуге бара жатып Құдайдың түсімде көрсеткенін айттым.

Компьютерім ас үйдегі үстелде тұрды, оны тамағымды әзірлеп жатқанда қостым. Кофе ішіп отырғанымда, Питер бағушыдан хат келгенін көрдім. Хатты ашқанда, Питер бағушы үш аптадан кейін жыл сайынғы қаржылық конференциясына келіп, уағыздауға шақырып жатқанын оқыдым. Әрине, қайран қалдым. Мұны түсімде көргендіктен жайт тіпті ерекше болды. Бір қиыны, Питер бағушы шақырып отырған уақытта мен басқа да іс-сапарлармен жол жүруім керек болды. Күнтізбемді тез қарап шықтым. Дренда екеуміз Аргентинаға, Буэнос-Айреске баруымыз керек, сосын бірнеше күннен кейін Оклендке бара аламын. Ол жерге уақытында жетудің жалғыз жолы - Буэнос-Айрестегі конференциядан кейін, Австралияға Сиднейге тікелей рейспен ұшып, сосын Оклендке баратын ұшаққа отыру. Уақыт болса, мен мұндай қарбалас сапарды жоспарламас едім. Бірақ Құдай маған сөйлегендіктен, баруымыз керек екенін білдім.

Аргентинаға сапарымыздың ақшасын компаниямның серіктесі төледі. Бұл жақсы саяхат болды. Әдетте жылына бір-ақ рет көретін достармызбен жақсы уақыт өткіздік. Ол кезде Аргентина айтарлықтай қаржылық қиындықтарға тап болғаннан, қалада наразылық білдіруге митингке шыққан көп адамдарды көрдік. Бірақ тұтастай алғанда, бұл тамаша сапар болды. Буэнос-Айреске бірінші рет осылай барып келдім. Сиднейге ұшуымыз 16 сағатқа созылды. Бұл өмірімдегі ең ұзақ рейс болды. Оңтүстік полюсті де басып өттік. Әлемнің осы бұрышын көрмеген едім. Оны ұшақ биіктігінен көру тамаша бір бейне болды.

Ұшу кезінде, терезеден қарасаңыз, мұз бен қардан басқа ештеңе көрінбейді. Кенеттен Аргентина әуе компаниясының қызметін пайдаланып отырғанымды түсіндім. Ауыр қаржылық жағдайға түскен елде бұл компания ісін жалғастыру үшін күрес үстінде еді.

Егер компания ұшақтарына техникалық қызмет көрсетуден ақша үнемдеуге мәжбүр болса және біз әлемнің осы бөлігінде апатқа ұшырасақ, онда не болмақ деген ой келді. Бірақ Жаратқан Иенің Өзі мені осында әкелгендіктен, еш қауіптің жоқ екеніне сендім.

Сиднейге келген соң, біз тез арада Питер бағушы мен Бевпен хабарласып, Питер ауыр инфаркттан кейін ауруханада жатқанын біліп таң қалдық. Ол үлкен конференцияда мүлде уағыздай алмайтын болды. Менен іс-шараны толықтай өткізуімді сұрады. Осы кезде Жаратқан Иенің мені Жаңа Зеландияға неге бағыттағанын түсіндім. Киелі Рухтың біздің қадамдарымызды қалай басқарып жатқанына таң қалдым. Бұл Римдіктерге 8:14-те айтылған сөздерді еске түсіреді.

**«ҚҰДАЙ РУХЫНЫҢ
ЖЕТЕЛЕУІМЕН
ЖҮРЕТІНДЕР —
ҚҰДАЙДЫҢ РУХАНИ
БАЛАЛАРЫ».**

— РИМДІКТЕРГЕ 8:14

«Құдай Рухының жетелеуімен жүретіндер — Құдайдың рухани балалары» (Рим. 8:14).

Тағы да Киелі Рухтан нұсқауларды, идеяларды және тұжырымдамаларды есту қабілеті туралы айтып отырмыз. Киелі Рух арқылы өзіңізге қажет жауаптарды алуға болатынын Даниялдың әңгімесі өте жақсы көрсетеді. Менің келесі негізгі ойым осы. Даниялдың хикаясын бірге оқиық.

Набуходоносор (Бабыл еліне) патшалық құрған екінші жылы қорқынышты түстер көріп, соларды уайымдап, ұйқысынан айырылды. Содан ол түстерінің мазмұнын біліп алу үшін елдегі абыздар, балгерлер, сиқыршылар мен жұлдызшыларды шақыртты. Олар келіп, патшаның алдына жиналды. Патша оларға:

— Мен түс көрдім, содан жаным тыншымай отыр. Түстің

мазмұнын білгім келеді, — деді. Жұлдызшылар патшаға арамей тілінде:

— Уа, патша ағзам, өміріңіз ұзақ болсын! Бізге түсіңізді айтып беріңіз, сонда оны сізге жорып береміз! — деп жауап қайтарды. Алайда патша:

— Жарлығым мынадай: егер маған көрген түсімнің мазмұны мен мағынасын айтып бермесеңдер, өздеріңді кескілеп өлтіртіп, үйлеріңді жермен-жексен қылғызамын! Ал егер түсімнің мазмұны мен мағынасын айтып берсеңдер, мен сендерге көп сый-тартулар беріп, зор құрметке ие боласыңдар. Сондықтан маған түсімді және оның мағынасын айтып беріңдер! — деп бұйырды

— Даниял 2:1–6

Жұлдызшылар:

— Уа, патша ағзам, тапсырған бұл мәселеңізді жер бетіндегі бірде-бір адам шешіп бере алмайды. Ешбір патша, қандай ұлы да құдіретті болмасын, бірде-бір сәуегей, балгер, жұлдызшыдан бұрын-соңды мұндайды талап еткен емес! Уа, тақсыр, бұл тапсырмаңыз тым қиын. Түсіңізді сізге тәңірлерден өзге ешкім де ашып бере алмайды, ал олар адамдардың арасында тұрмайды ғой! — деп жауап қайтарды. Мұны естігенде патшаны ашу-ыза кернеп, Бабылдағы барлық білімпаздардың көзін құртуға бұйырды. Патша осындай жарлық шығарғандықтан, сақшылар іздеп тауып алып, өлтіру үшін Бабылдың басқа білімпаздарымен қатар Даниял мен оның серіктеріне де барды.

— Даниял 2:10–13

Содан Даниял үйіне қайтып, болған жайтты серіктері Хананиях, Мишаел, Азарияхқа айтып былай деді:
«Бабылдың өзге білімпаздарымен бірге өзіміздің де

құрымай аман қалуымыз үшін көктегі Құдайдан бұл құпияны рақымдылықпен ашып беруін сұрайық!». Мұнан кейін осы құпияның шешімі Даниялға түнгі көрініспен ашылды. Сонда Даниял Құдайды мадақтап былай деді:

*«Мәңгі мадақталсын Құдайдың есімі,
Заман мен дәуір атаулыны өзгертеді,
Әрі патшаларды тағайындап қояды,
Ал кейін оларды орнынан алады,
Ол даналарға тағы даналық қосады,
Түсінігі барларға білім дарытады,
Құдайда әрдайым жарық нұр болады,
Ол құпия, көмескі жайттарды ашады,
Түнектегілерін де анық ұғады.*

— Даниял 2:17-22

Даниял өмір мен өлімнің арасында, өте қауіпті жағдайда. Бірақ бұнда алға жылжудың маңызды кілті жатыр. Құдай осы қорқынышты жағдайды Даниялдың құлдырауын емес, қайта ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланды. Киелі Рухтың құпия білімі арқылы Даниял Набуходоносор патшаға түс пен оның мағынасын айтып берді. Келесі үзіндіден көріп отырғанымыздай, патшаның ашуы басылып, көңілі жайдары болды.

Сонда Набуходоносор патша Даниялдың алдында басын жерге тигізе тағзым етті. Оның құрметіне астық тартуы жасалып, хош иісті зат түтетілсін деп бұйырды да, Даниялға былай деді: «Сен осы құпияны аша алғандықтан, сиынатын Құдайыңның шынымен барлық тәңір атаулының үстіндегі Құдай әрі патшалардың Иесі екеніне көзім жетіп отыр!». Патша Даниялдың дәрежесін мейлінше жоғарылатып, оған көп сыйлық беріп, бүкіл Бабыл аймағының билеушісі және Бабылдың барлық білімпаздарының үстінен қарайтын басшысы етіп бекітті. Даниялдың өтінішімен патша

Шадырақ, Мисақ пен Әбдінегоны Бабыл аймағының істерін атқарушылар етіп тағайындады. Ал Даниялдың өзі патша сарайында тұратын болды.

– Даниял 2:46–49

Даниял Құдайдың даусын ести алғандықтан, тамаша нәтижеге жетті. Оның қолына зор билік пен мол байлық түсті!

Дәл осындай нәтижені Киелі кітаптың тағы бір әңгімесінде, Жүсіптің оқиғасынан табуға болады. Ұқсас жағдайға тап болған Жүсіп перғауынның түсін жорып беруге мүмкіндік алды. Жүсіп түсті дұрыс түсіндіріп, содан кейін Мысырды алдағы құрғақшылықтан құтқару үшін әрекет жоспарын ұсынғаннан кейін перғауын былай деді:

«Мұның бәрін саған Құдай білдіріп тұр екен! Өзің сияқты ақылгөй, дана ешкім де жоқ. Бұдан былай менің сарайымды қарамағыңа аласың, бүкіл халқым сенің айтқаныңмен жүруге тиіс. Мен патшалық тағыма байланысты ғана сенен жоғары боламын»

– Жаратылыс 41:39, 40

Осы екі әңгімеде де бастапқыда бәрі үмітсіз болып көрінсе де, бірақ әңгіме жоғары лауазым мен байлықпен аяқталды. Қарапайым тілмен айтқанда, әлем қиын мәселелерді шешетін адамдарға көп ақша төлейді. Ішіңіздегі Киелі Рух сізді қиын мәселелердің қақ ортасына жіберуді жақсы көреді! Ондай жағдайға түскен кезде қорықпаңыз, қайта Құдайды мадақтаңыз, себебі Ол Даниял мен Жүсіпке көмектескендей сізге де көмектеседі! Мен әрқашан даңқ – Құдайдыкі, ал жалақы – менікі деймін! Даниялдың Жаратқан Иеміз туралы айтқан сөздері маған қатты ұнайды: «Құдайда әрдайым жарық нұр болады, Ол құпия, көмескі жайттарды ашады, түнектегілерін де анық ұғады». Даниял жарық нұрдың әрдайым Онымен бірге болатынын айтады. Ол қараңғы түнде көшеге шыққанда шамды қосқаныңыздай, қайда баратыныңызды анық көресіз деген сөз!

Сонда жарық қорқынышты жеңеді, ал сіз қайда бару керектігін білетін боласыз. Пауыл келесі аятта Құдайдың бізге қиын уақытта сөйлейтінін және көмектесетінін жазған.

«Өздерің білесіңдер: әлі де Құдайға мойынсұнбаған кездеріңде сендерді біреу жетелегендей, үндемейтін «тәңір» бейнелеріне құлшылық етудің әр түрлі жолдарымен азғырылдығыңдар».

– 1 Қор. 12:2

Пауыл пұттар сөйлемейді, бірақ Құдай сөйлейді дейді!

Енді бұл тарауды неге «Алға бастыратын қиын жағдай» деп атағаным түсініксіз болуы мүмкін. Өйткені дәл осы қиын жағдайларда ішіңіздегі Киелі Рухтың сізге керек барлық жауаптары бар. Дәл осы қиын жағдайлар сізге шешім ойлап табуға тамаша мүмкіндік береді. Қиын жағдай – сіздің ілгерілеуіңіз, алға басуыңыз, өркендеуіңіз, жоғары лауазым алуыңыз үшін үшін тамаша мүмкіндік! Өкінішке орай, көптеген сенушілер ыңғайсыз, қиын жағдайлардан аулақ болады. Көбісі қиын жағдайға тап болғанда, Құдайдан алшақтап кеттім деп ойлайды.

Теледидарға шыға бастағанмызда айына 9000 доллар шамасында төлеуіміз керек болды. Құдай-ау, ай сайын төлеп отыруға бұл өте көп ақша деп ойлап едім. Содан кейін айына 20 000 доллар, біраздан кейін 50 000 доллар төлеуіміз керек болды. Бір күні бәріміз дұға етіп жатқанда, қызым Эми пайғамбарлық дарынды пайдаланып, Құдайдың сөзін сөйлей бастады:

«Егін сен үшін тым көп. Сені сынамақпын. Тек Менің Рухым арқылы ғана не болатынын біле аласың! Алға қадам басып, қиынға, түсініксізге, мүмкін емеске жетелеуіме рұқсат етесің бе?»

Әрі қарай не болғанын айтпас бұрын, бір сұрағым бар. Осы кезге дейін үйренгенімізге сүйеніп, мені алда не күткенін айта аласыз ба? Алға басу! Құдайдың маған таңдау бергені ұнайды. Онымен бірге

жүруге дайын екенімді сұрады. Менің келісімімді сұрады. Егер мен жоқ десем, Ол басқа біреумен сөйлесер еді. Бірақ мен алға басу мүмкіндігінен айрылып қалғым келмейді. Жоғары лауазымды басқа біреуге бере салғаннан, өзіме алғаным артық емес пе?

Мен: «Иә, Тәңірім, менің келісетінімді білесің» деп жауап қаттым.

Бірнеше апта өткен соң, Daystar атты теледидар желісі бізге күнделікті трансляция жасауды ұсынды. Бұрында біздің бағдарлама аптасына тек бір рет көрсетілетін. Келіссек, теледидарға айына шамамен 200 000 доллар төлеуіміз керек. Бірақ пайғамбарлық сөзге және ішімдегі Киелі Рухтың жетелеуіне сүйеніп, келістім. Бағдарламамыз танымал болғанша, алғашқы екі айдың ішінде эфирге төлей алмауымыз мүмкін деп бізге барлығы ескертті. Дәл солай болды. Күткеннен де қиын мәселеге тап болдық, шынымды айтсам. Бес айдың ішінде 500 000 доллар қарызға түстік. Төлемдерді кешіктіріп жатқанымыздан, эфир уақытын басқаратын адам адвокаттардың біраз қобалжығанын айтып хат жолдады.

Бұл туралы шынымен де уайымдай бастадым. Біздің шоу «Қаржы мәселесінің шешілуі» деп аталады емес пе?! Бұл не деген жағдай деп, Құдаймен күрескенім есімде. Жігерімнен айрылып, Дрендаға теледидар шығындарын қысқартуға немесе мүлдем тоқтатуға тура келетінін айттым. Бірақ ол:

— Құдай не деді? Ол үшін төлейтінін айтты, солай ма? — деп жауап берді. Әйеліммен теледидарға жетпей жатқан ақша жайында сөйлесе бастасам, бірнеше күн бойы ол тура осылай жауап берді. Әрине, көп сиындық. Ешқандай жауап болмаса да, Құдайдың тыныштығын сезіндім. Сол аптада түсімде бірінің үстіне бірі үйілген қабат-қабат көп чектерді көрдім. Бұл түсімнің бір ғажабы, толған чектерді ғана емес, сонымен бірге әрқайсысының сомасын және оларды жазған адамдардың есімдерін де көрдім. Оянғанда, мен эфирдің төленгенін білдім. Жаным жай тапты. Сонымен, сол демалыс күні, кәдімгі демалыс күні десек те болады, дәл түсімде көргендей, 500 000 доллар келе қалды. Сомалар мен чектерді жазғандардың

аты-жөндері тура түсімдегідей болды.

Көрдіңіз бе, қиын жағдайлар жаман емес! Достым, бұл алға жылжитын кез. Адамдар маған қателесуден қорқып, қиын жағдайға түспеуге тырысатынын айтады. Бірақ Киелі Рух, біз Оны тыңдаған жағдайда, мүмкін болатын қателік туралы ескертеді.

Бірнеше жыл бұрын мен қарызды жеңілдету жөніндегі компаниямды басқарғанымда, бір клиент мен танымайтын компанияға инвестиция жасау үшін үй капиталынан ақша шығарғысы келді. Бұл компания маған күдікті көрінді. Кеңсеге баспалдақпен көтеріліп бара жатқанымда, жұмыскерлерімнің бірі осы жағдайды айтқаны есімде. Кенеттен мен Киелі Рухтың бұл мәселені қалай шешуге болатынын айтқанын сездім. Жұмыскеріме: «Мәмілені жасай бер, бірақ клиент бір құжатқа қол қойсын. Онда біз инвестициялық компания емес екенімізді жаз. Тек клиенттің өтініші бойынша несие ұйымдастыратынымыз айтылуы керек» дедім. Одан әрі біз инвестицияның қауіпсіздігіне немесе орындалып шығуына жауап бермейтінімізді және клиентке осы компанияға инвестиция жасауға кеңес бермегенімізді қостық. Алты айға жуық уақыттан кейін бәрі жарылып кетті. Инвестициялық компания бұл клиенттің барлық ақшасынан айырылды. Инвестициялық компания және менің компанияма қарсы сот ісі басталды. Алайда адвокат клиентіміздің қолы қойылған құжатты көргенде, біз сот ісінен шықтық.

Сол күні мені баспалдақта тоқтатып, осы хатты құжаттарға қосуды айтқан Киелі Рух болды. Киелі Рухтың сізге көмектесетініне және кез-келген жағдайда басшылық ететініне сеніңіз. Иса айтқандай: «Қорықпа».

**КИЕЛІ РУХТЫҢ СІЗГЕ
КӨМЕКТЕСЕТІНІНЕ ЖӘНЕ
КЕЗ-КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА
БАСШЫЛЫҚ ЕТЕТІНІНЕ
СЕНІҢІЗ.**

Келесі оқиғаны басқа кітабымда да айтып едім, бірақ оны талқылау үшін қайталағаным артық емес. Бір күні отбасымызбен үш күндік демалысқа барып қайтатын болдық. Барлығы микроавтобусқа

отырып, дайын болды. Көліктің моторын іске қосуға жүргізушінің орындығына отырғанымда, Киелі Рух кенеттен көлікті жылжытуым керек деді. Микроавтобустың жанында, кіреберіс жолында тағы бір көлігіміз тұрды. Киелі Рух осы көлікті көгалға жылжытуды бұйырды. Бұл маған біртүрлі көрінді. «Киелі Рух көлігімді жолдан көгалға неге жылжыт дейді?». Білмеймін. Бірақ Рухтың түрткені өте күшті болды! Дрендаға не істейтінімді айттым да, көлікті кіреберіс жолынан көгалға жылжыттым. Жексенбі күні кешке үйге жеткенше бұл туралы қайтып ойламадым. Үйге жеткенде, Құдайдың тілін алғаныма риза болдым. Тура менің көлігім тұрған жерге жолдың арғы жағынан дәу үйеңкі ағаш құлапты. Ағаш көлікке тимегендіктен, ол көгалда еш зақымсыз әп-әдемі болып тұр. Көлігіміз ескі жерінде тұрса, үйеңкі оны быт-шытын шығарып қиратып жіберетін еді.

Дренда екеуіміз, әрине, ақшамен не істеуге болмайтынының көрнекті мысалы едік. Бізге бар қажет болғаны бірнеше құпия стратегиялар мен жағдайымыздан жоғары көтеретін жасырын даналық еді. Өткенді еске түсіргенде, күлімсіремей отыра алмаймын, өйткені қазір бүкіл әлем көретін телебағдарламамыз «Қаржы мәселесінің шешілуі» деп аталады!

Достым, келесі аят – сіздің бүгінгі тағдырыңыз.

«Олар әлсірегенде Құдайдан күш алып, ұрыс-шайқаста нығайып, жау жасақтарын қуып шықты» (Евр. 11:34).

Жауабын білгенде қиын және үмітсіз жағдай болмайды!

9 ТАРАУ

БӘСЕҢ, САБЫРЛЫ ДАУЫС

Киелі Рухтың дауысы жайында тәлім бере бастағанымда, көптеген адамдар Құдайдың дауысын ешқашан естімегендерін айтады. Бірақ мен оларға үнемі: «Жоқ, естідіңіз!» деп жауап беремін. Басқалар сияқты, сіз де өзіңізді Құдайдың дауысын ешқашан естімегендей сезінсеңіз, Патшалықтар туралы 3-жазба 19:11–12-ге жүгініңіз.

Сонда Жаратқан Ие оған мына бұйрығын жеткізді: «Үңгірден шығып, тау басында Жаратқан Иенің алдында тұр! Сол жерден Жаратқан Ие өте шығады». Кенеттен Жаратқан Иенің алдында тауларды жарып, құздарды талқандаған алапат күшті дауыл соқты, бірақ дауыл ішінде Жаратқан Ие болмады. Одан кейін жер сілкінді, бірақ Жаратқан Ие жер сілкінісінде болған жоқ. Сілкіністен кейін от болды, бірақ от ішінде Жаратқан Ие болмады. Оттан кейін жай да жұмсақ бір сыбдыр естілді.

— 3 Патшалықтар 19:11,12

Киелі Рухтың дауысын әртүрлі қарқындылықта естуіңіз мүмкін, дегенмен, Киелі Рухтың қалыпты дауысы – нәзік сыбыр. Бұл бәсең де сабырлы дауыс. Жоғарыда айтқанымдай, әдетте Құдайдың дауысы тосыннан келген өзгеше бір ойға ұқсайды. Көпшілік арасында өз балаңыздың дауысын ажырата алатыныңыз сияқты, сіз де Киелі Рухты жақсы танып, Ол сөйлеген кезде де Оның дауысын дөп тани

алатын боласыз. Бірақ бұл тарауда мен сіздермен ешкім ойламайтын, бірақ бәріміз естіген Құдайдың дауысы туралы сөйлескім келеді.

Орал Робертс университеті жанындағы колледжде оқып жүргенімде, бірнеше теология курстарын өттім, себебі менің мамандығым Көне Өсиет болатын. Бұл курстарда мен білмеген ақпарат көп болды; шын мәнінде, мен оның көпшілігін бұрын ешқашан үйренбеген едім. Орта мектепте сабақтан көп қалдым, ілім-білімге аса бейім емеспін, сондықтан, оқуда қатты қиналдым. Емтихандардың барлығын мезгілінде тапсырып шығу үшін, әсіресе, көп күш салатынымын. Бірде Көне Өсиеттегі бір тақырыпқа мақала жазуым керек болды, нақты қандай тақырып екені есімде жоқ. Жазбаша жұмыстардан қатты қорқатынымын. Колледждің бірінші курсында жазған алғашқы мақалам әлі есімде, оны қайтарып алғанымда, басты бетінде үлкен екілік, ал оның астында қызыл сиямен жазылған: «Сіз орта мектепте оқыдыңыз ба?» деген сөз бар екен. Менің ағылшын тілі мен грамматикадағы білім деңгейімді көрген мұғалім университетке қалай түскеніме таң қалса керек. Сол бірінші жылы-ақ оқудан шығып қалмауым үшін, ағылшын тілінен қосымша сабақ алуыма тура келді.

Енді, «емтихан аптасының» қарсаңында, тағы бір мақала жазуым керек. Бұл жобадан өлердей қорықтым. Мақала, шығарма немесе басқа да жазбаша жұмыстарды орындауды бұрын-соңды үйренген емеспін. Сондықтан тақырыпқа қатысты ақпаратты әртүрлі дереккөздерден жинап, көшіріп алатын едім. Көшірме екені білінбес үшін, аздап өзгеріс енгізетінмін. Бұлай істеуге болмайтынын ол кезде білмейтінмін, сондықтан арым таза. Оқығанымды өз сөзіммен жазатыным тағы бар. Дегенмен, жазба жұмыстарын орындауды білмейтінім анық.

Бұл жолы уақытым аз. Жатақханадағы достарымның бірінде де сол емтихан болады екен. Сыныптағылардың барлығы бір тақырыпқа мақала жазуға тиіс еді, сондықтан мен досымның жазған мақаласын сұрап алдым. Ойым мақаласының құрылымын көру еді. Бірақ мақаланы көргенімде, мұндай сапалы жұмыс жаза алмаспын деп ойладым да, мақаласын көшіріп алдым. Иә, мұндай

бассыздыққа қайран қалып отырғаныңызды білем. Алайда, менің ол кезде жас сенуші болғанымды ұмытпаңыз. Қысқасы, мақаланы түгел көшірмесем де, жартысын өз дәптеріме айна-қатесіз түсіріп алдым. Дәптерді профессорға өткіздім де, арқамнан жүк түскендей жеңілдеп қалдым. Содан кейін болған оқиға мен үшін Құдайдың дауысын есту жайында маңызды сабақ болды.

Сол түні төсекке жатқанымда, ұйқым қашты. Арымның дауысы қатты шыққаны сонша, ұйықтай алмадым. Әуелі ұрлық жасап, содан кейін өтірік айтқаным мазамды алды. Сонымен қатар, досыма қиянат жасадым. Өзімді өте нашар сезіндім! Түнгі үште досымның бөлмесіне бардым да, ұйқысынан оятып, не істегенімді ашық айттым. Ол маған ұйқылы-ояу күйінде бір қарады да, «Гэри, жатшы» деді, сөйтті де, теріс қарап, ұйықтап қалды.

Ертеңіне профессорға жолықтым да, ағымнан жарылып, шынымды айттым. Ол кісі маған екі қоюға мәжбүр болды, әрине. Дегенмен, жымыяп, осы ісімді жоғары бағалайтынын айтты. Содан кейін жылдық бағамды төрт қылып шығаратынын айтты. Жегідей жеген арымның даусы өшкенде, көңілім жай тауып, әжептәуір жеңілдеп қалдым.

Ендеше, сізге сұрақ қоюға рұқсат етіңіз: «Мен осындай эмоционалды азапқа ұшыраған кезде, досым неге аунап түсіп, ұйқысын жалғастыра берді? Неліктен ол да мұндай азапқа ұшырамады? Мен неге ұйықтай алмадым және неге соншалықты аянышты күйде болдым?» Ұйқыға кетуге тырысқан сайын бір дауыс мазамды ала берді. Мені айыптаған – өзімнің ар-ұжданым! Ар-ұждан дегеніміз – дұрыс пен бұрысты түпсанамен ажырата білу.

Шам сияқты, оның жарығы қараңғылықты сейілтеді. Ол сіздің әрбір ойыңыз бен жасаған әрбір ісіңізді есінде сақтайды. Сот залындағы куәгер сияқты, ол ең жасырын нәрсеге куәлік етеді. Ол дұрыс нәрсені істеуді және жамандықтан аулақ болуды есіңізге салады. Ар-ұждан – әрбір адамның жүрегіндегі Құдайдың дауысы. Ар-ұждан әрбір адамды өз іс-әрекеттері үшін жауап беруге шақырады. Ар-ұждан

әрбір адамды сот залындағыдай, Құдай алдында есеп беруге шақырады. Айғақ беруге шақырылған кәуәгер тәрізді, ар-ұжданымыз да біздің атымыздан сөйлейді (қорғайды) немесе бізді айыптайды (сотқа тартады).

Medical Xpress жүргізген зерттеу бұл фактілерді растайды:

«Адам дамуының қазіргі басым теориясы адам өз өмірін «моральдық бос күйден» бастайды дейді, бірақ жаңа зерттеулер бұл көзқарасқа қайшы келеді. Зерттеушілер алты айлық сәбилердің моральдық пайымдаулар жасайтынын анықтады және әрбір сәби миына “жазылған” моральдық кодекспен туылуы мүмкін деп ойлайды»³.

Сөйтіп өзіміздің шынайы жолда екендігімізді біліп, Құдай алдында жүрегіміз орнығады. Себебі егер жүрегіміз бізді айыптаса да, Құдай жүрегімізден жоғары ғой, Ол бәрін де біледі. Сүйікті бауырларым, жүрегіміз бізді айыптамағанда Құдай алдында нық сеніміміз болады және Одан не сұрасақ та, аламыз. Өйткені Құдайдың өсиеттерін орындап, Ол не қаласа, соны істейміз

– 1 Жохан 3:19-22.

Ар-ұждан – әрбір адамның жан дүниесіндегі Құдайдың дауысы, Жаратушының ізі және Оның адам өміріне деген талаптары. Ешбір адам өзінің ар-ұжданынан қашып құтыла алмайды. Кісі өлтірген

**АР-ОЖДАН – ӘРБІР
АДАМНЫҢ ЖАН
ДҮНИЕСİNДЕГІ
ҚҰДАЙДЫҢ ДАУЫСЫ,
ЖАРАТУШЫНЫҢ ІЗІ
ЖӘНЕ ОНЫҢ АДАМ
ӨМІРІНЕ ДЕГЕН
ТАЛАПТАРЫ.**

немесе банк тонап, құтылып кеткен адамның кенеттен полицияға өзі барып, ағынан жарылатынына таң қалатынмын. Бірақ қазір адамды айыптаған ар-ожданнан асқан азап жоқ екенін білемін! Қорынттықтарға арналған екінші хатында Пауыл елші ар-ұждан куәлік етеді, ол сөйлейді деп айтады.

Біздің айналамыздағы адамдармен, әсіресе өздеріңмен, Құдайға ұнамды ашықтықпен, адалдықпен қатынас жасап келгендігімізге ар-ұжданымыз куә; мұны мақтан тұтамыз. Ескі күнәкар болмысымыздың «даналығымен» емес, Құдайдың рақымына бола солай өмір сүріп келеміз.

– Қорынттықтарға 2-хат 1:12

Сіз: «Ар-ұждан неге негізделіп сөйлейді? Неліктен оның күәлігі рухани сотта қабылданады?» деп сұрайтын боларсыз. Өйткені, ар-ұждан – Құдайдың дауысы. Римдіктерге жазған хатында Пауыл елші ар-ұжданның бізге сөйлейтінін тағы да айтады.

Таурат заңы жоқ басқа ұлттар өз еріктерімен оның талаптарын орындаса, онда олар өздерінің сол заңсыз-ақ не істеп, не қою керек екенін білетіндіктерін көрсетеді. Осы арқылы олар Таурат заңының талаптарының өз жүректерінде жазулы екенін дәлелдейді. Бұған олардың ар-ұждандары куә. Демек, оларды іштей қаралайтын немесе ақтайтын осы ұждандарынан туған ойлары соған куә

– Римдіктерге 2:14-15

Әр адамның ар-ұжданы бар. Бұл сөзіммен келіспеуіңіз мүмкін. Тасжүрек болып көрінетін адамдарды білетін шығарсыз. Бірақ олар мұндай болып туылған жоқ, оған кепілдік бере аламын. Егер адам өз ар-ұжданының дауысына қарсы тұра берсе, бұл дауыс барған сайын бәсеңдей береді.

«Осындай ілімдер ар-ұжданнан әбден безген, екі жүзді өтірікшілер арқылы тарайды» (1 Тімотеге 4:2).

Пауыл елші бұл адамдар ар-ұжданнан безген немесе жүректерін қасарыстырып, ар-ұждандарын сезінбейтін де, ести алмайтын күйге жетті дейді. Ар-ұждан сізді әлдебір істен бас тартуға

мәжбүрлей алмайды, ол тек сөйлейді. Ар-ұжданыңыздың айтқанын елемеуіңізге немесе оған қарсы шығуыңызға болады. Бірақ Пауыл елші ар-ұжданымызды елемейтін болсақ, зор қиындыққа тап болатынымызды ескертеді; немесе Пауыл айтқандай, ондай адам апатқа ұшырайды.

Тімоте, балам менің, саған мына өсиетті аманаттаймын, ол бұдан бұрын өзің туралы Құдай Рухы білдірген хабарларға сәйкес: ізгі күресте сол хабарларға сай әрекет жасап, сенімің мен ар-ұжданыңды таза ұста! Кейбіреулер ар-ұждандарынан безіп, сенімдерін құртты

– Тімотеге 1-хат 1:18-19

Негізінде, ар-ұжданының үніне қарсы тұрған адамдар өз өмірін басқару қабілетінен айырылады. Олардың тұсбағдары зақымдалып, істен шықты. Олар енді бағытты дұрыс анықтай алмайды. Пауыл елші дұрыс жолмен жүргенімізге көз жеткізу үшін таза ар-ұжданды ұстануымыз керек дейді. Жүрегімізді қасарыстырып, дұрыс пен бұрысты сезіну қабілетімізге зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, Пауыл заңға бағынып, дұрыс әрекет еткеніміз маңызды екенін айтады.

«Сонымен, сендер тек жазадан қорыққандықтан ғана емес, ар-ұждандарыңның таза болуы үшін де мойынсұнуларың керек» (Римдіктерге 13:5).

Егер сіз заңға бағынбасаңыз, ар-ұжданыңыз сізді айыптайды. Сондықтан Пауыл заңға мойынсұнуды, дұрыс нәрсені істедуді айтып отыр, осылайша ар-ұжданыңыз сезімтал күйінде қалады да, Құдай жоспарлағандай әрекет етіп, сізді қауіптен қорғай алады.

Ар-ұжданға келетін болсақ, мен бұл принципті көрсететін тағы бір ақымақтық жасағанымды есіме түсіремін. Бұл оқиға бағушы қызметіне кірмей тұрғанымда болды. Сіз бұл оқиғаны естігеннен

кейін Құдайдың мені пасторлық қызметке не себепті жібермегенін түсінесіз. Әңгіме бір кездері менің иемденген көлігіммен байланысты. Бұл маған қатты ұнайтын Peugeot 505 купе еді. Бір күні, бағдаршамда тұрғанымда, көлігімді арт жағынан басқа машина соқты. Жүксалғышы сынып, жақтауы майысты, сонымен қатар, апат салдарынан шанаққа басқа да зақым келді. Мені қағып кеткен жігіттің сақтандыру агенті көлікті көріп, келген зақымды бағалау үшін біз тұратын фермаға келді.

Әңгімемді әрі қарай жалғастырмас бұрын, бұл апаттан бірнеше апта бұрын көлігімнің шу басқышы түсіп қалғанын айтуым керек. Жүксалғышта тұрған люк қозғалтқышы да агент келгенге дейін бірнеше апта бұрын бұзылып қалған. Сонымен, сақтандыру агенті көлігімді тексере бастады. Жерде жатқан шу басқышты көріп (әдейілеп көзге көрсетіп қойғам), сол апатта сынды ма деп сұрады. «Иә, сэр» дегенімде, өзімді кінәлі сезіндім. Содан кейін ол мен айтқан люк моторы да апаттың салдарынан сынды ма деп сұрадым. Мен тағы да: «Иә» дедім.

Рухымда «Гэри, мұның қалай? Өтірік айтып тұрсың ғой!» деген ар-ұзданымның айқайын естідім. Енді мен өзімді-өзім қалай алдағанымды тыңдаңыз. Бұл дауысты елемесем, ол өзінен-өзі өшер деп ойлады. Сол кезде осылай ойлағаныма бүгін сене алар емеспін. Менің сол уақытта қауым басқармағаныма Құдайға мың шүкіршілік! Бұған Құдайдың да қуанғанына сенімдімін!

Қалай болғанда да, сақтандыру компаниясы көлігімді жөндеуге алып кетті, және бір аптадан кейін олар мені көлікті алып кетуге шақырды. Көлігімді көргенде, қатты қуандым. Мін жоқ! Машинамды мініп, үйге қайттым. Сынған тұстарының түгел жөнделгеніне өте қуаныштымын. Бір аптадан кейін жұмыстан түскі үзіліс кезінде үйге соғып, отбасыммен бірге түстенбек болдым. Қаржылық компаниямның кеңсесі мен біз тұратын ферма үйінің арасы екі шақырымдай болатын. Көлігімді үйдің алдына қойдым да, ішке кіріп, ас іштім.

Сыртқа шыққанымда, әлгінде ғана үй алдына қойып кеткен көлігім жоқ болып шықты. Абдырап қалдым. Көлігім қайда кетті? Жан-жағыма қарап едім, көлігімді көзім шалды. Үйіміз төбенің басында еді, мен қол тежегішті іске қосуды ұмытып кеткен сияқтымын. Бұрын-соңды бұлай жасамаған болсам да, осы жолы тежегіш есімнен шығып кетсе керек, көлігім жолдың бойымен ылдиға қарай жүріп барып, арт жағымен ағашқа соғылыпты. Машинамның жанына барғанымда, қайран қалдым. Жүксалғышы қирапты, зақым артқы жағынан соқтығысқанда келтірілген, жөндегенге дейінгі зақыммен бірдей. Жақтау дәл бұрынғы жерінен майысқан, шу басқыш түсіп қалған, люк моторы да жұмыс істемейді. Көлік жөндеу шеберханасына кірер алдында бәрі дәл осылай болатын.

Сол жерде тұрғанымда, кенет бәрін түсіндім де, күле бастадым. Құдай маған сабақ берді, бұл уағызшы бала адамдарды басқармас бұрын үйренуі біраз нәрсені керек еді. Көлікті қайта жөндеген жоқпын. Сынған қалпында қосалқы бөлшектерге сатып жібердім. Ар-ұзданымның тағы да бір қатты айқайлағаны есімде. Ол оқиғаны велосипед хикаясы деп атаймын.

Сол оқиға туралы әңгімем сізге де көмектеседі деп үміттенемін. Білемін, сіз мені мұндай нәрселерге барады деп еш ойлаған жоқсыз, бірақ сіз қателесесіз. Құтқарылғанымға өте қуаныштымын, әйтпегенде өмірім мүлдем басқаша болар еді.

Велосипед оқиғасы жоғарыда сөз болған оқиғадан бірнеше жыл кейін болды. Жаңа ашылған қауымды басқаруға кіріскен шағым. Сенбі күні түстен кейін әкемнің үйіне бардым, әкемнің үйі үлкен көшенің бойында еді, бұл екі жолақты негізгі жол. Астымда – күміс түстес көлігім Dodge Caravan. Әкемнің үйі белестің етегінде. Негізгі жолдан үйге апаратын бұрылыс бар. Неге екені белгісіз, белестен төмен қарай түсіп келе жатқан велосипедшіні көрмеппін. Мен баяу ғана артқа шегіндім, көліктің артында ешкім жоқ. Бірақ төмен қарай зулап келе жатқан велосипедші алға жылжи бастағанымда мені қуып жетті.

Осы сәтке дейін велосипедшіні көзім шалған жоқ. Бірақ кенеттен көлігімнің бүйірінен тарс-тарс еткен қатты дыбысты естідім. Артқы көрініс айнасына қарадым, көліктің артында мені қарғап-сілеп, екі қолымен дөрекі ишарат жасап тұрған велосипедшіні көрдім. Бұл жігіттің істегені намысыма тиіп кетті. Мен оның төбедегі төмен түсіп, шегініп келе жатқан көлікті көргенде, жылдамдығын бәсеңдете алатынын білемін. Сондай-ақ, егер ол қаласа, ол мені толығымен төмен жылдамдығымен айналып өте алатынын білдім. Бірақ ол тыныш кетпей, жанжал шығаруды жөн көрді.

Велосипедке мінген адамның автокөлікпен текетіреске түспек болғанына таң қалдым. Бұл қызбаны жөнге салуым керек деп ойладым да, жылдамдықты азайтып, оның көлігіме жақындағанын күттім, сосын тежегішті бастым. Оның фургонымның артқы жағына соғылып кетпеуге тырысып, кенеттен тежегішін басып қалғанын көргенімде біраз қанағаттандым. Қызба мінез жігіт одан сайын долданып, маған сұмдық қарғыстарды бұрынғыдан бетер жаудырды. Аузы жабылатын емес.

Баяу жүріп отырып, жолға түстім де, үлкен жолға таяу жерге тоқтадым. Көлігім енді маған қарай келе жатқан велосипедшінің дәл жолында тұр. Менің күтіп тұрғанымды, фургоныммен оны көздеп тұрғанымды көргенде, ол кенет үнсіз қалды. Менің ойымша, өзінің велосипедпен жүргені және автокөліктің велосипедтен үлкенірек екені есіне түссе керек. Терезені төмен түсіріп, оның фургоныма жақындағанын күттім. Жанымнан өтіп бара жатқан сәтінде осы жолда тағы бір рет көрсем, басып кетемін деп айқай салдым. Сөйттім де, көлігімді дәл велосипедшіге қарай жүргіздім, арамыз 15-ақ фут болатын. Мен оны қағып кете жаздадым, көлігімнің велосипедті жанап өткенін естідім. Өзімді бейне бір әділдік орнатқандай сезіндім. “Бұл қызбаға жақсы сабақ болды-ау” деп ойладым. Алайда, қуанышым ұзаққа бармады.

Киелі Рухтың үнді, өктем дауыспен: «Гәри, мұның не?» дегенін естідім. Бұл сөздердің сол сәтте маған қалай әсер еткенін жеткізе алмаймын. Кенеттен әлгі жігітті мерт қыла жаздағынымды түсіндім.

Артқы көрініс айнасына қарасам, ол басы салбырап, өте баяу жүріп келе жатыр екен. Жарақат алды ма, тірі қалғанына аң-таң ба, онысын білмедім. Өз жөніммен кете бердім, бірақ ар-ұжданым мазамды ала берді. Қызметке жаңа кірген бағушы ретінде жаманатты болуым мүмкін екенін түсіндім. Газеттерге «"Сенімдегі өмір" қауымының бағушысы жол оқиғасы кезінде велосипедшіні қағып кетті» деген мақалалар шығар еді. Киелі Рух мені сол велосипедші сияқты адамдар үшін қауым құруға шақырғанын есіме салды. Өз әрекетімнен өзім шошынып, Жаратқан Иенің алдында көзіме жас алып, тәубе еттім.

Сонымен, сіз Құдайдың дауысын бұрын естігеніңізге келісетін шығарсыз. Бірақ Құдайдың даусын әрқашан ести алуыңыз үшін ар-ұжданыңызды сезімтал күйінде сақтап, шеменденіп кетуіне жол бермегейсіз. Киелі Кітапта израилдіктердің жүректерін Құдайға қарсы қасарыстырып, Уәде етілген жерге кіре алмағаны айтылған. Еврейлерге арналған хатында Пауыл елші бізге, Жаңа өсиет сенушілеріне, олардың үлгісіне ермеу керектігін ескертеді.

Сондықтан Киелі Рухтың мынадай айтқандарына мән беріңдер:

«Бүгін сендер Оның даусын естігенде,

Ежелде айдалада сыналған кезде

Бас көтергендердің істегендері секілді

Қасарыстырмаңдар енді жүректеріңді!».

– Еврейлерге 3:7-8

Осы ескерту үшінші және төртінші тарауларда кемінде үш рет қайталанады. Неліктен дейсіз ғой? Өйткені, Құдай сізге батасын бергісі келеді және Иса құнын төлеген әрбір игілікке қол жеткізгеніңізді қалайды.

Жүректің қасарысуы туралы ойлағанымда, бала кезімдегі пониим есіме түседі. Мен көрген ең қыңыр әрі ақылды жануар. Сол пониді мінетін, дәлірек айтқанда, мінуге батылы баратын жалғыз мен едім. Бір күні үйге досым келді, аты Джеки. Ол жылқыны жақсы көретінін,

кез келген аттың тілін таба алатынын айтып қоймады. Тониге (понидің аты солай болатын) мінгізуімді сұрай берді.

Сұрай берген соң, айтқанына көніп, Тониді ерттедім. Джеки пониге мінгенде не болғанын ешқашан ұмытпаймын. Джеки мінісімен, Тони үйден шамамен 50 ярд (45 метр) қашықтықтағы тоғанға қарай бар пәрменімен шаба жөнелді. Джеки тізгінді мейлінше тартып, пониді айқаймен тоқтатпақ болды, бірақ Тони оған назар аудармады. Оның орнына, Тони тоғанға дейін шауып барып, судың шетіне жеткенде, басын төмен салып, кілт тоқтады. Әрине, Джеки бар екпінімен аунап барып, тоғанға құлады. Джекиден осылайша құтылған Тони түк болмағандай тоған жағасында жайыла бастады.

Тони тізгінді жұлқылай бергендіктен, ауыздық езуін қажап, қатайтып тастаған. Енді тізгінді қанша тартсаң да, ауыздық езуіне қанша батса да, ауырсынбайды. Пони ретінде Тонидің менен басқа ешкімге пайдасы жоқ еді. Неге дейсіз ғой? Өйткені, жоғарыда айтқанымдай, ол өте ақылды еді. Тониді көк шөпке жаятын мен едім. Қорадан шығып, сүйсініп жейтін көк шөбіне жетудің жалғыз жолы – мені арқасына мінгізу екенін жанұар тез ұқты. Бірақ мен оны бақылап отыруым керек еді. Тони басын бір жағына бұрып алып, желіп отырады. Онысы менің не істеп отырғанымнан көз жазбау үшін. Мен басқа жаққа мойын бұрсам болды, аяғымнан тістеп алады. Және ауыртып-ақ тістейді. Сондықтан, мен одан көз жазбай отырамын. Ал пайдаға келер болсақ, Тониден келер пайда жоқ-ты.

Жүрегіміздің қасарысуына жол берсек, Тони сияқты Құдайға жарамсыз боламыз. Бірде біз Тониді қораның сыртына байладық.

**СОНДЫҚТАН КИЕЛІ
РУХТЫҢ МЫНАДАЙ
АЙТҚАНДАРЫНА
МӘН БЕРІҢДЕР:
«БҮГІН СЕНДЕР ОНЫҢ
ДАУСЫН ЕСТІГЕНДЕ,
ЕЖЕЛДЕ АЙДАЛАДА
СЫНАЛҒАН КЕЗДЕ
БАС КӨТЕРГЕНДЕРДІҢ
ІСТЕГЕНДЕРІ СЕКИЛДІ
ҚАСАРЫСТЫРМАҢДАР
ЕНДІ ЖҮРЕКТЕРІҢДІ!».**

– ЕВРЕЙЛЕРГЕ 3:7-8

Әкем шелекке су құйып, Тонидің алдына апарып қойды. Теріс бұрыла бергенінде, Тони мойнын созып, әкемді тістеп алды. Әкем қызба мінезді адам. Шелектің жанында, жерде бір кесек тұз жатқан еді, әкем сол тұзды алып, пониге бар күшімен лақтырып жіберді. Бірақ Тони аман қалды. Мен Тониге сендім бе? Ешқашан сенген емеспін!

Адамдардың өмірінде де солай. Олар осы жолы ғана мойынсұнбай, ар-ұжданыма бір-ақ рет қарсы шығамын деп ойлайды, бірақ солай істеген сайын еті өліп, сезімталдықтан айрыла беретінін түсінбейді. Бір күні олар Тони сияқты болады. Құдайға мойынсұнбауды немесе Оның айтқанын орындамауды таңдаса, ешқандай ауыртпалық немесе өкініш сезінбейді. Мұның алдын алудың жалғыз жолы – ар-ұжданыңызға қарсы шыққаныңызды түсінген мезетте, уақыт созбай, тез тәубе ету.

50-ші Забур жырын Дәуіт патша Барсабиямен жақындасып күнәға батқаннан кейін жазған. Бұл тәубе ету жыры.

*Шексіз сүйіспеншілігіңе бола,
О, Құдай, маған рақым ете гәр,
Мейіріміңнің молдығына бола
Қылмыстарымды өшіріп тастай гәр.
Мені әділетсіздігімнен арылтып,
Күнәларымнан түгел тазарта гәр.
Қылмыстарымды жақсы білемін де,
Күнәларым әрдайым тұр есімде.
Мен Өзіңе қарсы күнә жасадым,
Сенің көз алдыңда зұлымдық істедім.
Осылай әділ Сенің айтқандарың,
Мүлтіксіз де маған жүргізген сотың.
Мен күнәкар болып дүниеге келдім,
Құрсақта жатқанда-ақ күнәкар едім.
Сен жүректің таза болуын қалайсың,*

*Жан дүниеме даналық та құясың,
Құрбандық қанын бүркіп, күнәмді кеше гөр,
Сонда көз алдыңда пәк таза боламын,
Күллі күнәмнан мені жуып-шая гөр,
Сонда қардан да аппақ тазарамын.
Шаттық үнін маған қайтадан естірте гөр,
Сен әлсіреткен денемді қуанта гөр,
Күнәларыма енді назар аудармай,
Бар қылмыстарымды өшіріп тастай гөр.
Уа, Құдайым, **жүрегімді тазарта гөр,**
Рухымды берік қылып, жаңарта гөр.*

– Забур 50:3-12

*Құрбандық шалуымды қаламай тұрсың,
Өртеу құрбандығын да ұнатпай тұрсың,
Әйтпесе оларды ұсынар да едім.
Ал Құдайға ұнамды сый, құрбандық —
Күнәсіне шынымен өкінген рух.
Шын опық жеп, бағынған жүрекке Сен
Теріс қарамайсың, уа, Құдай Ием.*

– Забур 50:18-19

Дәуіт Құдайдан таза жүрек, күнәсіне шын өкінген рух және тәубеге келген жүрек беруін сұрайды. Сайып келгенде, Дәуіт жүрегінің қайтадан сезімтал болғанын қалайтынын айтады. Дәуіт ар-ұжданын тыңдаса, ешқашан қиындыққа тап болмас еді. Сондықтан есіңізде болсын, егер сіз ар-ұжданыңызбен ерегісетін болсаңыз, жүрегіңізді қасарыстырасыз, сөйтіп, келесі жолы ар-ұжданыңыздың үнін өшіру оңайырақ болады. Осы жолдан қайтпасаңыз, бара-бара Құдайдың дауысын естуден мүлде қаласыз.

Ар-ұждан — Құдайдың дауысын есту жолдарының бірі ғана. Әрине,

Киелі Рух бізбен тікелей сөйлесіп, нұсқау мен ақыл-кеңес береді. Жоғарыда айтқанымдай, Киелі Рухтың мені қатал дауыспен де, сондай-ақ сабырлы да бәсең дауыспен түзеткенін естідім. Сонымен қатар, Киелі Рух түстер мен аяндар арқылы сөйлейді, ол жайында келесі тарауда сөз болады. Ал бұл тарауда біз Құдайдың дауысын естігіміз келсе, ар-ұжданымызды айыптаулардан тазартуымыз керек және жұмсақ әрі сезімтал күйін сақтау үшін тез тәубе етіп, теріс жолдан қайтуымыз керек екенін білдік!

10 ТАРАУ

АЯНДАР МЕН ТҮСТЕР

Ұйқымнан селт етіп ояным да, төсекке отырып, Дрендаға:

– Сен қыз балаға жүктісің! – дедім.

Бес баламыз бар, Құдай тек біреуінің ғана жынысын алдын ала айтты. Бұл біздің төртінші баламыз Полли болатын. Менің ойымша, бұл оны сақтап қалу үшін жасалды, өйткені Дренда алты айлық жүкті кезінде біздің отбасымыз жол апатына ұшырады. Екі жолақты жолда сағатына 90 шақырым жылдамдықпен келе жатқан жас жігіт дәл алдымызда тежеуді қатты басып қалды. Тоқтауға уақыт болмай, оның көлігіне соғылып қалдық. Ешқайсымыз қатты зардап шеккен жоқпыз, бірақ бәріміз ауруханаға бардық. Қауіпсіздік белбеуі Дренданың ішіне қатты батып, гематомалар пайда болды. Ол құрсақтағы баланы уайымдады. Алайда Құдай бізге Полли туралы айтқандықтан, жүрегімізде тыныштық болды және Поллидің зардап шекпегеніне сенімді болдық, шынында да солай болатын.

Полли туралы айтатын болсақ, оның тұрмысқа шығып, тұңғыш баласына жүкті болғаны есімде. Дренда екеуіміз іссапармен шетелге шығуға мәжбүр болдық. Өкінішке орай, Поллидің босанатын мерзімі осы іссапардың дәл ортасына келді. Әрине, Дренда қызы босанарда жанында болмақ еді. Сондықтан біз бұл сапардан бас тартуды ойластыра бастадық. Мен бұл жайында біраз уақыт мінәжат еттім, сонда Киелі Рух босану мерзімінің дұрыс емес екенін және нәресте біз қайтып келетін күннің ертеңіне дүниеге келетінін айтты. Дрендаға

Жаратқан Иенің айтқанын жеткіздім де, екеуіміз жолға шықтық. Біз қайтып келгенде, дәл Иеміз көрсеткен күні Поллидің толғағы басталды. Келесі немереміз Айвори дәл уақытында дүниеге келді.

Осы мысалдардан Киелі Рухтың өміріміздегі мәселелер туралы бізге қалай сөйлейтінін көруге болады. Айта кететін бір жайт, Киелі Рухтың сөздері өз рухымыздан шығады. Бірақ Киелі Рухтың бізбен сөйлесетін басқа жолдары да бар, олардан да хабардар болуымыз керек.

Осылардан кейін Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын. Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, қарттарың түс, жас жігіттерің аян көреді. Сол күндері Мен тіпті құл-күндердің үстіне де Рухымды төгемін.

— Жоел 2:28, 29

Жоел пайғамбар Құдай Өзінің Рухын бүкіл адамзатқа төгетін күннің келетінін айтты. Біз қазір Жоел пайғамбар айтқан заманда өмір сүріп жатырмыз. Алғашқы өнім мейрамында Киелі Рух үйдің екінші қабатында жиналған, Құдайдың уәдесінің орындалуын күтіп жүрген сенушілерге қонды. Үстіңгі қабаттағылардың бәрі басқа тілдерде сөйлеп, Құдайды мадақтап жатқанын көрген халық оларды мас екен деп ойлап: «Бұл не?» — деп сұрады.

Сонда Петір өзге он бір елшімен бірге орнынан тұрып, қатты дауыспен халыққа былай деп сөйлеп кетті:

— Уа, халайық, яһудилер және Иерусалимде тұрып жатқан сендердің барлығың! Сендерге мұның мәнісін түсіндірейін, сөзіме құлақ түріңдер! Бұлар сендер ойлағандай ішіп алған емес, қазір уақыт таңертеңгі тоғыз ғой. Қайта, ежелде Жоел пайғамбар айтқан мына тәрізді сөздеренді орындалып жатыр: Осы заманның аяғында Мен өз Рухымды бүкіл адамзаттың үстіне құямын, — дейді Құдай. — Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, жас жігіттерің аян, қарттарың

түс көреді. Сол күндері Мен тіпті құл-күңдерімнің үстіне Киелі Рухымды төгемін. Сонда олар да пайғамбарлық сөз айтады.

– Елшілердің істері 2:14-18

Түстер мен аяндар Киелі Рухтың бізбен сөйлесуінің өте үлкен бір бөлігі болып табылады. Неліктен Киелі Рух кейде бәсең дауыспен, кейде түс арқылы сөйлейтінін білмеймін. Меніңше, жауаптың бір бөлігі біздің жұмысбастылығымызда жатыр. Біз үндемесек, Ол біздің назарымызды аудара алады. Немесе, бәлкім, дүрбелең мен абыржуға ұшырағандығымыздан, немесе жағдайымыздың тым қиындығынан бәсең, сабырлы дауысты есту қиынға соғады. Киелі Рух жай ғана хабарды түсінгенімізге көз жеткізгісі келеді. Өйткені, жүз рет естігеннен бір рет көрген артық. Қандай себеп болса да, түстер мен аяндар үшін Құдайға алғыс айтамын. Түстер мен аяндар ұқсас. Екеуі де біз көретін бейнелер, жалғыз айырмашылығы, аян – ояу кезімізде көретін бейнелер, ал түс – ұйықтап жатқанда көретін бейнелер.

Аяндарға келетін болсақ, мен бірнеше рет қана аян көрдім. Оларды мен ашық көріністер деп атар едім, яғни ояу кезімде көрдім. Аян – көз алдымда болып жатқан шынайы оқиға тәрізді көрініс. 19 жасымда уағыздауға шақырылған кезімде Құдай аян берді, өмірімдегі ең маңызды аян сол. Бір ай бұрын Киелі Рухқа кенелген болатынмын. Әрине, мұның бәрі мен үшін жаңалық болды, өйткені, мен барып жүрген қауымда Киелі Рух туралы көп айтыла қоймайтын.

Туған күнім болатын, достарыммен бірге жайлы дастархан басында жиналды. Ас алдында дұға еттік, кенеттен Киелі Рухтың келгенін қатты сезіндім. Тағы да қайталаймын, мұндай нәрселерде тәжірибем аз болса да, Киелі Рухқа шомылғаннан кейін, Киелі Рухтың келуі қандай болатынын білдім. Сол кезде мен не істерімді білмей, үстелден шығуға рұқсат сұрадым да, сыртқы есік дәл артымда болғандықтан ашық аспан астына шықтым.

Көшеге шыққанымда Құдайдың құзыры одан бетер күшейді, мен ашық аян көрдім, яғни, қазір айналамдағы заттарды қалай көріп

отырсам, дәл солай анық көрдім. Шағын мінберде тұрып, залдағы адамдармен сөйлесіп тұр екенмін. Бөлмеде барлығы жиналмалы орындықтарда отырған 35-40 адам бар. Түн мезгілі екенін түсіндім, өйткені терезелерден сыртта мүлде қараңғы екені көрініп тұрды. Сол кезде бір дауыс «Мен сені Сөзімді уағыздауға шақырамын» деді. Үш рет осылай қайталанды да, көрініс те, майлану да жоғалып кетті. Үйге қайтып келгенімде, достарым не болғанын сұрады, «Меніңше, Құдай мені уағыздауға шақырды!» — деп жауап бердім.

Сол күні кешке үйге оралып, болған жайтты әкеме айтқаным есімде. Оның айтуынша, уағызшылар жақсы ақша таппайды. Әкем осыдан басқа сөз айтпады. Ол кезде мәсіхші емес еді, Құдайға шүкір, әкем 80 жасында Исаға келді, қазір ол кісі көкте.

Киелі Рухтың маған аян беруінің негізгі себебі менің жастығым деп ойлаймын. Ол Өзіне қызмет еткенім үшін қуғын-сүргінге ұшырайтынымды және алдағы сапар үшін маған зәкір керек екенін білді. Шынында да, сол аян осы жылдар бойы көз алдыма қайтып келе береді.

Тағы бір аян көргенім есімде. Ескі фермадағы үйімізде тұрған кезіміз. Біз осы ескі, қираған үйде тоғыз жылға жуық өмір сүрдік, сол жылдарымыз ауыр кедейлікте өтті. Бірақ Құдай Патшалығының заңдарын біле бастағанымызда, өркендей бастадық және қарыздан толығымен құтылдық.

Дәл сол кезде Құдай мені уағыздауға шақырған кездегі 19 жасымда көрген аянымды орындады. Дәл сол кезде, уағыздауға шақырылғанымнан 21 жыл кейін, Құдай маған қауым ашуды бұйырды. Оған дейін мен колледжде оқып, 21 жыл қаржы саласында жұмыс істедім. Ал енді, 40 жасымда Құдай маған әрекет етіп, өз қауымымды ашуды бұйырды.

Мәсіхшілік радиостанцияның жертөлесінде қауым аштық, сонда алғаш рет бас қосқанымызда, бәрі Құдайдың маған 21 жыл бұрын берген аянымен сәйкес келді. Сол бірінші жиналысымызда мен аянымда көрген жиналмалы орындықтарда отырған адамдарды

және күннің мезгіліне қарай қараңғыланған терезелерді көрдім. Сол бір шағын мінберді де көрдім.

Дренда екеуіміз өз қауымымызды ашып, Құдай Патшалығының заңдарын басқаларға үйрете бастадық, қуанышымыздың зор болғаны сондай, қайда тұратынымыз маңызды емес-ті. Ерте ме, кеш пе, фермадан кетуімізге тура келетінін білдік, өйткені, ондағы үйіміз бес баласы бар отбасы үшін тар бола бастады. Дегенмен, назарымыз гүлденген кәсібіміз бен қауымымызда, біз бәрібір бақытты болдық.

Бір күні қауымнан үйге келіп, қонақ бөлмедегі диванға отырдым. Кенет айналамдағы заттардың барлығы ғайып болды, мен отырған бөлме көз алдымда, бірақ енді ішінде бірде-бір жиһаз жоқ. Мен жаңа ғана кірген есік асханаға қарай ашылды, мен отырған диван осы есікке қарсы тұрды. Мен қонақ бөлмедегі отырған орнымнан асхананы көрдім. Қонақ бөлме ғана емес, асхана да бос болып шықты. Көрініс небәрі бес секундқа созылды, көз алдымдағы бейнелерге қарап отырып, бұл үйден кететін уақытымыз келгенін білдім. Көрініс біткенде, дереу Дрендаға не болғанын айтып, кететін уақыт келгенін айттым.

Тағы да, бұл жағдайда аян Құдайдың жоспарын жеткізу, оны түсіндіру үшін қолданылды деп есептеймін. Жұмыс пен қызметке көп көңіл бөліп жүрген біз басқа үйге көшуді кешіктіре берер едік. Бірақ аянда шұғыл қажеттілік болды: «Кететін уақыт келді!!!» Шұғылдың не екенін кейін ғана түсіндік. Біз ферма үйін тоғыз жыл бойы жалдадық. Және сол ауданда көптен жоспарланған тұрғын үй құрылысы басталғанда көшуге тура келетінін білдік, бірақ бұл қашан болатынын ешкім білмеді.

Қысқасы, Құдай бізді жаңа үйіміз салынып жатқан әсем өлкеге бағыттады. Үйімізді бір-екі жылда асықпай салып шығамыз деп жоспарлаған болатынбыз. Алайда жаңа үйді салып жатқанымызға жарты жылдай уақыт өткенде, үй иесі телефон соғып, бір айдан кейін шағын фермадан көшуіміз керектігін айтты. Біз оған жаңа үй салып жатқанымызды айтып, мерзімді екі-үш айға ұзартуды сұрадық, ол келісті, бірақ осы мерзімнен ұзартпайтынын ескертті.

Сонымен, құрылысты тездеттік те, берілген мерзімнің соңында жаңа үйге көшіп үлгердік. Құдай алдын-ала ескертіп, асықтырмаған болса, біз осы уақыт аралығында тағы бірнеше рет көшіп-қонуға мәжбүр болар едік, ал бұл қиындық тұдырар еді.

Осы кітаптың басында айтылған, өмірімді өзгерткен көгілдір нұр да Құдайдан келген аян болғаны сөзсіз. Бұл жолы болашағымның бейнесін көрмедім, дегенмен, мен көк нұрда отырып, Киелі Рухтың мені халықтарға шақырған сөздерін анық естідім.

Осы тәрізді аяндар тағы бірнеше рет болды. Бірақ Құдайдың түс арқылы аян бергені одан да жиі болды. Албанияға сапар шегерімнің алдында, бір апта бұрын, алдағы сапар туралы түс көрдім. Ол кезде мен қазіргідей көп саяхаттаған емеспін және Құдай менімен сол күні сөйлескенге дейін саяхатқа деген қызығушылығым да болған емес.

Сол алғашқы сапарымнан бір апта бұрын түс көрдім. Түсімде дәрігердің кабинетінде, науқастарды қарауға арналған үстелде жатыр екенмін, бөлмеге медбике кіріп, қан алу керек екенін айтты. Ол қан алмақ болып, қолымды алды. Қанды ортаңғы саусағымнан алғанына таң қалдым.

Түсімде жер бетінен кетерімнің алдында әр саусағымнан қан алынатынын білдім. Киелі Кітап мектебінде бес саусақтың қауымдағы бес түрлі қызметті бейнелейтінін білген едім: бас бармақ — елші, сұқ саусақ — пайғамбар, ортаңғы саусақ — Ізгі Хабар таратушы, сақина саусақ — бағушы, шынашақ — бағушымен бірге жұмыс істейтін тәлімгер.

Сондықтан, медбикенің айтқанын түсіндім. Мен өмірімде, ең болмағанда өмірімнің бір сәтінде әр қызметте болатынымды білдім. Әрине, мен бағушымын әрі тәлімгермін, сонымен қатар, Құдай Патшалығы мен қаржыға қатысты қауымға арналған пайғамбарлық сөзді жеткізуші екенімді де білемін. Албанияда болғанымда, Иса мені осы қызметке шақырды. Түсімде медбике ортаңғы саусағыма ине шаншыды, Албания халқына Ізгі Хабарды таратушы ретінде жіберілгенімді түсіндім. Ал елші ретінде енді ғана әрекет етіп, елшілік қызметке кіре бастадым.

Қалай болғанда да, түсімде ортаңғы саусағыма ине шаншып алған соң медбике дұға еткен баладай екі алақанын біріктіріп, маған қарап, «мінәжат ет» деген сөзді айтты. Ол мұны дауыстап емес, сөйлеуге болмайтын жерде айтатындай, ернімен ғана айтты. Осы түстен мен Албанияға Ізгі Хабар таратушы ретінде жіберілгенімді және осы сапар үшін дұға ету керектігін түсіндім.

Құдайдың түс арқылы аян беруі көп болды, барлығын айтып шығу мүмкін емес, бірақ сол түстерімнің Киелі Рухтың дауысы екені анық. Түн сайын дерлік түс көріп, көрген түстерін жорып жүретін адамдарды білемін, олар сондай «рухани». Меніңше, түстің барлығы аян емес. Рухани болып көрінгісі келетін кейбір адамдар өз қиялдарына еріп, мақтаныш сезімін оятуға мүмкіндік береді. Дегенмен, мен түстерді соншалық жиі көрмеймін. Бір жылдың ішінде Құдай маған төрт-он екі рет түс арқылы аян береді. Сол түстерімнің Құдайдан екенін білемін. Әрине, бұдан жиі де, сирек те болуы мүмкін. Меніңше, неше рет түс көргеніңіз маңызды емес. Олардан нақты не түйгеніңіз маңызды.

Құдай маған сегіз жыл жұмыс істеген қаржы компаниясын тастап, адамдарға қарыздан құтылуға көмектесу үшін өз компаниямды ашуды бұйырған кезде өмірімді өзгерткен түс көрдім. Сол түсім сөзсіз маңызды болды.

Сондай-ақ ескерту түстер де бар. Құдайдың тосын бір түс арқылы аян бергені есімде. Мен оны миссиямызда қаржы жетіспей, қаржылық қысымға ұшыраған кезде көрдім. Түсімде ұйықтайын деп, төсегімде жатыр екенмін. Жатын бөлменің есігі ашық, дәліз жақтан (түсімде) бәсең бір дыбыс естілді, есікке қарадым. Сол жерде мен бойы үш жарым футтай кішкентай жынның ақша толы қапшықты сүйреп келе жатқанын көрдім. Аяз атаның сөмкесі сияқты көрінді. Қапшық жынның артынан, еденмен сүйретіліп келеді. Жын үйден шығатын жаққа қарай жүрмеді. Мен оның үйдің үшінші қабатына көтерілгенін естідім. Оянып, осы түс туралы ойлана бастағанымда, Құдайдың маған ақшаның ұрланғанын немесе жоғалғанын көрсетпек екенін түсіндім.

Бір қызығы, мен түсімде қапшықтағы ақшаның мөлшері туралы түсінік алдым. 25 000 доллар деп ойлағаным есімде. Мен сондай-ақ жын үйден шықпай, ақшаны жай ғана жоғары алып кеткендіктен, ақшаны ұрлаған немесе мақсатсыз пайдалануға рұқсат берген адам немесе адамдар үйдің бір бөлігі екенін сезіндім, ал үй дегенде мен өз ұжымымызды меңзедім. Ендеше, ертеңіне бірінші істегенім – көмекшіме хабарласып, қаржы бөліміндегі есеп жүргізетін қағаздарымызды тексеруін өтіндім. Тексеру барысында

**ҚҰДАЙ ТҮСТЕРДІ СІЗГЕ
СТРАТЕГИЯ БЕРУ ҮШІН ДЕ
ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ.**

есепке алынбаған көптеген қажетсіз шығындарды анықтадық. Осы артық шығындардың барлығын қосқанда, олар айына шамамен \$25 000 болды. Біз ешкімнің ұрлық жасамағанын, бірақ немқұрайлылық салдарынан ақшаның ысырап болғанын және шығынды қысқартып, ақша үнемдеуге болатынын анықтадық. Сол уақытта бізге бұл ақша өте қажет еді, өйткені жағдай өте шиеленіскен болатын.

Құдай түстерді сізге стратегия беру үшін де пайдалана алады. Өткен 2018 жылы мен өте қарапайым түс көрдім, онда мен тек «Кемелерді шақырыңдар» деген сөздерді естідім. Естігенімді дәптеріме жазып қойдым, бірақ оның не екенін түсіне алмадым. Мен бұл туралы Иемізден сұрауды жалғастырдым және түсімде айтылған сөз жайында Дрендадан басқа ешкімге айтпадым. Қаңтар айында өткен ерлер жиналысында мен жылдағы мақсаттарымды айттым. Соның бірі – елімізді түгел қамтитын шағын топтар ұйымдастыру жоспары еді, оны бірнеше жыл бойы қолға алып келе жатқан едім, бірақ оны биыл жүзеге асыру қажет деп есептедім. Жиналыстан кейін жігіттердің бірі жаныма келді. Құдайдан келген сөзді айтпақ екен, бірақ өзін аздап ақымақ сезінетінін айтты, сөзінің соңында ол: «Иеміз сені троялық Елена сияқты деп айтты» деді. Мен оның не туралы айтып тұрғанын түсінбедім, сондықтан ол маған не айтқысы келетінін түсіндіре бастады. Мен одан маған жеке айтқан сөздерін қайталайтын хат жіберуін өтіндім. Міне, сол жігіттің хаты.

Спарта патшасы Менелай троялықтардан әйелі Еленаны құтқару үшін 1000 кеме жіберуді бұйырды. «Мың кемеңі суға түсірген адам» – кең тараған сөз тіркесі, Троялық Еленаны меңзейді.

2019 жылы, қаңтардың 30-ы, сәрсенбі күні бағушы Апекстегі ерлер жиналысында сөйлеген кезде, Иеміз ол кісіні Троялық Еленаға теңеді. Патша өз жұбайын құтқару үшін 1000 кемеңі суға түсіргендей, адасқандарды, сенімін, отбасын, қаржысын жоғалтқандарды құтқару үшін, біздің Патшамыз да көптеген кемелерін жібереді.

*Оған қызмет етуші,
Аарон*

Бір күннен кейін ол маған тағы хат жіберді.

Бағушы.

Троялық Еленаны құтқару оқиғасына әскери көзқарасымды баяндап бермекпін. Көптеген адамдар үшін бұл жоғалған әйелін трояндықтардан құтқару үшін 1000 кеме жіберген патшаның оқиғасы. Бірақ әскери ой-өрісі бар адам үшін бұл – «"Троялық Елена" операциясы» деп аталатын жауынгерлік іс-шара. Әрбір жауынгерлік іс-шараға операциялық атау беріледі. Мысалы, Усама бен Ладеннің тұрағын басып алу операциясын SEAL 6 тобы «Нептунның найзасы» деп атады. Мен «Алға, Майк», «Элвис Маршалл» және «Санта-Клаус» сияқты көркем атаулары бар операцияларға қатыстым.

Жауынгерлік іс-қимылдарға оларды анықтауды жеңілдету немесе оны ұйымдастыруға және өткізуге жауаптыларды, операция түрін нақтылау үшін әскери операциялық атаулар беріледі. Жаратқан Ие сізді Троялық Елена сияқты деп айтқан кезде, менің әскери ойым оны былай түсіндірді:

Гэри бағушы Троялық Елена операциясын ұйымдастырмақ, бұл жоғалғандарды, сенімнен айырылғандарды, отбасын, қаржысын жоғалтқандарды құтқару үшін 1000 кемеңі жіберу миссиясы.

Сонымен қатар, мен 1000 кемеңі жіберу туралы естігенде, әр кемеңі жабдықтау үшін қажетті әскер саны, қолдау көрсететін персонал, оқыту, логистика және әкімшілік процестер туралы ойлаймын. Бұл күштерді басқаруға және бұл әскерді Құдай Патшалығы үшін жорыққа жіберуге сізден артық ешкім жоқ. Сіз бізді осы сәтке дайындау үшін талай жылыңызды жұмсадыңыз. Отбасым және мен Мәсіхтің Денесінің қалған бөлігі кемелердің жабдықталуын асыға күтетініне сенімдіміз.

Оған қызмет етуші,

Аарон

Аарон Әскери-теңіз күштерінің жауынгері болды және әскер құрамындағы 21 жыл ішінде 9 жауынгерлік операцияда қызмет етті. Оның өмірі Айқыштың күшімен түбегейлі өзгерген еді. Аарон Жаратқан Иенің маған кемелерді шақыру туралы айтқанынан бейхабар. Бірақ оның «білімге толы сөзінің» арқасында мен, шынында да, Құдайды естігеніме сенімді болдым және бұл сөз Құдайдың жолына түсуіме көмектесті. Біздің мақсатымыз – Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды тарату үшін бүкіл ел бойынша 1000 шағын топ құру. Егер сіз осы армияның бір бөлігі болғыңыз келсе, Garykeese.com веб-сайтым арқылы маған хабарласыңыз.

Ойымды түсіндіңіз деп ойлаймын. Түстер – Құдайдың Өз халқымен сөйлесуінің бір жолы, бағыт, стратегия, ескерту және жұбаныш беру тәсілі.

Құдай стратегияның бағытын анықтауға көмектесетін тағы бір әдіс қолданады. Осы тарауды аяқтамас бұрын сол әдіс жайлы айтпақпын,

бұл пайғамбарлық дарыны. Аарон менің жаңа бастамама қатысты Киелі Рухтан келетін білімге толы сөз алды. Білімге толы сөз дегеніміз – аты айтып тұрғандай, білімге толы сөз. Бұл Құдайдың Рухы арқылы сізге берілген білім, оны сіз өзіңіз біле алмайсыз. Білімге толы сөз Қорынттықтарға арналған 1-хаттың 12-ші тарауында Киелі Рухтың тоғыз сыйының бірі ретінде айтылады. Мен бұл кітапта осы рухани дарындарды терең қарастырмаймын, бірақ олардың бірі — пайғамбарлық сөз туралы айтқым келеді.

Көптеген адамдар бұл дарынды дұрыс түсінбегендіктен өмірде адасты, сондықтан мен бұл туралы айтуды қажет деп санаймын. «Пайғамбарлық» деген сөзді естігенде, көбінесе ойға саусағын шошайтып, «Сен Африкаға баруың керек» немесе «Сен бағушы болуға шақырылдың» деген сияқты сөздерді айтатын пайғамбарлар келеді. Бұл екі мәлімдеме де шынайы пайғамбарлықтың дәл көрінісі болуы мүмкін, бірақ олар мүлдем қате болуы да ықтимал. Мұның бәрі сіздің оларды қалай ұққаныңызға байланысты. Егер бұл мәлімдемелер нақты бағыттау деп түсінсеңіз, олардың екеуі де қате болады, бірақ олар алған бағытыңызды растауға арналған мәлімдеме ретінде қабылданса, дұрыс болуы мүмкін. Пауыл елші пайғамбарлықтың мақсатын былай деп түсіндіреді.

«Ал Құдайдың хабарын жеткізуші адамдарға арнап сөйлеп, оларды нығайтып, жігерлендіріп, жұбатады» (1 Қор. 14:3).

Болды. Сіз пайғамбарлық сөз арқылы бағыт-бағдар табасыз деген жоқ, бірақ көптеген адамдар пайғамбарлық сөз арқылы өмірдегі, қызметтегі бағытын тапқысы келеді.

Алайда, Пауылдың айтуынша, пайғамбарлық сөз бағыт бермейді, тек бағытымызды растайды. Жоғарыдан тұылған сәтімізден бастап, Киелі Рух жүрегіңізге

**«АЛ ҚҰДАЙДЫҢ ХАБАРЫН
ЖЕТКІЗУШІ АДАМДАРҒА
АРНАП СӨЙЛЕП,
ОЛАРДЫ НЫҒАЙТЫП,
ЖІГЕРЛЕНДІРІП,
ЖҰБАТАДЫ».**

– 1 ҚОРИНТТЫҚТАРҒА 14:3

сөйлеп, не істеуіңіз керек екенін айтады. Сізге Иса үшін не істеуге шақырылғаныңызды айту үшін адам қажет емес. Бірақ пайғамбарлық сөз өзіңіз іштей білетін нәрсені растай алады.

Мәселен, мен айтқан мәлімдемені алайық: «Сіз Африкаға баруыңыз керек». Бұл туралы Киелі Рух сізге бұрын айтқан болса және онысын осындай сөз арқылы растайтын болса, бұл пайғамбарлық сөздің нақты үлгісі болуы мүмкін. Бірақ егер сіз Африкаға бару туралы бұрын-соңды ойламаған болсаңыз және оны бірінші рет естіп тұрсаңыз, онда бұл Жаңа Өсиеттегі пайғамбарлық сөздің шынайы үлгісі емес.

Кейбір адамдардың айтатыны – нағыз ақымақтық. Мәсіхшілер маған келіп: «Бүгінгі жиналыста Құдай маған сөйлеп, өркендеуім керектігін айтты», – дейді. Шын мәнінде, сізге бұл сөзді біреудің айтуының қажеті жоқ; бізге бұл туралы Киелі Кітап анық айтады. Мен сенушілердің басқалардан өздеріне арналған сөзі бар ма деп сұрайтынын естимін. Сізге Құдайдың сөзін айтатын адам керек емес! Жүрегіңіздегі Киелі Рух сізбен сөйлеседі. Құдай сізді жігерлендіру үшін білетініңізді растайтын пайғамбарлық сөз бере алады, бірақ сізді бағыттау үшін емес.

Осындай жағдай менің өмірімде де болды. Дрендамен кездесіп жүрген кезіміз. Қалыңдығымның әке-шешесі Джорджияда тұратын. Сол кісілердің алдынан өтіп, үйленуімізге рұқсат алмақ болдым. Джорджияға барғанымызда, Дренданың қауымына баруды жоспарладым. Сол кезде маған қаржылық қызметте жұмыс ұсынылды, мен оған ұзақ уақыт қарсы болдым. 19 жасымда уағыздауға шақырылған болатынмын және колледжді жаңа бітіріп, Көне Өсиет маманының дипломын алып шыққан едім. Соған қарамастан, қаржы саласындағы жұмыс ұсынылғанда, ұсынысты қабылдауға өзімді міндетті сезіндім. Не істерімді білмей абдырап жүрген кезім.

Джорджиядағы қауымда жексенбі күні таңертеңгі қызметтен кейін маған бейтаныс, бірақ Дрендаға белгілі бір әйел жанымызға

келіп, маған арналған пайғамбарлық сөзі бар екенін айтты. Ол: «Сіз жұмыс ұсынысын қарастырып жүрсіз. Бұл жұмыстың мынадай 10 аспектілері бар...» деді де, жаңа жұмыстағы міндеттерімнің барлығын нақты тізіп берді. Ол: «Ұсынысты қабылдауыңыз керек, бұл Құдайдың ұсынысы» деді. Өзім де сол шешімге бет бұрған едім, тек неге екенін түсінбей жүргем. Осы әйелдің пайғамбарлық сөзі маған жұбаныш пен жігер берді, Құдайдың көрсеткен бағытын растады. Тағы да қайталап айтқым келеді, жүрегіңіздегі Киелі Рух сізге бағыт-бағдар беріп, кеңесшіңіз болады.

11 ТАРАУ

КИЕЛІ РУХ МЕНІҢ БАСТЫҒЫМ СИЯҚТЫ

Қауымымызда адам саны әлі аз болып тұрғанда, арамызда жұмысқа мұқтаж бір отбасы болды. Олар тамаша отбасы болатын және қауымға көмектесуге әрқашан дайын. Бірақ кейде ақшадан тарылып жүргендері байқалатын. Бір күні отағасы тағы да жұмыссыз қалды, оларға көмектеспек болдым. Үйімізді салып жатқанбыз, барлық электр жұмыстарын өзім жасайтынмын. Әлгі кісі электрик екен, қаражаттары таусылып, тамақ алып жеуге да ақшалары болмай қалыпты. Сондықтан, салынып жатқан үйімнің электр жұмыстарына ақша тапсын деген ниетпен сол кісіні шақырдым. Ол келіп, мен тапсырған электр жұмыстарын өте сапалы жасап шықты.

Бір айдан кейін бұл жігіт маған қоңырау шалды. Мен үшін дұға ету үшін бірнеше адам болып жиналыпты. «Не жайында мінәжет етпексіңдер?» деп сұрадым. Ол қауымда біраз нәрсені өзгерту керек екенін және сол мәселелерді талқылап, 10 тармақтан тұратын тізім жасағандарын айтты. Тізімдегі бірінші мәселе – менің үйім тым үлкен. Ол маған осындай үй алуым үшін қауым қанша төлейтінін сұрады. Қауымның маған бір тиын да төлемейтінін, қауымнан жалақы алмайтынымды айттым. Осы сөздерімнен кейін біраз үнсіздік орнады. Сосын ол: «Қауым сізге жалақы бермейді ме?» деп сұрады. «Иә, солай», – деп жауап бердім. Ақыры: «Жарайды, бірақ төлегені дұрыс шығар» дегенше тағы да үнсіздік орнады. Әңгіме осымен аяқталды.

Шамамен бір аптадан кейін бір компанияда сол жігітке лайық жұмыс бар екенін естіп, хабар бердім. Ол барып, өтініш беріп, жұмысқа тұрды. Осы кезде оның жанұясы үйінен шығарылғалы тұрғанын ұмытпаңыз. Сондықтан, жұмыстың бірінші аптасынан кейін ол қауымға келіп, жұмыстан кететінін айтқан кезде, мен шошып кеттім. «Жұмыстан шығасың ба? Неге?» Оның айтуынша, жұма күні түстен кейін апта сайынғы жиналыстан кейін басшысы еден оған сыпыруды тапсырыпты. Ол бұл жұмысқа еден сыпыру үшін кірмегенін айтып, жұмыстан шығып кетіпті. Өз құлағымға өзім сене алмадым. Бұл жігіт өмірде біраз қиналады-ау деп ойладым. Мен бұл жігіттің әйелін үнемі аяйтынмын. Олар көп ұзамай қауымды тастап кетті, сондықтан әрі қарай не болғанын білмеймін. Дегенмен, болжауларым көбінесе дәл келеді. Тәкаппар мінезі мен жұмыс істегісі келмейтінін біле отырып, оның түйіндемесінде жұмыс туралы жазбалар көп, олардың көпшілігі қысқа мерзімді болатынын болжау қиын емес. Оның әл-ауқаты артпайды, табысы негізінен отбасының тамағынан артылмайтын болады. Мені дұрыс түсініңіз. Адамдар өзгереді, ол жігіт те өз игілігі үшін өзгерді деп үміттенемін. Бірақ сол кездегі бағыты дұрыс емес-ті. Өйткені, ол Құдайдың дауысын елемеді.

«Құдайдың қандай дауысы туралы айтып тұрсың?» деп сұрайтын шығарсыз. Әлгі жігіт те дәл осылай сұрайтын еді, өйткені сол кезде ол да мүлде бейхабар болатын. Бірақ ол Құдайдың сенушілерді баулып, тағдырына дайындаудың негізгі әдістерінің бірін елеусіз қалдырды. Ол – мойынсұнуды үйрену. Осы тараудың тақырыбы сізге оғаш көрінуі мүмкін екенін білемін. Менің бастығымның Киелі Рухқа қандай қатысы бар? Бұл тарауда сіз Киелі Рухты есту қабілетіңізге бастығыңыздың көп қатысы бар екенін білесіз!

Осынау маңызды тақырыпты зерттеуді Матай жазған Ізгі Хабардан бастағым келеді.

Иса Қапарнаум қаласына кіргенде, бір римдік жүзбасы алдына келіп:

— Мырза, қызметшім үйде сал болып қатты қиналып

жатыр, — деген өтініш жасады.

— Жарайды, барып сауықтырайын, — деп жауап берді Иса.

Ал римдік жүзбасы:

— Мырза, мен Сіздің шаңырағымның астына келуіңізге лайық емеспін. Тек бір сөз айтсаңыз болды, қызметшім сауығып кетеді. Мұны білемін, себебі мен де біреудің қол астындамын, өзіме бағынышты жасақшыларым да бар. Біреуіне: «Бар!» десем, барады, басқасына: «Кел!» десем, келеді, қызметшіме: «Мынаны істе!» дегенімде, ол соны орындайды, — деді.

Мұны естіген Иса қайран қалып, соңынан еріп келе жатқан халыққа қарап: — Шын айтамын, Маған осындай сенім артқан кісі Исраил халқынан ешқашан кездескен емес!

— Матай 8:5-10

Неліктен бұл адам Исаның науқасты сауықтыра алатынына нық сенді? Бұл сұраққа өзі жауап береді. «Себебі мен де біреудің қол астындамын, өзіме бағынышты жасақшыларым да бар. Біреуіне: «Бар!» десем, барады, басқасына: «Кел!» десем, келеді, қызметшіме: «Мынаны істе!» дегенімде, ол соны орындайды, — деді». Себебі ол биліктің жүзеге қалай асатынын білетін. Өзі билікке қалай бағынышты болса, қарамағындағылар да оған солай бағынды. Шындығында, бастығының сөзі ол үшін Цезарьдың дауысымен бірдей еді. Сондай-ақ, оның да өз қызметшілеріне бұйрық берген дауысы Цезарьдың дауысымен бірдей екенін түсінді. Билік осылай жүзеге асады. Римдік жүзбасы мойынсұну дегеннің не екенін жақсы білетін адам, бұл мәселенің шешілуі үшін Исаның жай ғана бұйрық бергені жеткілікті екенін түсінді. Бар керегі – Исаның аузынан шыққан сөз. Егер ол қызметшісіне әлденені бұйырса, қызметші орындайды. Бұл анық нәрсе. Мына ақиқатты көңіліңізге тоқып алыңыз:

ӨЗІҢІЗ БИЛІККЕ МОЙЫНСҰНҒАНДА ҒАНА, БИЛІККЕ ИЕ БОЛА АЛАСЫЗ!

Егер шайтан беделді тұлғаларға деген барлық құрметті жойып, әркім өз қалауынша әрекет етіп, қалаған нәрсесін қалаған уақытында жасай алатынына сендіре алса, онда әлем хаос пен жойылуға ұшырайды. Осылайша ол Едем бағында Хауа ананы «Құдай ... шынымен айтты ма?» деп азғырған еді. Бұл планетадағы әрбір адам біреуге немесе тіпті бірнеше адамға бағынады. Кімнің қол астында екеніңізді анық білсеңіз, кімді тыңдап, кімді тыңдамау керектігін де білесіз. Алайда, бүгінде жұрттың бәрі ешкімге бағынбай, билікке ие болғысы келеді, ал бұл мүмкін емес.

Жақында бір мердігермен сөйлестім, ол жұмыскерлерінің

КІМНІҢ ҚОЛ АСТЫНДА
ЕКЕНІҢІЗДІ АНЫҚ
БІЛСЕҢІЗ, КІМДІ
ТЫҢДАП, КІМДІ
ТЫҢДАМАУ КЕРЕКТІГІН
ДЕ БІЛЕСІЗ.

табысынан салық пен сақтандыру жарналарын төлемеу үшін айлықты қолма-қол ақшамен беретінін айтты. Мұның немен бітетіні айтпаса да, белгілі. Бір күні жұмысшы жарақат алып, мүгедектігі бойынша жәрдемақы алуға өтініш береді, содан кейін бастығының міндетті

өтемақы бағдарламасы бойынша оған ақша төлемегенін біліп, мердігерді сотқа береді, себебі ол заңды түрде мүгедектік бойынша жәрдемақы алуы тиіс. Қауым ғимаратын салған бірнеше мердігермен дәл осындай оқиға болған.

Өткен аптада бір әйелмен сөйлестім, ол бағушысы болғанын қажет деп санамайды екен; Киелі Рухпен қарым-қатынасы жеткілікті көрінеді. Шын ба? Ол әйелдің Исаға барып, осы жөнінде сөйлескені дұрыс, өйткені бағушыларды тағайындап, Ефестіктерге арналған хаттың 4-тарауында айтылғандай, жергілікті қауымды ұйымдастырған Исаның Өзі болатын. Әлгі әйел Исаға мойынсұнса, Ол орнатқан билікке бағынады. Алайда, ол Исаға мойынсұнбайды, өз бетімен жүргісі келеді. Сірә, осының салдарынан ол алдаудың құрбаны болып, қиындықтарға тап болады.

Жақында саудада жұмыс істейтін бір адаммен сөйлестім, ол өзінің жеке сауда компаниясын құрып, бұлай істемейтіні туралы келісімге қол қойғанына қарамастан, барлық клиенттерін бұрын жұмыс істеген компаниядан алып кетті. Осындай әрекет табысқа жеткізеді деп ойлай ма? Мұның аты – ұрлық!

Киелі Рухтың табиғаттан тыс кереметтері сипатталған басқа тараулармен салыстырғанда бұл тарауды ұната қоймассыз, бірақ егер осы тарауды дұрыс түсінбесеңіз, қалғанының бәрін ұмытып кетуіңіз мүмкін, өйткені Құдай осы тарауда айтылған ақиқаттардың орындалуына көп мән береді.

Бір күні қауымдағы мінәжаттан кейін бір әйел келіп, менің оған неге сөз бермегенімді көзіне жас алып тұрып сұрады. Қайран қалдым! Оны неге міндетті түрде мінәжат жүргізуге шақыруым керек, өмірінің мән-мағынасы көпшіліктің назарынан тыс қалмауда ма, әлде? Әрине, ол сөзге құлақ асса, мен оған неге сөз бермегенімді айтар едім. Бұл әйел күйеуін құрметтемейтін, күйеуінің рухани кемшіліктерін бітпейтін бір отырыстарда үнемі айтып жүретін. Сондықтан мен оны мінәжат жүргізуге шақырмадым. Оның наразылығынан өзін басқаларға қарағанда, руханиятты санайтыны, басқаларға да бұл пікірін мойындатқысы келетіні көрініп қалды. Олай болса, бұл әйел билікті құрметтемейді және сонысымен қауіпті.

Сізге бір сұрақ қойғым келеді. Өзіңіз қалаған жерге, армандарыңыз орындалатын жерге баруға қабілеттісіз бе, соған біліктілігіңіз жетеді ме? Егер мен сіздің бағушыңыздан немесе бастығыңыздан сіз туралы шынайы пікірі қандай екенін сұрасам, ол не айтар еді? Мойынсұну сынағынан өтпеген адамға билік берілмейді, осыны ұғып алғанымыз жөн. Мұны мен айтқан жоқпын, Иса айтты.

Кішкене істе сенімді болған үлкен істе де сенімді, ал кішкене істе сенімсіз болған үлкен істе де сенімсіз. Сондықтан, егер бұ дүниелік байлықтарың барда сенімді болмасаңдар, сендерге көктегі шынайы байлықты кім сеніп тапсырады? Және егер түпкілікті меншік болмайтын мал-мүліктеріңді

дұрыс қолданбасаңдар, мәңгі өздеріңдікі болатын байлықты сендерге кім табыс етпек?

– Лұқа 16:10–12

Сізге билікті сеніп тапсыруға бола ма? Бұл сұрақтың жауабы – сіздің мойынсұна білуіңізде.

Енді Киелі Кітаптағы бір оқиғаны қарастырайық. Ол сіздің өміріңіздегі табысқа үлкен әсер етуі мүмкін.

Філістірлер де Исраилге қарсы соғыс жасағын жинады: олардың үш мың соғыс күймесі, соларға мінетін алты мың жауынгері және теңіз жағалауындағы құм қиыршықтарындай сансыз жаяу жасақшылары болды. Олар аттанып келіп, Бет-Әбеннің шығыс жағындағы Миқмасқа орнығып алды. Исраилдің ер адамдары өз жағдайларының қиындағанын көрді. Жау жан-жақтан тықсырғандықтан, Исраилдің жасағы қашып кетіп, үңгірлер мен шатқалдарды, жартастардың қуыстарын, шұңқырлар мен жерастындағы су қоймаларын паналады. Кейбіреулері тіпті Иордан өзенінен өтіп, Ғад пен Ғилақад аймағына қашып құтылды.

Ал Саул әлі де Ғылғалда еді, жанындағы сарбаздарының бәрі қорыққаннан қалшылдап тұрды. Самуил өзіне айтқандай, Саул жеті күн күте тұрды. Бірақ Самуил Ғылғалға келіп болмаған соң, жасақ Саулдың қасынан бытырап кетіп жатты. Сонда Саул: «Шалып, өртеп ұсынуға арналған және басқа да құрбандық малдарды маған алып келіңдер!» — деп бұйырды. Содан ол өзі малдарды құрбандыққа шалып, Құдайға бағыштап өртеп жіберді.

– 1 Патшалықтар 13:5-9

Ал Самуилдің жауабы мынау болды:

— Сен өз Құдайың — Жаратқан Иенің берген бұйрығын орындамай үлкен ақымақтық жасадың! Осы бұйрықты орындағанда Жаратқан Ие сенің патшалығыңды мәңгілікке бекітер еді. Ал сен Жаратқан Иенің саған бұйырғанын жүзеге асырмадың. Енді патшалық етуің берік болмайды! Жаратқан Ие Өзінің көңілінен шыққан біреуді тауып алады. Сол адам Оның меншікті халқының басшысы болады.

– 1 Патшалықтар 13:13, 14

Саул билікке бағынбағандықтан жарамсыз болды. Демек, егер билікке бағынбасаңыз, сізге де билік берілмейді. Назарыңызды өте маңызды мәселеге аудармақпын. Жаратқан Ие көңілінен шығатын адамды табады. «Құдайдың көңілінен шыққан» деген сөз нені білдіреді?

Кейін оны тақтан түсіріп, халыққа Дәуіт пайғамбарды патшалыққа тағайындады. Құдай ол туралы мына тәрізді сөздер айтты: Мен көңілімнен шыққан адамды тауып алдым, ол — Есей ұлы Дәуіт. Сол Менің қалағанымның бәрін орындайтын болады.

– Елшілердің істері 13:22

Қай адамның «көңілінен шығатынын» Құдай қалай анықтайды? Сайып келгенде, бұл Құдай жек көретін нәрсені жек көретін және Құдай жақсы көретін нәрсені жақсы көретін адам, сол жағдайда Құдай не істесейтін болса, соны істейтін адам. Басқаша айтқанда, Құдай күнәні жек көрсе, ол да күнәні жек көреді. Құдай бір нәрсенің орындалуын қаласа, ол да соның орындалуын қалайды. Құдайдың көңілінен шығатындар – неғұрлым рухани дарынды адамдар деп ойлаймыз. Руханият дегеніміз ғибадаттың баяу әуені деп есептейміз. Бірақ Құдай нағыз рухани ғибадаттың мойынсұнуда екенін анық айтады.

*Бірақ Самуилдің жауабы мынау болды:
— Жаратқан Иеге шын ұнайтын —
Құрбандық пен басқа сый-тарту ма,
Әлде Оған мойынсұнып, тілін алу ма?!
Мойынсұну Оған артық сый-тарту атаулыдан,
Еркіне бағыну қошқар майынан ұнамды Оған!*

— 1 Патшалықтар 15:22, 23

Ендеше тағы да айта кетейін, Құдайдың дауысы сіздің бастығыңыздың дауысындай естіледі! Атың көпшілікке мәлім болмай тұрғанда, Құдай билікке деген көзқарасыңды тексеруге мүмкіндік береді. Көптеген адамдар бұл қағиданың қалай жұмыс істейтінін түсінбейді. Олар өздерінің жарты күн істейтін қарапайым жұмысын әлдебір маңызды нәрсе деп санамайды; ондай жұмыста тұрған маңызды ештеңе жоқ. Бірақ олардың білмейтіні - олар субъективті бағынуға, өз қалаулары мен мақсаттарына сүйене отырып, бір нәрсе бағынуға лайық па деп өз стандарттары бойынша баға беруге дағдыланған. Кішігірім қосымша жұмысты алған сәтіңізде сенімді ақтап, өз кәсібін істеп жүрген адамдай еңбектене бастайсыз. Мұндай

**ЕНДЕШЕ ТАҒЫ ДА АЙТА
КЕТЕЙІН, ҚҰДАЙДЫҢ
ДАУЫСЫ СІЗДІҢ
БАСТЫҒЫҢЫЗДЫҢ
ДАУЫСЫНДАЙ ЕСТІЛЕДІ!**

нәрселерге көзқарас көбінесе басқа болады. Адамдардың көбі өздеріне үлкен мақсаттар қояды. Ал әлгіндей азын-аулақ ақша үшін қосымша жұмыс істеуді ұсақ-түйек нәрсе деп қарастырады. Бұл дұрыс емес!

Ұсақ-түйек жұмыс деген жоқ. Шағын жұмыс жоқ. Дәуіттің қой бағуы аса маңызы жоқ, қарапайым жұмысы еді. Бірақ Дәуіттің өзі үшін бұл жұмысы өмірінің маңызды кезеңіне айналды; ол сол қойларды қорғау үшін кем дегенде екі рет басын қатерге тіккен еді. Яғни, өзіне артылған сенімге үлкен жауапкершілікпен қарады. Оның кім екенін ешкім білмесе де, Құдай білген! Ал Құдай оның қай уақытта қайда екенін нақты білетін.

Құдай сіздің қайда екеніңізді және билікке қалай қарайтыныңызды біледі. Сөздің түйіні мынау: көзің көрген адамға бағынбасаң, көзге көрінбейтін Құдайға қалай бағынбақсың? Көптеген адамдарда масылдық көзқарас, құрбан психологиясы қалыптасқан: не болса да, мен емес, басқа біреу кінәлі. Бәріне бастық немесе үкімет кінәлі дейді, күнкөрісіне ғана жетерліктей еңбектенеді, мәжбүрлесе ғана жұмыс істейді. Олар әдетте орындаушы менталитетіне ие және өз бетімен ойлаудың орнына, не істеу керектігін оларға басқа біреу айту керек. Көп жылғы құлдық бұғауларын тастаған Исраил ұрпақтары бостандыққа шыққанына қарамастан, құлдық санадан арылмады. Уәде етілген жердің алпауыттарымен бетпе-бет келгенде, құлдық сана олардың түбіне жетер еді. Құдай оларды нысаналы жерге жеткенге дейін табысты өмір сүруге дайындауы керек еді, яғни, саналары жаңаруы тиіс болатын. Өзіңізге уәде етілген жерге жеткенше Ол сізді де дайындауда. Ол жер – сіздің тағдырыңыз. Сонымен, Жаратқан Ие Исраил халқының санасын жаңарта алды ма?

Жаратқан Ие сендерді мойынсұндыру үшін кейде аштыққа душар етті. Адам тек нанмен ғана емес, Жаратқан Иенің аузынан шыққан әрбір сөзімен де өмір сүреді дегенді үйрету үшін Ол сендерді өздерің де, ата-бабаларың да бұрын татып көрмеген тәтті нанмен (маннамен) қоректендірді.

– Заңды қайталау 8:3

Жаратқан Ие кейін игілікті өмір сүре алуларың үшін сендерді Өзіне мойынсұндыру әрі сынақтан өткізу мақсатымен ата-бабаларың татып көрмеген тәтті нанды (маннаны) сендерге айдалада тамақ етіп берді.

– Заңды қайталау 8:16

Құдай олардың тәкаппарлығын басты, яғни оларды тәуелді күйге түсіріп, көмекке мұқтаж етті. Олар өздеріне емес, Құдайға сенуді үйренуі керек еді. Алдарында тамақ тауып жеуден әлдеқайда

маңызды оқиғалар күтіп тұр еді. Алда алпауыттар мен биік қорғанды қалалар бар, егер Құдайдың қай қиындықтан да құдіретті екеніне көздері жетпесе, үрейге бой алдырар еді.

Сонымен қатар, олар ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, өз бетінше дұрыс таңдау жасауды үйренуі керек болды. Бүгінде мен ата-аналардың баласының жүрегіне емес, сырт көзге тәртіпті болуына көбірек көңіл бөлетінін көріп жүрмін, бұл үлкен қателік. Мысалы, балаға бөлмесін ретке келтіру тапсырылды дейік. Ол есікті тарс еткізіп, бөлмесін жинауға кіріседі. Бөлме жиналды, бірақ тапсырма кішіпейіл емес, бүлікшіл жүрекпен орындалды. Баласымен дос болғысы келетін ата-ана таза бөлмені көріп, баласын мақтайды. Дұрыс емес. Бала сырттай бағынды, бірақ іштей емес. Мойынсұну – жүректің қызметі. Ата-ана баласының жанында өмір бойы болмайды. Яғни, баланы дұрыс таңдау жасауға мәжбүрлейтін адам болмайды. Ата-ана қамқорлығын тоқтатқанда, баланың еркі өзіне тиеді. Оның жүрегінде не бар екені сонда ашылады. Дәл осы кезде көптеген ата-аналар баланың қиыншылыққа ұшырап жатқанын біліп, абдырап қалады, кішкентай Джонни әрқашан жақсы бала болғанын, ал колледжге түскенде немесе өз бетінше өмір сүре бастағанда оның мінез-құлқының кілт өзгергеніне таң қалады.

Киелі Кітапта Құдай Исраилді сынауды жоспарлағаны, бұл сынақтардың мақсаты – халықтың игілігі екені айтылады. Біз де осы туралы айтып отырмыз. Баланың көңілінен шығуды көбірек ойлайтын ата-анадан айырмашылығы, Құдай баланың ұзақ мерзімді әл-ауқатына қамқорлық жасайды. Ол созылмалы мінез-құлқыға айналмай тұрып, жүректегі бүлікшіліктің жас өскіндерін жұлып тастамақ. Құдай тағала оларды сынамақшы деген сөздің мағынасы осы. Мойынсұну керек болғанда, жүректің тереңінде жатқан нәрселер жарыққа шығады, сонда Құдай оларды түзете алады.

Мойынсұну сынағынан әркім өтуге тиіс! Ендеше, бүгінде, сенушілер иен даланы кезбейтін заманда, Құдай біздің мінезімізді қалай шыңдайды? Кішіпейіл болуды үйреніп, тағы бір сатыға көтерілу үшін Иеміздің дауысын қалай ести аламыз? Құдайдың Саул туралы

не айтқаны есіңізде ме? Мойынсұну құрбандық шалудан, Құдайға әкелінетін сый-тарту атаулыдан артық деген жоқ па? Қауымдағы сырт көзге көрінер ғибадатыңыз есепке алынбайды. Құдай сізге билікті сеніп тапсыра ала ма? Ол қайдан басталады? Үйіңізден.

Балалар, Иеміздің еркіне мойынсұнып, әке-шешелеріңнің тілін алыңдар, өйткені осылай істегендерің дұрыс. «Ата-анаңды сыйла!» Бұл, Құдайдың бір уәдемен байланыстырып берген алғашқы өсиеті: «Сонда жерде игілікті де ұзақ өмір сүретін боласың».

– Ефестіктерге 6:1-3

Неліктен ата-анаға мойынсұну ұзақ өмірге және өмірдегі сәттілікке әкелуі мүмкін? Құдай сізге мойынсұну үшін ұпай береді ме? Жоқ, бірақ өміріңде билігі бар ата-анасын сыйлап, құрметтеуді үйренген адам, Құдайды құрметтеп, дәріптейді. Егер өміріңіздегі Құдайдың билігін құрметтесеңіз, Оған мойынсұнасыз, сонда сізде бәрі жақсы болады. Жас шағыңда, ата-анаңның қамқорлығында жүргеніңде, ата-анаңның айтқанын Құдайдың дауысы деп қабылдаған жөн.

Билікке мойынсұнуды үйренудің тағы бір жолы – қоғамдағы билікке бағыну. Сіздің бастығыңыз, бағушыңыз, полиция және үкімет Құдайдың бізге мойынсұнуды бұйырған билігінің мысалы болып табылады.

Біздің қауымда үнемі шағымданатын, өз мәселелері туралы айта беретін бір отбасы болған. Олар үйлерінен айырылуға шақ қалған, үйдің құжаттарын реттеп, қарыздарынан құтылу үшін оларға 10 000 доллар қажет болды. Бұл отбасы өз жағдайын қауымдағы ондаған адамдарға айтты. Соңында бір отбасы оларға көмектесуге бел буып, 10 000 доллар берді. Бірақ бірнеше айдан кейін олар бұрынғы күйіне оралып, үйінен айырылды. Екеуі де жұмыссыз жүрген бұл жұппен кездесіп, сөйлестім. Мен оларға ойларындағыдай жұмыстабылғанша, қарап отырмай, қолдан келген әрекетін жасай беруді ұсындым. Олар қаладағы көп мейрамханалардың бірінен жұмыс таба алар еді, бірақ

олар мұндай жұмысты өздеріне лайық көрмейтінін айтты. Олардың мәселесі қаржыда емес, билік пен жауапкершілікті дұрыс түсінуде екені анық. Белгілі бір себептермен олар өз өмірлеріне өздері жауапты екенін және бұл мәселені шешуге барлық күш-жігерін салу керектігін түсінбеді.

Рик Реннер есімді досым біреуді жұмысқа алмас бұрын көлігін көруді өтінетінін және кейде үйіне шақырусыз кіріп келетінін айтады. Көлігін күтпеген адам заттарын да ретке келтірмейтіні анық. Сондықтан, уақыт өте, оның кеңсесі де көлігінің кебін киеді.

Иен даладағы сынақ кезеңі менің де өмірімде болды. Құдай санамда билікке деген немқұрайлы көзқарастың қалыптасуына жол бермеді, соған өте қуаныштымын. Жаратқан Ие мені кішіпейілділікке баулып, Өзінің тапсырмасын орындауға дайындау үшін сынады.

Қаражаттан әбден тарылған кезіміз есімде, ол кезде біз фермадағы үйде тұратынбыз. Бақытымызға орай, үлкен инвестициялық келісім алдым. Енді әрқашан кештетіп төлеп жүрген төлемдерімді мезгілінде өтеп шыға аламын. Бірақ чек уақытында келмеді, сондықтан менде басқа бір банктен чек ашу және одан негізгі шотыма қысқа чек салу туралы тамаша идея пайда болды. Ертеңіне есепшотыма ақша түседі де, жаңа банктегі қамтамасыз етілмеген чекті жабамын деп үміттендім. Бірақ ақша екі апта бойы келмеді! Күн сайын мен банкерімнің бірінде басқа расталмаған чек келгенге дейін қысқаша чек жазып жүрдім. Екі аптаның ішінде банк алдындағы борышым 2000 доллардан асты, өйткені мен азық-түлік сатып алуым керек болды. Осы уақыт аралығында сома өсе берді.

Бір күні таңертең банк менеджері қоңырау шалды, оның алғашқы сөзі: «Киси мырза, мен сіздің не істеп жүргеніңізді білемін және сіздің шотыңызды жабамын. Бұл шотты жабу үшін сіз ақша әкелуіңіз керек және сіз енді ешқашан біздің банктен шот аша алмайсыз». Мен ұсталдым! Ең сорақысы, менің чектерімнің шетінде Киелі Жазбадан алынған аяттар жазылған еді, банк менеджеріне Ізгі Хабарды айтқан болатынмын. Құдайға шүкір, дәл сол күні ақша келді де, банкке барып,

қарызымды жаптым. Бірақ әуелі банк менеджерінің кеңсесіне кіріп, кінәмді мойындауыма тура келді, Құдайды кінәламауын өтіндім, бұл менің өз ісім және нағыз ақымақтық екенін айттым.

Бизнестегі алғашқы жылдары аймақтық вице-президентімнің дәрістерін тыңдап, кәсіптің қыр-сырын үйрендім. Бірде ол менің сату құжаттарымды қарап шығып, бланкілердің бірінде клиенттің қолтаңбасын алмағанымды байқады. Ол: «Ештеңе етпейді, оны жарыққа ұстап тұрып, басқа құжаттардағы қолтаңбаны астына қойып, бастырып ал, – деді ол, – олар бұл өнімді алуды шешті ғой, және басқа құжаттардың бәріне қол қойды». Мен солай жасадым. Бір айға жуық уақыттан кейін клиентімнің адвокаты маған телефон соғып, клиент қолма-қол ақша алу үшін банк құжатына оның қолтаңбасын өзім қолдан жасап бергенім үшін 100 000 АҚШ долларын өндіріп алғанын айтты. Бұл сома 5000 долларға дейін төмендетілді, өйткені негізгі жауапкершілік менің аймақтық вице-президентіме жүктелді, ол кісі жұмыстан босатылды.

Алайда, сабақ алуым үшін бір оқиға жеткіліксіз болды! Менің компаниямдағы жаңа жұмыскерлердің бірі сақтандыру емтиханын тапсыруы керек еді, ал оқу материалын сатып алуға ақшасы болмады, сондықтан мен материалдарды көшіріп бердім. Ол болса, емтихан өткен жерде сол қағаздарды қалдырып кетіпті. Авторлық құқықты бұзғаным туралы сотқа шағым түсірген заңгерден тағы қоңырау алдым. Ол кезде салық басқармасына баратын жолды бес саусағымдай білетінмін. Салық төлемдерінің мерзімін үнемі өткізіп алып, айыппұл төлеп жүретін едім. Енді, осының бәрі есіме түскенде, көңілімде неше түрлі сезімдер туындап отыр. Құдай мені жауапкершілікке баулып, үйреткен кезі еді. Ол бір күні менің қолымнан миллиондаған доллар өтетін уақыт келерін біліп, сол кезде-ақ кінәмді жазасыз қалдырмады. Сол үшін Құдайға шүкір!

Промоутерім – Құдайдың Өзі екенін, және Ол менің іс-әрекетіме тек тиімділік тұрғысынан қарамайтынын білуім керек еді. Ұстанымдарымның қаншалықты берік екенін де тексеру керек болды. Құдай сіздің бастығыңыз сияқты дейтінім де сол. Сіздің бастығыңыз

- сізді келесі тапсырмаға дайындайтын және сізді бағындыратын Құдайдың құралы. Осы сынақтан өте аласыз ба?

*Шығыс, батыс не айдаладан келген
Ешкім басқаны жоғарылатпас шынымен,
Себебі сотты Құдайдың Өзі жүргізеді,
Ол біреуді түсіріп, басқаны көтереді.*

– Забур 74:7,8

Кезінде әрбір жаза қуаныш емес, реніш туғызады. Ал соны басынан өткізіп тәрбиеленгенге ол кейінірек әділдік пен тыныштықтың игілікті жемісін береді.

– Еврейлерге 12:11

Басыбайлы қызметшілер, Мәсікке мойынсұнғандай, жер бетіндегі қожайындарыңа да шын жүректен мойынсұнып, жамандық жасаудан шошыныңдар! Айтқандарын тек көңілдерінен шығу үшін, олар сендерді бақылап тұрғанда ғана емес, ұдайы жан-тәндеріңмен орындай беріңдер! Осылай Құдайдың еркін Мәсіхтің қызметшісі ретінде іске асырыңдар! Сөйтіп қызметтеріңді адамға емес, Иемізге арнағандай ынтамен атқарыңдар. Мейлі басыбайлы, мейлі ерікті болсын, әркімнің істеген игі істерінің лайықты сыйын Иемізден алатынын біліп қойыңдар.

Ал сендер, қожайындар, қызметшілеріңе осылай қарап, қатаңдықты жұмсартыңдар! Көкте олардың да, өздеріңнің де Қожайындарыңның бар екенін білесіңдер. Ол ешкімнің бет-жүзіне қарамайды.

– Ефестіктерге 6:5-9

Шын жүректен мойынсұнып, жамандық жасаудан шошыныңдар!

Міне, сіздің басшыңызға деген көзқарасыңыз осындай болуы керек. Пауыл сіздің бастыққа мойынсұнуыңызды Құдайдың еркін орындауға теңейді. Таң қалдыңыз ба? Мен қайран қалдым!

Сонымен, Құдайдың дауысы қандай? Бастықтың дауысындай!

БҰЛ СЫНАҚ!

Осы зерттеуді аяқтай отырып, сізге шабыт пен жігер бердім деп ойлаймын. Киелі Рух – өмірдегі таңғажайып серіктесіміз, Ол сізді ешқашан тастап кетпеуге уәде берген. Осы кітаптағы баға жетпес ақиқаттарды сіздермен бөлісу мен үшін зор мәртебе болды.

– Гэри Киси

Қарыздан құтылу және қауіпсіз инвестициялау туралы қосымша ақпарат алу үшін 1-(800)-815-0818 телефоны бойынша менің Forward Financial Group атты компанияма хабарласуға болады.

Құдай Патшалығы туралы қосымша ақпарат алу үшін FaithLifeNow.com сайтына кіріңіз.

Faith Life қауымы туралы ақпаратты FaithLifeChurch.org сайтынан таба аласыз.

12 ТАРАУ

КИЕЛІ РУХПЕН ШОМЫЛДЫРЫЛУ ҮШІН ҚАЛАЙ МІНӘЖАТ ЕТУ КЕРЕК

Құдайдан не алсақ та, оны Құдайдың айтқанына сену арқылы қабылдаймыз. Бөтен тілдер дарынын да тура солай ала аламыз. Киелі Рухпен шомылдырылу үшін дұға етпес бұрын, оған қатысты осы кітапа келтірілген Жазба үзінділерін міндетті түрде зерттеп шығыңыз. Бөтен тілдер – сіз үшін Құдайдың еркі екеніне көз жеткізуіңіз және сұрақтарыңызға жауап алуыңыз керек. Киелі Рухтың шомылдырылуы сізге арналғанына сенімді болғаныңызда, былай сиыныңыз:

«Әке, құдіретті Рухыңмен мені шомылдыруыңды сұраймын. Мен оны ҚАЗІР, Сенің Сөзіңе сәйкес, Рухпен мінәжат ету қабілетімен бірге қабылдаймын. Мұны Мәсіхтің атынан және сенің даңқың үшін сұраймын! Әумин».

Сиынғанда ерекше бір сезім немесе көрініс күтудің керегі жоқ. Дұға еткенде бөтен тілдерді қабылдайтыныңызға сеніп, Құдай Сөзінде берік тұрыңыз. Сұрап, қабылдағаныңыздан кейін, Құдайды мадақтап, Ол уәде еткендей, сізді Рухымен майлағаны үшін алғыс айта бастаңыз.

Мінәжат еткенде, не де болсын, оны дәл сұраған кезде қабылдайсыз. Осыған сеніңіз. Сұрағаныңыздың дәлелін көргенде емес, сиынғанда қабылдағағыңызда күмән болмасын. Сіздің дәлеліңіз — Құдайдың Сөзі.

*«Құдайға сиынып (Оның еркіне сай) не сұрасаңдар да, соны қабылдадық деп сеніңдер! Сонда ол орындалмақ»
(Марқа 11:24).*

Құдай Рухы бөтен тілде еркін сиына алуы үшін дұғадан кейін Құдайға ғибадат етуге уақыт бөліңіз. Тілімізді қимылдататын — Құдай емес, өзіміз! Бөтен тілде сөйлеуге сіз ашық болуыңыз керек. Әдетте дұға еткенде немесе Құдайдың Рухын сезінгенде, адамдар іштей толқуды немесе тығыздықты сезінеді.

Мадақтауды жалғастырып, Құдайдың Рухына бағыныңыз. Рухыңыздан шыққан әртүрлі дыбыстарды немесе бөлек буындарды сезіне бастайсыз. Бұл дыбыстарды тежемей, өзіңізге еркіндік беріңіз. Мұны істегенде, Құдай Рухының ағыны мен босатылып шығуы күшейеді.

Егер қандай да бір себептен бірден бөтен тілде сиына алмасаңыз, уайымдамаңыз. Дарынды сенім арқылы қабылдадыңыз, сондықтан Құдайға Оның майланғаны үшін алғыс айта беріңіз. Адамдар Киелі Рухпен шомылдырылу үшін мінәжат еткеннен кейін қауым жиналысынан үйге қайтып, жолда, келесі күні таңертең душта немесе бірнеше күннен кейін үйлерінде шаруаларын істеп жүргенде Рухпен дұға ете бастағанын көрдім. Бастысы сезіммен емес, сеніммен қабылдау.

Рухпен дұға етуді өміріңіздің күнделікті бір бөлігіне айналдырыңыз және қуатты сиыну әдетін дамытыңыз. Құдай сізбен сөйлесіп, барлық сұрақтарыңызға жауап береді! Киелі Рухпен дұға етуге уақыт табатыныңызға және ішіңіздегі Құдай Патшалығының жарылқауын көретініңізге сенемін!

СІЛТЕМЕЛЕР

¹ Джаред Дублин «Тұтқындағы жанкүйер Дез Брайанттың Пакерлерге қарсы доп ұстағанын есептемегені үшін NFL-ді 88 миллиард долларға сотқа берді», 2015 жыл, 23 қаңтар. <https://www.cbssports.com/nfl/news/jailed-fan-suing-nfl-for-88-billion-over-dez-bryant-non-catch-vs-packers/>.

² <http://www.dictionary.reference.com/browse/Edified?s=t>.

³ Лин Эдвардс, «Психологтар сәбилер алты айынан бастап жақсылық пен жамандықты ажырата алады дейді», 2010 жыл, 10 мамыр, <https://medicalxpress.com/news/2010-05-psychologists-babies-wrong-months.html>.

**«Сенің қаржылық революцияң»
топтамасындағы
Гэри Кисидің басқа кітаптары**

Келісімнің құдіреті

Тыныштықтың құдіреті

Қамсыздандырудың құдіреті

Жомарттықтың құдіреті

FLNFree.com сайтынан
өз тіліңіздегі
көп тегін сабақтарды
жүктеп ала аласыз!



Өз тіліңізде ТЕГІН оқу ресурстарын алғыңыз келеді ме?
FLNFree.com сайтын ашыңыз

СЕНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯҢ

Стратегияның күдіреті

Өмір маңызды шешімдерге толы.

Қандай үй сатып алу керектігін, кімге тұрмысқа шығу керектігін немесе қандай жұмысқа тұру керектігін қалай білеміз?

Табысты болғыңыз келсе, сізге стратегия қажет. Бірақ маңызды сұрақтарға жауабыңыз болмаса, стратегияны қайдан аласыз?

Құдайдың сырлары сізден емес, сіз үшін жасырылған.

Құдай қажетті жауаптарды білуіңізді қалайды — сол себепті Ол сізге құпия қаруды берді!

«Сенің қаржылық революцияң» сериясының үшінші кітабында Гэри Киси табысының негізін және Құдай Патшалығының ЕҢ МАҢЫЗДЫ құпиясын ашады. Ол – стратегияның күдіреті! Ауын қайда салатынын білсе, кез-келген адам балық ұстай алады. Құдайдың сізге қажет жауаптары бар, ал сіз бұл жауаптарды қалай естуге болатынын және оларды өміріңізде қалай қолдану керектігін білуіңіз керек. Бұл кітап дәл осы туралы.

Гэримен бірге осы қызықты саяхатқа түсіңіз және өміріңізде стратегияның күдіретін қалай жүзеге асыруға болатынын біліңіз!



ГЭРИ КИСИ – бірнеше кітаптың авторы, спикер, кәсіпкер, қаржылық сарапшы, бағушы, сенушілерге өмірдің әр саласында, әсіресе, сенім, отбасылық қарым-қатынас және қаржы салаларында жеңіске жетуге көмектесіп жүрген адам. Гэри жұбайы Дрендамен бірлесіп бірнеше табысты компания құрды. Сонымен қатар, Дренда мен Гэри – «Faith Life Now» қызметінің негізін қалаушылар. Бұл қызмет «Қаржы мәселесінің шешілуі» және «Дренда» атты телебағдарламаларды шығарады, дүние жүзі бойынша конференциялар өткізеді, көптеген ресурстарды қолжетімді етеді. Гэри Киси жұбайы Дрендамен бірге Огайо штатындағы Колумбус қаласының маңындағы «Faith Life» қауымында бағушы болып қызмет етеді.

GKM GARY KEESEE
MINISTRIES

garykeese.com